

# АБАЙ МУЗЕЙІНІҢ



№1-2(33)  
2025



# ХАБАРИШЫСЫ

ғылыми-танымдық журнал

|                                                          |  |                                     |          |
|----------------------------------------------------------|--|-------------------------------------|----------|
| 2010 жылдан<br>шыға бастады                              |  | <b>АБАЙ МУЗЕЙІНІҢ<br/>ХАБАРШЫСЫ</b> | 1-2 (33) |
| Жылына<br>4 рет шығады                                   |  | <b>ВЕСТНИК МУЗЕЯ АБАЯ</b>           | 2025     |
| Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі |  |                                     |          |

Абай музейінің хабаршысы, 2025, № 1-2 (33)

**БАС РЕДАКТОР:**

**САҒАДИЕВ Ұлан Болатұлы**

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығының директоры

**БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:**

**ҚАЙРАМБАЕВА Мейрамгүл Сейітжапарқызы**

Абай музей-қорығы директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

**ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР:**

**ЕЛЕКЕНОВА Раушан Әлиханқызы**

Абай қорық-музейінің ғылыми хатшысы

Журнал редакциясының мекенжайы:

180000, Абай облысы, Семей қаласы,

Қайым Мұхамедханов көшесі, 29 үй

Тел.: 8 (7222) 32-17-01

<http://www.abay-museum.kz>





Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың  
Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай  
өткен салтанатты іс-шараға қатысушыларға арналған құттықтауы  
2025 жылғы 10 тамыз

Қадірлі қауым!

Сіздерді Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуымен құттықтаймын!

Абай – төл мәдениетімізді дамытуға өлшеусіз үлес қосқан әлемдік деңгейдегі  
кеменгер тұлға, халқымыздың сана-сезімін жанғыртқан ұлы акын.

Ол жаңа әдебиетіміздің негізін қалап, дүниетанымымыздың көкжиегін  
кеңейтті. Өскелең ұрпақты білімпаз, еңбеккор, адал азамат болуға шақырып, ұлттың  
жаңа сапасын қалыптастыратын қасиеттерді кеңінен дәріптеді. Отанға деген  
сүйіспеншіліктің және ел мүддесі үшін қалтқысыз қызмет етудің озық үлгісін көрсетті.


Хәкім Абайдың мол мұрасы – қазақ халқының ғана емес, барша адамзаттың  
өнеге алатын асыл қазынасы. Оның ой-толғамдары мен өсиеттерінің өзектілігі  
ешқашан жоғалмайды. Сондықтан Абайды тану және таныту, шығармашылығын  
терең зерделеу өте маңызды. Бүгінгі салтанатты іс-шараның түпкі мәні де – осында.

Бұл өңір – Абаймен қатар Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов сынды  
ұлттың ұлы перзенттерін дүниеге әкелген киелі өлке. Мемлекет осы аймақты ұлттық  
құндылықтар мекені ретінде өркендетуге баса мән береді.


Ұлы ойшылдың өміршен өлеңдері мен қастерлі қара сөздері әлі талай ұрпаққа  
рухани азық болары анық.

Ұлы Абайдың аманатына адал болайық!

<https://www.akorda.kz/> сайтынан алынды



**БАЛАЕВА Аида Ғалымқызы**  
*Қазақстан Республикасы*  
*Мәдениет және ақпарат министрі*



### **ҚҰРМЕТТІ КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!**

Бүгінгі «Адамзаттың Абайы: руханият, парасат, таным» атты халықаралық ғылыми–тәжірибелік конференция мен «Абай. Уақыт. Өнер» атты республикалық көрмеге қош келдіңіздер!

Абай – халқымыздың рухани асыл мұрасы, мәңгілік тұлғасы. Оның даналығы мен көрегендігі, ұлттың санасын оятқан ойлары бүгінгі күннің де өзекті рухани бағдаршамына айналды.

Абай мұрасы – бүгінгі ұрпақ үшін мәңгілік тәрбие мектебі. Оны зерделеу, таныту әр азаматтың қасиетті парызы. Осы орайда бүгінгі конференция мен көрме қазақ халқының ұлы ойшылына, оның рухани мұрасына деген тағзымның жарқын көрінісі деп білемін.

Конференция аясында сөз болатын әрбір ғылыми баяндама, көрмеде ұсынылған әрбір өнер туындысы Абай тұлғасын заманауи тұрғыда тануға, ұлы ақын бейнесін жаңғыртып, ұрпақ санасына терең орнықтыруға мүмкіндік береді деп сенемін.

Баршаңызға шығармашылық табыс, жаңа идеялар мен жарқын жетістіктер тілеймін!



**САҒАДИЕВ Ұлан Болатұлы**

*Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік  
тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық  
музей-қорығының директоры*

## **ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**

Қолдарыңыздағы Абай музейі хабаршысының осы саны – Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік музей-қорығында Абай облысы әкімдігі мен Шәкәрім университетінің ұйымдастыруымен өткен «Адамзаттың Абайы: руханият, парасат, таным» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы хақында.

Биыл қазақ халқының ұлы перзенті, ойшыл ақын, ғұлама ғалым Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толып отыр. Бұл мерейлі дата – ұлт руханиятының, ғылым мен мәдениеттің мерекесі. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың: «Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады. Оны тану үшін оның өлеңдері мен қара сөздерінде айтылған ой-тұжырымдардың мән-маңызы ашылуы керек» деген сөзі осы шараның мәні мен мазмұнын айқындай түседі.

Абай музейі – ұлттың рухани жауһарларын сақтаушы, абайтанудың қасиетті ордасы. Мұнда ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты құнды жәдігерлермен қатар, оның айналасындағы Көкбай, Шәкәрім, Әріп сынды шәкірттерінің, сондай-ақ Мұхтар Әуезов бастаған ұлы тұлғалардың мұралары да қамтылған.

Қазіргі таңда музей қорында 22 мыңнан астам экспонат сақталған, олардың әрқайсысы қазақтың рухани тарихынан сыр шертеді.

Бүгінде музей ұлттың рухани жаңғыруына үлес қосып, еліміздегі жетекші ғылыми және жоғары оқу орындарымен өзара ынтымақтастық орнатып келеді. Шәкәрім университеті, ҚР ҰҒА М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Әл-Фараби және Л.Н.Гумилев атындағы ұлттық университеттермен жасалған бірлескен жобалар – осының айғағы.

Бұл конференция – осы рухани ынтымақтастықтың, ғылым мен мәдениеттің тоғысқан биік алаңы. Онда Абай мұрасының заманауи қырларын зерделеу, оның философиялық, эстетикалық және адамгершілік қағидаларын жаңаша пайымдау бағытындағы құнды ойлар тоғысқан.

Адамзаттың Абайы – тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл әлем жұртының ортақ рухани байлығы. Оның ойлары мен өсиеті – ұрпаққа бағытталған мәңгілік шамшырақ.

Абай мұрасын тану мен насихаттау – өткенге тағзым, бүгінге бағдар, ертеңге сенім. Сондықтан ақын мұрасын зерттеп, жас ұрпақтың бойына сіңіру – бәріміздің ортақ парызымыз.

Осы жинақ барша оқырманға ой салар рухани олжа, ғылыми ізденіске серпін берер еңбек болсын!

Абайдың нұры өшпейді, даналығы ұрпақ жүрегінде мәңгі жаңғырады!

**ҚАДІРМЕНДІ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ,  
АБАЙ МҰРАСЫН АРДАҚТАҒАН ӘЛЕУМЕТ!**

Бүгін біз географиялық қана емес, философиялық әрі рухани кеңістікте бас қосудамыз. Бұл кеңістіктегі бір ғана атау, ол – Абай!

Абайдың тұлға болып қалыптасуына, білім мен ізгілікке бет бұруына ықпал еткен қасиетті мекен Алаш астанасы – Семей шаһарына қош келдіңіздер!

Абай тойы – бұл тек бір ақынның мерейтойы емес, тұтас ұлттың ой-санасының, мәдениетінің, рухының мерекесі. Бұл – қазақ руханияты үшін ғана емес, бүкіл түркі әлемі мен жаһандық өркениет үшін елеулі тарихи белес. Өйткені Абай – өзінің терең ойымен, кемел парасатымен, адамзаттық құндылықтарды дәріптеген даналығымен әлемдік деңгейдегі ойшыл тұлға.

Бүгінгі конференциямыз – Абай мұрасын жаңа қырынан танып, оның рухани адамгершілік, философиялық, ағартушылық мұраларын заманауи көзқараспен бағамдай отырып, жастар тәрбиесінде, ұлттық идеологияны нығайтуда және ғылым мен білім жүйесінде қалай тиімді қолдануға болатынына ой қосудың алаңы.

Құрметті қауым! Бүгінгі игі басқосуымызға – қазақ руханиятының алтын бесігі саналатын Абай еліне отандық ғылымның беделді ғалымдары, мәртебелі қонақтар, Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов ұрпақтарының арнайы келіп, қатысып отырғанын зор мақтанышпен айта аламыз. Шәкәрім университетінің ғылыми алаңында еліміздің түкпір-түкпіріндегі іргелі жоғары оқу орындарының ректорлары, көрнекті ғалымдар арнайы қатысып отыр. Конференция барысында Абай шығармашылығының өзектілігі, қазіргі қоғамдағы рөлі, сондай-ақ оның әлемдік деңгейдегі идеялармен үндестігі кеңінен талқыланады деген сенемдеміз.

Баршанызға сәттілік, тың ой мен мазмұнды пікір алмасу тілеймін!

Рухани кемелдікке бастайтын Абай мұрасы мәңгілік болғай!



**ӘУБӘКІР Жандос Мағазбекұлы**

*Филология ғылымдарының кандидаты,*

*«Абай академиясы» ғылыми-зерттеу*

*институтының директоры*

## **ҚҰРМЕТТІ АБАЙТАНУШЫ ҒАЛЫМДАР, ЖЕРЛЕСТЕР, КОНФЕРЕНЦИЯ ҚОНАҚТАРЫ!**

Ең алдымен баршаңызды Хакім Абайдың 180 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!

Хакімнің тойы даңғазалық пен науқаншылдық, ысырапшылдық пен ынсапсыздықтың тойы емес, ақынға жасалған тағзым мен еліміздің тағылым алар мерейлі сәті екендігі ақиқат. Бүгінгі ғылыми бас қосуымыз еліміздің әдебиеті мен мәдениетінің, ғылымның, абайтану ілімінің жеткен жетістігін тағы да бір айқындар асыл өлшем ғана емес, болашақ бағдарымызды, келешек межемізді нақтылайтын кезең. Абай алдында бір есеп бере отырып, Хакім тағылымынан біз қандай өнеге алдық, ақын сөздерінен қалай нәтиже шығардық, қазіргі ұрпақ Абай сөзін қалай жалғастырмақ, осы бір дүниелердің жауабын іздеу және болашаққа деген бағдар жасау басты ұстанымымыз болмаққа керек.

Абайдың «Қалың елі, қайран жұрты – қазағы» бойындағы кемшіліктерді жойып, «бес нәрседен қашық, бес нәрсеге асық» болып, «ақыл, қайрат, жүректі» бірдей ұстап «толық адам» бола алды ма?! Ғылым-білімі дамыған, береке-бірлігі жарасқан ел қатарына жете алдық па?! Қазіргі таңда «Оқыған білер әр сөзді» дегендей ғылым-білімге қаншалықты ден қойдық? «Ғылым таппай мақтанбай, Өнер таппай баптанбай» жатырмыз ба?! «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» деп кітап құмарлығымыз артып, «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» тек білімге, ақылға, еңбекке сеніп жүрген болармыз. Қазіргі нарықтық заманда бос жатпай «Егіннің ебін, Сауданың тегін, Үйреніп ойлап, мал іздеп» жанталасуымыз қалай? «Ақыл тауып, мал тауып, адал жүрміз» бе?! «Адал болып – бай тауып, Адам болып – мал таптық» па?

Ең негізгісі «Өшпес өмір, таусылмас мал берелік» темірқазықтай жол көрсетер «білімді данышпанымыздан», «ақылын тегінге сатқан» Абайдан өнеге ала алдық па?!

Әрине осы сұрақтардың жауабы әрқайсымызды ойландырады сөзсіз!!!

Абай алдында, өзіміздің арымыздың алдында есеп берсек, біріміз төменге қарап қысыларымыз да, біріміз жалған мақтанға салынып, елеріп кетуіміз де мүмкін! Ақынымызды мерейлі кезеңде ғана жаппай іздей қалатын қасиетіміз де арымызға сын болары ақиқат.

Біз де өзімізше есеп берсек, бүгешектеп қалатын сәтіміз де, жеткен жетістігімізді айтар жетістігіміз де бар. Еуразия ұлттық университетіндегі «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты ашылған 5 жылдың ішінде Абай Құнанбайұлының өмір мен әдеби мұрасын зерттеу, насихаттау бағытында сүбелі үлесін қоса алды деп есептейміз.

Қазіргі таңға дейін, яғни 5 жылдың ішінде арнайы бағыттағы сериялармен 90 жаңа еңбекті жарыққа шығаруының өзі абайтану саласындағы ауқымды жұмыстардың ерекшелігі мен көлемін байқатады. Бұл «Абай академиясы» жұмыстарының бір ғана бағыты екендігін



айтқым келеді. Президент тапсырмасына орай еліміздегі өзге де Абайтану орталықтары институт төңірегіне топтасып, бірлескен зерттеу жұмыстарын жасауда.

Қадірменді ағайын, күн санап сан құбылған ғаламдық даму барысында, жылдам түрлі өзгерістерге ұшырап дамып келе алмағайып заманда руханияттың асқар шыңында Хакім сөзі темірқазық болып жарқырай берері сөзсіз. Абай – күн өткен сайын биіктей беретін асқар тау, тереңдей түсетін телегей теңіз, шексіз мұхит. Ал айдынын шалқар ететін – уақыт озған сайын жаңарып отыратын ұрпақтың зердесі.

Ұлттық идеологиямыздың төрінде де Абай мұрасы тұруы шарт. Ақын өлеңдері мен қарасөздеріндегі даналық ойлар, тағылымы мол ғибратты сөздер саналы ұрпақ сабақтастығы жалғасқан дәуірлерде маңызын еш жоймақ емес. Қазаққа ес кірмеді емес кірді, ары қарай да қаншалықты ес кіре берсе де, Абайдың өзі де, сөзі де ескірмейді, есесіне ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, жаңашылыққа жетелеп, қазақтың мәңгілік ел болуына үлкен септігін тигізері хақ!



**ЕСПЕНБЕТОВ Арап Сләмұлы**

*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,*

*Шәкәрім университетінің профессоры*

## **АБАЙ ЖӘНЕ АЛАШ**

Ұлы Абайға 180 жыл! Бүгінгі қарыштап дамып келе жатқан Қазақ Елінің атап өтерлік мерекесі. Халық рухының биіктер, қазақ жұртының мәре-сәре болар мерейлі мерекесі. Тек Қазақ Елі аумағында ғана емес, ұлы ойшылды құрмет тұтар алыс-жақындағы достарымыздың ортақ қуанышы.

Абай – кім? Заманының қуанышы мен күйінішін, тұрмысы мен әдет-ғұрпын, қандастарының қайғысы мен мұңын, халқының асыл мінезін, сонымен бірге оғаш қылықтарын жүрек түбінде саралап, қоршаған орта қабілетін барынша шынайы танытқан қайраткер. Бүгін бізде ғана емес, алыс-жақын шетелдерде де «Адамзаттың Абайы» ұғымы қалыптасты. Ахметше толғасақ «Қазақтың бас ақыны», Әлиханша әрлесек «Тағдырдың өзі сыйлаған сом алтын».

Абайды танудың ұзақ тарихы бар. XIX ғасырдың аяқ шені мен XX ғасыр басында ақын есімі атала бастады. Олар данышпанды тануда белгілі бір қызмет атқарғанымен, ғылыми-теориялық, әдістемелік толыққанды зерттеулер өткен ғасырдың отызыншы жылдарына тиесілі.

Бұл арада абайтанудың ғылыми-теориялық, әдістемелік ұстанымын негіздеген профессор М.О.Әуезов пен профессор Құдайберген Жұбанов зерттеулерін бөліп айту парыз.

«Біз қазақ әдебиетінің жұмбағы емес, айқын жүзді айдай игі бір нұры дейміз Абайды» дей келе, М.О.Әуезов: «Тегінде, Абай шығармаларының барлық қор, нәрі үлкен үш арнадан құралады. Бұның біріншісі, ең молы – қазақтың халық әдебиетінің мұра-тумалары, екіншісі – шығыс әдебиетінен келген және ең аз сезілетін белгілер, үшіншісі – Абайды мәдениетті, үлкен аңғарлы зор ақын етіп көрсететін батыс әдебиетінің үлгі, өрнектері». Абай шығармашылығы халықпен бірге жасайтындығына шек келтіре алмаймыз. Ендеше бұл ұстанымның үнемі бағдарымызда болары хақ.

Қ.Жұбанов тумысында тілші-ғалым бола тұра, әдебиеттің келелі мәселелеріне үңіліп, ұлттық музыкадағы күй жанрының пайда болуы, қазақ драма театрының жетістіктері, ұлт театрының түйткілді мәселелері хақында тосын ойларын ортаға салған еді. Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуына арналған мерекелік мәжілісте жасаған баяндамасы негізінде 1934 ж. «Әдебиет майданы» журналының 11-12 сандарында «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» мақаласын жариялады. Онда: «Қазақ әдебиетінің тарихындағы Абайдың ұстайтын орнын босағаға қарай ысырмалаушылар, оған да місе тұтпай, табалдырықтан шығарып тастаушылар, менің байқауымша, даусыз бір моментті ескермей жүр: ол өз тұсында, жалғыз қазақ ғана емес, басқа көршілес елдерден де, Абайдың әдебиеттегі үздіктігі», деп батыл әрі жаңа пікір білдірді. Абайды үстемшіл таптың ақыны емес, тұтас қазақ әдебиетінің алтын діңгегіне балады.

Онымен де шектелмей: «Абай – ойшыл ақын. Өлеңін пікір кернеп тұр. Оның сезімі ойшыл сезім. Бірақ оның ойы да – сезімшіл ой. Сондықтан Абай өлеңінің мазмұны түрін көрсетіп тұрады да, түрі мазмұнын көрсетіп тұрады. Абайдың тілінің сөздігі (лексикасы), грамматикасы,



Абай өлеңінің өлшеуі, ырғағы, ұйқасымы, Абай суретінің бейнесі – бәрі бірге қосылып та, жеке тұрып та негізгі тақырыптың күйіне билеп тұрады», – деп ақын поэтикасының тұтастық сипатын жан-жақты ашады. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарында елең еткізген жаңа тұжырым. Тарихтың ұзақ сонар соқпағына түсіп кетуден сақтанып, ордалы ойға оралайық.

Абай өзі өмір кешкен ортаны мейлінше терең, жан-жақты ашты. Сондықтан, біз, бүгін алаштық идеяның қордаланған мәйегі Абай шығармашылығында екенін жасқанбай, бар дауысымызбен айтуымыз керек. Кеңестік кезеңде Абай мен Алаш байланысын барынша жасырды, тіпті оларды бір-біріне қарсы қойды. Алаш ардагерлері Абайды жанындай сүйіп құрметтеді. Алаштықтардың басты қызметі ақын мұрасын насихаттауында, ғылыми зерттеуді мұрат етпеген.

Ә.Бөкейханның 1905 жылы азанама мақаласы, ұлы ақын өлеңдерін кітап етіп шығаруды Абай балаларына тапсыруы, ақырында С.-Петербургтегі И.Бораганский баспасынан шығаруға жол сілтеуі кездейсоқ емес-ті. Ұлылық сырларын бойлай ұғынғандығында.

Мәселен, А.Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» («Қазақ», 1913, 23 ноябрь; 30 ноябрь; 22 декабрь) мақаласы. 1909 жылы дүниеге келген жинақтың қазақ оқырманының сұранысына иеленбей отыруы қынжылтады. Немесе, М.Дулатұлының «Абай» («Қазақ», 1914, 23 июль) мақаласы Абайдың әдебиеттегі орнын, мұрасының маңыз қасиетін түсіндіруге арнаған. «Абай» мақаласындағы «Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылуы ықтимал, қазақтың жоғалуы қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей», – деп келетін Міржақып Дулатұлы аузымен айтылған толғам Алаш қайраткерлерінің ортақ ұстанымындай. Пайғамбарлық болжам таңғалдырып, таңдай қаққызбай қоймайды.

Семейде 1917-1919 жылдары «Сарыарқа» газеті шығып тұрса, алаштықтар жаңа журнал ашып, оған «Абай» атын беріп ұлттық сананың өскендігін танытты. Ұлы ақынның есімін журналға беру – ақынға көрсетілген құрметтің ең көрнектісі, мәдениет шеруінде жаңа арна, тың серпін иелене бастаған төл өнеріміздегі жаңа құбылыс. Бас мақалада: «Қазақта қашаннан білгіштік, соңынан ергіштік береке бар. Оқыған зиялыларымыз да, оқымаған саңылаулы адамдарымыз да Абайды үлгі қылмайтыны жоқ... Абайды құрметтеуге бүтін қазақ, оның ішінде көңілі ашық оқығандар борышты. Абайды бетке ұстасак, білгішке ергіштік нысанымызды атқарамыз», – деп жіліктеп түсіндірген. Абай қазақтың ұранына айналып, ұлт игілігіне қызмет жасайтынына жүрегімен сенген.

Қазағын емірене сүйген, ұлтының тағдырын басты орынға қойған А.Байтұрсынұлы: «Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, осы аз ғұмырда елге қызмет жасайық», – деп қандастарын жігерлендіріп, іске кірісті. Дереу Алаш партиясының бағдарламасын түзіп: «Россия демократическая, федеративная республика болу. (Демократия мағынасы мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы құрдас мемлекеттер бірлесуі. Федеративтік республикада һәр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады, һәр қайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді).

Үкімет басында учредительное собрание мен Г.Дума қалауынша келісімді жылға сайланатын президент болу. Президент халықты министрлер арқылы бағу, ол министрлер учредительное собрание мен Г.Дума алдында жауаптар болу.

Депутаттар тегіс, тең, төте, һәм хуфия сайлаумен болады. Сайлау хақында қан, дін, еркек-әйел талғаусыз болады», – деп көрсетті. Онымен де шектелмей жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін ісі, билік һәм сот, ел қорғау, салық, жұмысшылар, ғылым-білім үйрету, жер мәселесі мәселелеріне көзқарас тиянақталды. Жоба жасаушылар Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров т.б. («Қазақ», 1917, 21 қараша).



Алаштың ұлы перзенті Сұлтанмахмұт ақын сезімін өлеңмен өрнектеді. «Алаш ұраны» гимні қазақ аспанында жарқ ете түсті. Биік пафоспен жазылған жыр қазақ аспанында қалықтап тұрды:

Алаш туы астында  
Біз – алаштың баласы.  
Күніміз туып көгерді  
Сарыарқаның даласы.  
Құрт аурудай жайлаған,  
Құртпаққа бізді ойлаған,  
Қанымызға тоймаған,  
Қолымызды байлаған,  
Ерімізді айдаған,  
Елімізді лайлаған,  
Жерімізді шимайлаған,  
Өшті залым қарасы.  
Жасасын, алаш, жасасын!

Асыл армандарын сүбелі ойларын жүзеге асыруға тоталитарлық режим мұрсат бермеді. Биік идеялар, бағдарға алған істер жөргегінде тұншықтырылды. Алаш қозғалысына қатынасушылар аямай жазаланып, жаппай репрессияға ұшырады.

Тәуелсіздікке бет бұрған кезеңде алаштықтардың аяулы есімдері біртіндеп халқына қайта оралды, осы көңілді қуаныш кернеген кезеңде Абай мен Алаш байланысын жан-жақты зерттеген ұстазымыз Қ.Мұхамедханов. Ғалымның Шаһкәрім, Турағұл Абайұлы, Кәкітай, Көкбай, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатовқа арнаған зерттеу-очерктері «Абай мұрагерлері» (Атамұра, 1995) атты кітапқа топтастырылды. Издегенін ақын мұрасынан тауып өзі де Абай мұрагерлерінің қатарынан биік орын алды.

Ескеруді қажетсінетін жәйт М.О.Әуезов Абай ақын айналасын тар көлемде қарастыруға болмайды деген еді. Ол уақытта алаштықтардың есімін ауызға алуға болмайтын.

Әңгіме түйініне көшсек 180 жылдық мерейлі мейрам аясында Абай мен Алаш ұғымдарының біте қайнаған, бөліп жаруға келмейтін құбылыс екендігіне көзіміз толық жетті.

Тағы да М.О.Әуезов пікіріне жүгінсек: «Жай адамның өмір тірлігін біздің халық мүшелмен санайтын. Оның мүшелі он екі жыл еді. Ақындықтың Әбілхаят суын ішкен, өлімді жеңген, мәңгі тірлік тапқан Абайдай дана даңғыл ақын тарихтағы өз мүшелін жүз жылдан қайырмақ», – деп еді ғой.

Ұлы Абайдың екінші мүшелі әлі алда. Мүшел жасын қазақ халқы бірнеше ғасырлап тойлай бермекке тілек етелік. XIX ғасыр перзенті бүгін де Жаңа Қазақстанмен бірге ұлттық ой-сананың жаңа сатыға көтерілуіне қызмет етуде.

Абай замандасымыз!

«Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол!» –

дейтін өміршең нақылы нешеме мүшелді басынан өткерсе де көнермейтін терең толғам. Арамызда әрекідік ұшырасатын өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашпақтық секілді дерттердің көзі жойылса атамыздың аталы сөзін ұғындық, зердемізге құйдық деп марқая аламыз.

Той ұлағаты осында!

## ТҰРСЫН ЖҰРТБАЙ

*Филология ғылымдарының докторы,  
профессор Л.Н. Гүмилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті*

### «ШЫН ЖҮРЕК – БІР ЖҮРЕК...»

(Ғашия)

Шын жүрек – Бір жүрек,  
Қайта толқып,  
Жолдан қорқып,  
Айнымас.

*Абай*

Сарыла отырып санап шыққанымда, Абай өзінің шығармаларында «жүрек» деген сөзді 167 реттен аса қолданыпты. Ал, сол «жүректің» баламасы не ауыспалы мағынасы ретінде қолданылған көңіл, көңіл кірі, кірлі көңіл, күпті көңіл, бұла буын, ысынған кеуде, булыққан тұла бой, жан, тән, тағы да басқа телімдерді қоссақ, оның саны екі еселенбек. «Телміріп, терең ойдың соңына» түсіп, тек «жүректің» өзін ғана Жүрек-Қалб философиялық жүйесінің ұғым-категориялары туралы оқымыстылардың арлы-берлі айтылған ойларымен салыстырып қарағанымызда, бұл 167 жүректің 167 түрлі мағына мен көңіл-күй ауанын беретіне көзіміз анық жетті. Соны, қысқаша ғашия түрінде пайымдап, назарға ұсынуды мақұл санадық.

Абайдың поэзиясы мен пәлсафалық рисаларындағы 167-ден астам рет қолданылған:

«Жүрек», «орныққан жүрек», «куатты жүрек», «ынталы жүрек», «сауатты жүрек», «ыстық жүрек», «...ыстық тиген жүрек», «қозғаушы жүрек», «бұла жүрек», «асау жүрек», «асыл жүрек», «долы жүрек», «...әлек жүрек», «қайратты жүрек», «іскер жүрек», «жүрек ісі», «миды тербеп оятатын жүрек», «ақылдың сауыты – жүрек», «ұйылы-ояу жүрек», «қозғаушы жүрек», «раһит (нұр) құятын жүрек», «ақ жүрек», «арлы жүрек», «ұятты жүрек», «ұялшақ жүрек», «дәмелі жүрек», «сынғыш жүрек», «толқымалы жүрек», «саусақты жүрек», «арынды жүрек», «алқынған жүрек», «дос жүрек», «момын жүрек», «жуас жүрек», «жасық жүрек», «мінезді жүрек», «қас жүрек», «қызықшыл (хикметшіл) жүрек», «қызба жүрек», «қызулы жүрек», «шошынған жүрек», «суылдаған жүрек», «жомарт жүрек», «құбылмалы жүрек», «жас жүрек», «жаралы жүрек», «...із қалған жүрек», «қызықты жүрек», «сорлы жүрек», «ит жүрек», «ет жүрек», «ұйқылы жүрек», «ояу жүрек», «жылы жүрек», «жұмсақ жүрек», «өрт жүрек», «отты жүрек», «жанған жүрек», «жалынды жүрек», «өртенген жүрек», «мұз жүрек», «улы жүрек», «дертті жүрек», «ауру жүрек», «ыстық жүрек», «балқыған...жүрек», «суыған жүрек», «қан жүрек», «жан жүрек», «қам жүрек», «әз жүрек», «сезгіш жүрек», «сезімтал жүрек», «лүпілдеген жүрек» «...суылдаған жүрек», «...соғушы жүрек», «...тербелген жүрек», «дүрсіл қаққан жүрек», «толқынды жүрек», «толғанған жүрек», «алқынған жүрек», «алас ұрған жүрек», «тыңдамайтын жүрек», «теңіз жүрек», «қайғылы жүрек», «мұңлы жүрек», «өкпелі жүрек», «өнерлі жүрек», «таза жүрек», «күйген жүрек», «сүйген жүрек», «айна жүрек»,



«айналы жүрек», «көзі бар жүрек», «қалыпты жүрек», «тыңдаушы жүрек», «майда жүрек», «...түртілген... жүрек», «түпті жүрек», «тексеруші жүрек», «байқағыш жүрек», «сақ жүрек», «жамау жүрек», «(қосылған) жүрек», «корқақ жүрек», «кескіленген жүрек», «кірлі жүрек», «кірлеген жүрек», «ғаділетті жүрек», «таза жүрек» «іңкәр жүрек», «тән жүрек», «жан жүрек», «шын жүрек», «бір жүрек» т.б. – деген теңеулермен;

«Жүрек айнасы», «жүректің көзі», «жүрек оты», «жүрек қаны», «терең жүрек», «жүректің түбі», «жүректің басы», «жүректің сауыты», «жүректің қанаты», «ұйықтап жатқан жүрек», «жүректің ақылы», «шешімді жүрек», «ызалы жүрек», «жұмсақ жүрек», «жұмбақ жүрек», «жүрек қалыбы», «жүрек ісі», «қуаты күшті жүрек», «тоқтаған жүрек», «кірлеген жүрек», «кірлегіш жүрек», «жүректен күлу», «қорықпас жүрек», «жаужүрек», «жұмбақ жүрек», «айнымас көңіл (жүрек)», «босанбас буын (жүрек)», «Тіл жүрек (Жүректің тілі)», «ұмыт жүрек», «жүректі», «әншейін жүрек», «қасқыр жүрек», «әлекшіл жүрек», «жігерлі жүрек», «қайратты жүрек», «байлаулы жүрек» «жан жүрегі», «тірі жүрек», «елжіреген жүрек», «еріген жүрек», «би жүрек», «жүрек суреті», «жүрек қуаты», «тулаған жүрек», «қайнаған жүрек», «әлекшіл жүрек», «кіршіл жүрек» [1-2], т.б. – деген ұғымдық тіркестер сол шүйкелеуге түскен көркем жүйенің жүйке тамырлары.

Бұл тіркестер мен ұғымдар көркем оймен, «сұлу сөзбен», астарлы, емеуірінді мағынамен, ырғақпен, ұйқаспен өрнектеліп барып тұтас бір көркем жүйеге айналып, шығармашылық мазмұнға ие болады. Өзіне тән дербес көркем жүйесі болмаған талант – кемел, толық тұлға емес. Ақыл-ойдың көркем ойлау деңгейіне жете алмаған, бірақ көрнекті тұлға ретінде бағаланады. Бұл реттен алғанда, Абай – мұқым жаратылыстық сипаттармен тамырласып жатқан өзіндік қабылдау, санада саралау және бейнелеу жүйесі бар әлемдік дара дана.

Ал енді, турасына көшкенде, Жүрек-Қалб философиялық жүйесі – ұлы жүйе. Абайдың пайымдауынша да Жүрек – мынау мұғжизалы қилы-қилы құбылысты дүниенің әсерін қабылдап, оның астары мен мағынасын сана сарасынан өткізіп, соның сырын бейнелеп жеткізетін көркем ойлау жүйесі. Жаратқан иемнен, оның тоқсан тоғыз сипаты мен құдіретінен бастап, мұқым Он сегіз мың ғаламды, жан мен тәнді, дүниенің мағмұрлығымен қоса «адам ұлының мінездерін» қамтып, «махаббаттың төлеуін – махаббатпен» қайырған қайырым иесі. «Отыз сегізінші сөздегі»:

«Ей, жүрегімнің қуаты, перзенттерім!» [1, 469], –

деген қаратпа сөз Абайдың бүкіл көркем ойлау жүйесінің жиынтығы болып табылады.

Өйткені, адамның негізі – Тән мен Жан. «Тән – жанның қонағы», яғни, затиялық бітім. Тірліктің көзі – Жан. Ал, жанның өзіне жан бітіретін субутиялық қасиет – жан қуаты. Жан қуаты мен ділінің шарпысуынан ақыл тумақ. Сол ақыл мен қуаттың қормалы – жүрек. Сондықтан да, Абайдың ойлау жүйесі мен көркем әлемінің айнасы – осы үш бірліктің санадағы дидады. О баста өзіне құдірет сипатымен тумыса біткен бұл жауапты артықшылықты жүрек те біледі. Біліп тұрып сол қасиеті үшін өзі тұтқасын ұстаған ақыл мен қайраттың менменсінуіне налып:

«Мен адамның денесінің патшасымын, қан – менен тарайды. Жан – менде мекен қылады. Менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсек те, жылы үй де тамағы тоқ жатқан кісіге: төсексіз – кедейдің, тоңып жүрген – киімсіздің, тамақсыз – аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен – деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен



ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен. Бірақ (адамдар) мені таза сақтай алмайды, ақырында (өздері) қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейт ұғын нәрселердің бәрі менен шығады. Менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» [1, 453], – деп масаттануы орынды.

Мақтан емес, өзін басынғысы келгендерді орынына қою, өзін, яғный, жүректі сыйлата білудің амалы. Егерде, соншама құдіретті сифатқа ие бола тұрып, ақыл мен қайрат жүректі сыйламаса, онда Шариғат та, Тариқат та, Мағрифат та жоқ. Ақиқаттың фирдауыс қақпасын да аша алмайды. Жаратқан ием жаратқан жаратылыста да қасиет қалмайды. Пендесіне иман ұйымайды, қайырым бұйырмайды. Арын сатып, ақылдың айласымен адамзатқа қарсы амал тапқан адам, қайрат бойына біткен қуат-күшті пайдаланып дүниені бүлдіріп тынар еді. Бұл риуаяттың тәмсілі де осы болса керек. Шындығында да, мынау фанидің бар адами жауапкершілігі жүрекке салмағын салады.

Жүректің тіршілікке қатысты затиялық міндеті өз алдына ұшан-теңіз әрі жан-жақты. Ал, оның жан қуаты тұрғысынан алғандағы субутиялық парыз-сүндеттері және оған қойылатын талаптар Шариғатты да, Тариқат ты да, Мағрифатты да, тіпті, Ақиқатты да қамтиды. Біз, тек Абайдың пікір-пайымдауымен таратылатын пікірлерге, соның ішінде, ақыл, қайрат, жүрек мәселесіне қатысты жалпылама берілген тассаууфтық анықтама-ұғымдарды атап өтумен ғана шектелеміз.

Тасаууфтың қағидаттары бойынша:

Жүрек – жақсылық пен жамандықтың, тақуалық пен күнәнің, яғный, періште мен шайтани күштердің ғарасат майданы. Яғный, қалау қабілеті мен құмарлықтың (нәфсінің) қарама-қарсы қозғалысы. Құран – жүрекке түскен (4.Шұғара. 193-195). Сондықтан да, жүрек – иманның орыны.

Жүрек – тән мен рухани жан дүниенің де ұясы және таза қанды тәнге таратушы қуат. Егер қан айналымы төрт секунд тоқтайтын болса, жүрек тоқтайды.

Жүрек – Ақиқат пен Хақтың құбылнамасы.

Жүректің досы – қанағат, дұшпаны – күпірлік.

Жүрек және оның рухани жаратылысының атауы – көңіл.

Ихсан дәрежесіне жеткен жүрек – тірі жүрек.

Нәфсіге құмар жүрек – мөр басылған өлі жүрек, надандық пен өтірік билеген, сезімнен ада, қанағатсыз жүрек – ауру жүрек [6.183-194].

Жүректің он сегіз мың ғаламнан алатын орыны, ықпалы, ақыл, мінез тәрбиесі, ар тазалығы, иманды ұйытатын жүрек мәйегі, оның игілікті сақтап қалу жолындағы амал-әрекеті, Шариғаттық, Тариқаттық, Мағрифаттық сыпаты ислами ойлау жүйесінің ең бір құнарлы да мағыналы «Қалб» (Жүрек) катеогриясында толығымен және сондай бір нәзік те алғыр сезіммен түсіндіріліп берілген. Абай жиі қолданатын: «Жүректің қалыбы», «Жүрек қалпы» «Жүрек қалпында таза сақта» – деген сөз тіркестері осы «қалбті» – жүрек катеогриясын білдіреді. Біз, жоғарыдағы таңдалып алынған анықтамалардың әр қайсысының терең философиялық мәнге ие екендігін аңдату үшін өзінің өлеңінде арнайы тоқталған «ауру жүрек» ұғымына аз аял етеміз.

Сонымен:

1. «Қалб-и салим» – «Таза жүрек», нәфсіден толық тазарып, иман ұйыған жүрек.

2. «Қалб-и мүниб» – «Шын жүрек», фанидің қызығынан бақидың сынағын жақсы көрген, «ахирет азығын», Абайша айтқанда, «жол азығын» толық жинаған пенде.

3. «Қалб-и мүтмай» – «Қанағатшыл жүрек», жамандықтан жиіркеніп, жақсылықты ұстанатын жүрек.

4. «Мөр басылған жүрек» – иманның есігі жабылған, іс-әрекеті хайуанмен тең өлі жүрек.

5. Науқас (ауру) және ғапыл жүрек» – фанидегі өмірі күйінішпен, күмәнмен, тұрақсыздықпен, жаны азапқа түсумен өтетін, ішкі дүниесінде тыныштық жоқ: күмәнға, надандыққа, құмарлыққа, ашкөздікке, әдепсіздікке, қаттылыққа бой алдырған рухани дертке шалдыққандар [3-6, 6.183-194].

Оларды, Иман – төрге жетелейді, имансыздық – көрге жетелейді.

Міне, өзі барынша ашық сынаған мінездерден арылмаған, жаны азап шегумен өткен пенденің жан азабын Абай өзінің «Ауру жүрек» атты өлеңінде барынша шынайы шіміркеніспен суреттейді. Ол ар сотына түскен жаһил жанның қан қысымы мен жан азабын:

Ауру жүрек ақырын соғады жай,  
Шаршап қалған кеудемде тулай алмай.  
Кейде ыстық қан басып кетеді оны,  
Дөңбекшіген түнде де тыншыға алмай.  
Қараңғы саңырау қайғы ойды жеңген,  
Еркелік пен достықты ауыр көрген.  
Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты  
Күнде көріп, тұл бойы жиіркенген.  
Тірілтіп өткен күнді, тағы шөлдеп,  
Осы күнді күн демес қарғап, міндеп.  
Кейде тілеп бақ пенен тағы тыныштық,  
Кейде қайғы, азапты тағы да іздеп.  
Кейде ойлайды жылауға қайғы зарын,  
Тынышсыз күнде ойлаған дерттің бәрін.  
Кейде онысын жасырар жұрттан ұрлап,  
Кетірет деп мазақтап беттің арын.  
Ауру жүрек ақырын соғады жай,  
Өз дертін тығып ішке, ол білдіре алмай.  
Кейде ыстық тағы да қан басады,  
Кейде бір сәт тыншығар үн шығара алмай [1, 279], –

деп суреттейді.

«Ауру адамның» ар-ұяты өртенген, кеудесінде ар-ожданның күйігі қалған. Арлы емес, бірақ, арсыз болудың амалын таппайды. Ұстамдылық, сабыр, қанағат, тәубә, төзім жоқ. Күнәқар болса да, күнәсіз боп көрінгісі келетін қылымсыған алмағайып күн көрістің иесі. Өлі де емес, тірі де емес, алмағайып тірі өлік.

Міне, Абайдың бір «ауру жүрек» ұғымының өзінде осыншалықты фани мен бақидың арасын қамтитын астар жатыр. Оның әдібін жазып, «жүрегінің түбіне терең бойлап» түсінген адам ғана Абайдың «жұмбағын» түсінеді. Ол «жұмбақ» мұнымен ғана шектелмейді.

Абайдың ақыл-ой ілхамы – «Махаббатпен жартқан адамзатты» [1, 296], «Әкесінің



баласы – адамның дұспаны, адамның баласы – бауырың» [1, 468] – деген дүниеауилық ұстаным. «Ақылдың сауыты», «жүрегімнің қуаты, перзенттерім!» – деп Абайдың барлық пенде атаулыны бауырына тарта қамтуы және арнайы «адам ұғлының мінездері туралы» ядгар қалдыруы да сондықтан. Ақыл мен қайратты қалыс қалдыра тұрып, оның тек қана «жүрек» сөзі мен ұғымын қолданудағы психологиялық желісі мен ой ырғағын ғана қарастырсақ, «жүрек» ұғымы оның көркем бейнелеу жүйесінде соншалықты тиянақты сыпатқа ие екендігін аңлау қиынға соқпайды. Жалпы, «жүрек» ұғымын осыншама биік ақыл деңгейіндегі көркем жүйені құралы еткен талант әлемдік ой адамдарының арасында да сирек құбылыс. Дегенмен де, тәмсілден – тәмсіл тудырмас үшін, біз Абайдың әр түрлі сана арпалысы мен жанталасы тұсында адамның көңіл-күйінің, ақыл ауанының, жан қуатының Һал күйін (исламиятта бұл өзі мұғжизалық сифаты бар аса ауқымды және өте маңызды философиялық категория) бейнелеп жеткізген жүрек ахуалына байланысты ядгарларын дәйек ретінде үш түрлі желіге жүйелей түсіріп, сөз бе сөз ұсынамыз:

Жүректің қаракетіне тән бірінші Һал-күй: Егер, «Жүректің көзі ашылып, «Хақтықтың сәулесі түсіп», «іштегі кірді жуса», «адамның хикмет кеудесі (жүрегі)» тазарады. «Ол сәуле болмаса, наданның көңілін қараңғылық пердесі басып тұрады». Онда адам «ақылдан бойын қашық ұстайды», ойында тек «бір-ақ шаруа – өзінің күйбің тіршілігі» ғана болады.

Ал, Ақыл – «қуатты ойдан бас құраса» ғана, «сөз еркеленіп, еркін шығады» (яғный, жүректің қуаты болмаса ақыл өз бетінше дербес бас құрай алмайды). Сондықтан да, «Дүние (өзінің) барша қуатын (бар салмағын) Өнерге (жүрекке) салады. Өйткені, «Жүрек – ақылдың сауыты». Жүрекпен сүю арқылы «Махаббат қылса да Тәңірі жарылқасын» үшін істейді. Өйткені, «Шын жүрек – бір жүрек».

Екінші Һал-күйі (Жастық қуаты): «Жастықтың оты (қуаты) жарқылдап, жүректі түртіп қозғайды». Қандай да болмасын, бір мезет «асау жүрек қайнамай», «іс те бітпейді». Жүрек дер кезінде мінез көрсетпесе, «жуасып», жасып кетер еді. Мұндайда, «жүрек әділдік пен ақылға сүйеніп, қайраттың дегеніне көнеді». Бірақ, «жүрек өз еркімен ешбір дүниеге тимейді». Ол, «Жас жүрек» шын адал ниетімен «алыстағы Айға талпынып, саусағын жаяды».

Егерде, «жас жүректің толқынын дөп баспасаң», ол «ақ жүрегіңнің өзін ұнатпайды». Тек «қалауын тапсаң ғана «мұз жүрегі май сықылды ериді». Егер, еріксіз «қор қылуға Құдіреттен бұйрық арқылы өрт (кәтер) түссе (келсе), онда «жас жүрек жай таба алмай жанады», «Тұла бойды жылытқан ыстық жүрек өз-өзінен толғанып барып», «Құдіреттің» бұйрығын алқынады».

«Жүрегі жұмсақ білген құл ғана, Жүректің отын сөндірмейді, керісінше, жүректің көзін ашады». Хақтықтың сәулесін түсіреді. Іштегі кірді кетіреді. Егерде, «жүректе айна жоқ болса», онда «мұның бәрі бос сөз». «Жүректі лүпілдетіп, Жүректі алас ұрғызып, Жүректен қозғайтын» және «Жүрекке құйылып, жан рахатына бөлейтін бір рағит сәуле бар».

Мүмкін, Махаббат деген осы шығар.

Үшінші Һал-күй: Жүрек – өмірдің «жүрегіңді қан қылатын» қиын да қилы-қилы құбылыстарына тап болуы мүмкін [3-6]. Ондайда: «Жаужүрек, жомарт, құбылмайтын, жүрек жалыны суынбайтын, жалтандаған (жайтандаған) жас жүрек: «Байғұс-ай!» – дегенді жақтырмайды. Сондай сәтте жүректің достары «қайрат пен ақыл жол табады». «Қашқанға да, қуғанға да әділет пен шапқат» кесім айтады. Болмыстық түйсік солай. Өйткені, «Бастапқы екеуінсіз» жүректің «Алды – жалын, арты – мұз». Сондықтан да, «Шошынып, суылдап, елжіреп тұрған шын жүректі» «қорқытпай орнықтыру» – ақыл мен қайраттың парызы.



Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас,  
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.  
Жүректен қызу-қызба кете қалса,  
Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.  
Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі,  
Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі.  
Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,  
Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі [1, 299].  
«Көздің жасы, жүректің қанын» сол екеуі –

ақыл мен қайрат қана құрғатып, «іштің мұзын ерітеді». Одан өзге жүрек дәмететін» жақсылық жоқ».

Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек.  
Еңбекті сат, ар сатып неге керек?  
Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:  
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек [1, 249].

Бұл жақсылықтың өтеуі мынау: «бастағы ұйықтап жатқан миды жүрек тербеп оятады», ал «ұйықтап жатқан жүректі әнмен оятады». Сонда ғана, «жылы жүрек қозғалмақ». Қозғалып барып: «Көрген-білгенін әділет пен ақылға сынатып, солардың сөйле дегенін алыс, жақынға білдіреді». Сондықтан да, «ынталы жүрек, шын көңілдің» иесі:

Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,  
Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме [1, 265].

Асыл ойдың тереңіне бойласаң ғана: «Ақылды, асыл, сөзі майда жүректің» «ізі кетпес қызығын көресің». «Тулағыш мінезіңнің» долы күйімен «жүректің басынан у төгілгендей» болса да, «жүрекке сеніп, жылауға да, сенуге де болады». Ізгілікке «іңкәр жүрек» кек сақтамай «ұмытуға ұмтылады». Тек: «ет жүрексіз еріннің сөзін айтпа», шынға жүгін. Әйтпесе, «қайран жүректің мұзы» ерімейді. Егер, «жүректе қайрат болмаса, ұйықтаған ойды» оятпаса, «ақылға сәуле қонбаса», онда «хайуанша жүріп» күнелтпексің. «Ақыл қайраттан аспаса, тереңге бармай, үстірт» қалқисың. Еріксіз:

Күйесің, жүрек, күйесің,  
Күйгеніңнен не пайда?  
Дүниеде нені сүйесің,  
Өмір қайда, дос қайда? [1, 287], –

деп күйінесің.

«Жүрегім, соқпа, кел тоқта», –

деп, «көзіңе жүр-жүрлеп жас келіп», күйінбес үшін, әуелі:

Қарашы, өз бойыңда түгел ме екен  
Ыстық жүрек, өң-шырай, қуат пен күш? [1, 291].

Соны түгенде. Ол үшін «сынық көңіліңді» жұбата отырып, «жүрегінді байқа» (тексер), егер «иненің жасуындай» кір болса да «аршып алып таста». Сонда:

Сылдырлап өңкей келісім  
Тас бұлақтың суындай,  
Кірлеген жүрек өз ішін  
Тұра алмас әсте жуынбай [1, 256].  
Иә, жоғарыда айтқанымыздай:  
Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:  
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек [1, 249].  
Бұл тәмсілдерге қарап, жүректің міндеті –

тек жабырқау, жабығу сияқты көрінуі де мүмкін. Үнемі қайғыруға тән де, жан да шыдас бермейді. Абайдың:

Тән сүйгенін бермесе,  
Жан шыдамас жаны ашып.  
Бере берсең – бер десе,  
Үміт етер таласып [1, 276], –

дегені соған дәлел.

Серпілген, сергек жүректің қанаты – көңіл-күй. Сондықтан да, Абай сергек, жеңіл, адами сезімдерге қарата жүректің орынына «көңіл» деген сөзді жиі қолданады. Айтылып, жазылуы басқа болғанымен де, екеуі де бір көркемдік жүйенің балама ұғымдары. Тек «жүрекке» – тәңірі текті сыпат береді, ал «көңілде» – адами сезім басым. Әйтпесе:

«Жүрек және оның рухани жаратылысының атауы – көңіл». Хазіреті Мәуләнаның пайымдауы бойынша: «Егер сенде көрегендік бар болса, онда көңіл Қағбасына тауап қыл. Сен: топырақтан жасалған деп ойлаған Қағбаның негізі – көңіл» [6, 272-273].

Ішінара ғана мына дәйектерге иек артсақ, бұл пікірдің астары анық аңғарылады. Мәселенки:

«Жастықтың оты жалындап, Жас жүректе жанған шақта», «жүрекке бір сәуле жан рахаты боп құйылған кезде», «ұйықтап жатқан жүректі (өмір аңсары) ән оятады». Сөйтіп, «Көңіл құсы шартарапқа құйқылжып, Адамның ойы түрленіп»: «Құдай-ау, бұл көңілім, Күн бар ма бір тынар?» – деп сілкінеді». «Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжытып, жүректі тербейді, миды оятады». «Кейі зауық, кейі мұң, тәтті үн дертінді қозғап, жас балаша көңілді уатады». «Мұңмен шыққан тәтті күйге жылы жүрек қозғалады». Мұндайда:

...Сонда ақын белін буынып,



Алды-артына қаранар.  
Дүние кірін жуынып,  
Көрініп ойға сөз салар [1, 256].

Сөйтіп, «Ақылды, сөзі майда асыл жүрек»: «жүректі – ізі кетпес қызық пен жақсылыққа бөлейді». «Жаралы болған жүректі дауалап», «сынық көңілін жамайды». Содан кейін, «Көңіліне түрлі ой түсіп, әр тереңге нұсқайды». Шамырқанып-комданып, өзін-өзі:

«Енді аянда, жығылма, Сыймас жерге тығылма, Қой бұрынғы желгенді! Қайғы шығып иыққа, Қамалтпасын тұйыққа, Сергі, көңілім, сергі енді! Балапан құстай оңдалып, Қанатыңды комданып, Жатпа ұяда, қорғанып, Ұш, көңілім, көкке, кергі енді! Көңілде қайғы, қалың зар, Айтатұғын сөзім бар, Салсын құлақ ұққандар, Өрбі, сөзім, өрбі енді! Іште қайғы дерт пысып, Көкіректі өрт қысып, Айтуға көңілім тербенді [1.166], – деп шабыттандырады Абай.

Міне, бұл – ақылға сүйеніп, жан қуатынан күш алған қайратты жүрек, яғни, соғылық-рисалалардың тілімен айтсақ, «тірі жүрек». Келтірілген: «Орныққан жүрек», «жылы жүрек», «ауру жүрек», «жаралы жүрек», «күйген жүрек», «сүйген жүрек», «қалыпты жүрек», «кірлі жүрек», «ғаділетті жүрек», «таза жүрек» «тән жүрек», «жан жүрек» «айна жүрек», «жүрек айнасы», «жүректің көзі», «ұйықтап жатқан жүрек», «кірлеген жүрек» сияқты т.б тәмсілдердің барлығы да жәй қисынды сөз, қиынды ұғым, әдемі теңеу, не ойды шендестіру ғана емес, сонымен қатар, мұндағы әр ұғым жеке-жеке философиялық категория. Әр ұғымның өзіне тән анықтамасы, қалыптасқан қағидаттары, қамтитын шек-шекарасы, дербес мазмұны бар.

Ол айтылған анықтамалардың әр қайсысын даралап талдау біздің Мағрифаттағы ар тазалығына қатысты негізгі ой желісін шашыратып әкетуі мүмкін. Сондықтан да, ең қуатты және иман тазалығына, яғни, ар тазалығына кепілдік беретін Абайдың көркем жүйесінің бір тамыры – жүрек айнасы мен оның баламасы – «көңіл көзі» дербес тоқталуды қажет етеді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Редакциясын қарап, түсініктерді, материалдарды толықтырып баспаға дайындаған Ә.Жиреншин/А.: Қазмемкөркемәдбас.1961 -693 б.
2. Жұртбай Т. Толық адам: 1-кітап: Сол шыншыл: Хақ және Жалғыз. Абайдың сыртқы (заһир) әлемі. Әдеби-салыстырмалы рисала. 2-кітап.ябір кемел. Абайдың ішкі «батин! Әлемі. Әдеби-салыстырмалы рисала.// Алматы: Атамұра, 2023.
3. Армстронг К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны. Ауд. Кенжетай Д., Қаратышқанова К., Төлеген М./-Алматы: «Ұлттық аударма бюросы Қоғамдық қоры, -2018. -432 б.; 2.
4. 4. Имам әл-Ғазали. Бидаят әл-хидайат (Начало наставления на истинный путь)/ Пер с араб. Шамиль ибн Омар// М.: СПб.: Диля, -2009;
5. I.Коран. Перевод смыслов и комментарии Иман Валерии Пороховой/7-е изд., -М.: РИ-ПОЛ КЛАССИК. 2003. -800 с.; II.2. Құран, (The Space Atlas («Космический атлас»), Хизер (Heather) и Хенбест(Hendest) ];
6. Топбаш О.Н. Иманнан – ихсанға. Тассаууф. Ауд. Х.Өзтүрік/ -А: 2007. -600 б.

**TÜRKİYE’DE ABAY KUNANBAYULI ÜZERİNE YAPILAN  
ÇALIŞMALARA BİR BAKIŞ**

Kazak edebiyatı ve Kazak düşünce dünyasının önemli ediplerinden olan Abay Kunanbayuli (1845-1904), şair, düşünür, sanat adamı, müzisyen ve toplumuna yön veren aydınlanmacı biri olarak Kazak halkının fikrî ve kültürel açıdan gelişmesinde etkili olmuş ve Kazak toplumunda derin izler bırakmış bir kişidir.

Çağdaş Kazak edebiyatının kurucusu olarak kabul edilen Abay, aynı zamanda sözlü edebiyattan yazılı edebiyata geçiş arasında köprü kuran, ferdî olduğu kadar felsefî nitelikte eserler veren bir aydındır. Rus ve Batı edebiyatından yaptığı çevirilerle hem bu edebiyatların Kazak toplumunda tanınmasını hem de Kazak edebiyatının sınırlarını genişletmesini sağlayan Abay, eserlerinde kendi toplumunda yaşanan sorunları ele almış ve sert bir dille eleştirmiştir. Kara Sözler ve şiirlerinde Kazak insanların ahlaki konularda yaşadığı çöküşü, halkın cahilliğini, tembellik ve aralarındaki boy kavgalarını, vurdumduymazlığını keskin bir dille eleştirmiştir.

Kutadgu Bilig ve Kâbusnâme gibi siyasetname tarzındaki eserlerin de etkisini sürdüren bir anlayışla kaleme aldığı eserlerinde toplumuna yön vermeye çalışmış, geri kalmış olan toplumun sorunlarını tespit ederek çözüm önerilerinde bulunmuştur. Bu açıdan ele alındığında onun genel olarak bildirdiği çözüm önerilerinin eğitim, ahlaki değerlerin inşası, boy milliyetçiliğinden vazgeçip millî şuurla hareket etme gibi konularda yoğunlaştığı görülmektedir. Bu tür içerikleri taşıyan felsefî yönü ağırlıklı yazılarını kırk beş kara sözün yer aldığı Kara Sözder adlı eserinde buluruz.

Bu eleştirel ve sosyal konulu eserleriyle Abay, Kazak millî kimliğinin oluşmasında etkili olmuş, Kazakistan’ın bağımsızlığıyla beraber millî bir sembol haline gelmiştir. Onun görüşleri, çözüm önerileri devletin farklı mercilerinde rehber olarak görülmüş ve uygulanmıştır.

Abay, şiirleri ve Kara Sözleriyle Kazak toplumuna sadece edebî metinler değil Kazak kültürünün modern hale gelmesi ve aydınlanmasında, millîleşmesi sürecinde yol gösterici fikrî ve felsefî bir miras da bırakmıştır.

Abay Kunanbayuli’nin önemi ve etkisi sadece Kazak edebiyatı ve düşünce dünyasıyla sınırlı değildir. O, ana dili bilinci, aydınlanmacı tavrı ve felsefî düşünceleriyle bütün Türk dünyasını etkileyen ortak bir değerdir. Türk dünyasının ortak edebî, kültürel ve millî köklerinden beslenen Abay, eserlerinde ortak değerlere hitap eden söyleyişleriyle bütün Türk dünyasına da seslenmektedir. Onun eserlerine bakıldığında üzerinde durduğu iyi insan olmak, dürüst olmak, çalışkan olmak, ahlaklı olmak, bilgili olmak gibi ortak değerlerin evrensel değerlerle de örtüştüğü görülmektedir.

Abay’ın 19. yüzyılın sonu ile 20. yüzyılın başında Türk dünyasını içine alan Ceditçilik hareketiyle hem manevi hem de fikri yönden aynı özellikleri gösteren söyleyişlerine bakıldığında halkı çağdaş, bilgili, akılcı ve eğitilmiş olmaya çağırdığı fark edilir. Bu açıdan Abay’ın, İsmail Gaspıralı, Hüseyin Cavit, Yusuf Akçura, Ziya Gökalp gibi Türk aydınlarıyla aynı ülküyü paylaştığı da görülmektedir.

Abay, eserlerini halkın anlayabileceği sade bir dille, ana dilinin imkânlarıyla kaleme almıştır. Türk lehçelerinin birbirinden henüz farklı Sovyet dil politikalarıyla uzaklaştırılmadığı bir dönemde yazılan bu eserler, Türk lehçelerinin birbirine ne kadar yakın olduğunu da göstermektedir.

Abay'ın şiirleri ve Kara Sözleri içerikleri ve üslubu bakımından ortak Türk edebiyatının da en güzel edebî eserleri içerisinde yer almakta ve okutulmaktadır. Bütün bu özellikleriyle Abay'ın Türk dünyasında köprü rolü oynayan bir kültür elçisi, bilge bir kişi, bütün Türk dünyasını birleştiren millî, aydınlanmacı bir düşünür olduğunu ifade etmek hata olmayacaktır.

Onun fikirleri günümüzde de toplumun ahlaki açıdan iyileştirilip düzenlenmesi, eğitime ağırlık verilerek toplumun kalkındırılması, boy milliyetçiliği gibi ayrıştırıcı fikirlerin terk edilerek millet bilincinin oluşturulması, Türk dünyasının ortak değerleri etrafında birleşilmesi ve birlik içinde hareket edilmesi konularında yol göstericilik görevini yerine getirmektedir.

Abay Kunanbayulı sadece Kazakistan'da değil Türk dünyasının ortak kültürel ve fikrî hafızasında bulunması hasebiyle bütün Türk coğrafyalarında anılmakta ve hakkında birçok çalışma yapılmakta, eser yayımlanmaktadır. Onun ölüm ve doğum günlerinde anma törenleri yanında bilgi şöleni ve akademik etkinlikler de yapılmakta, disiplinler arası çalışmalar yayımlanmakta, Türk dünyasının aydınlanmacı ferdi olarak tarihten bugüne süregelen ortak tarihî hafızanın devamlılığı, aydınlanmacı ruhun canlanıp sürdürülmesi sağlanmaktadır.

Abay Kunanbayulı ile ilgili Türkiye'de de her yıl farklı eserler yayımlandığı, ölüm ve doğum yıllarında bilgi şöleni, çalıştay, panel ve akademik faaliyetlerle birçok eserin ortaya konulduğu görülmektedir. Bildiride bu eserler kısaca konularına göre tanıtıldıktan sonra bildirinin sonuna kronolojik olarak listesi eklenecektir.

Türkiye'de 1942'den bugüne kadar yapılan yayınlardan 20'si kitap, 2'i bildiri kitabı, 90'ı kitap bölümü, 1'i doktora 10'u yüksek lisans tezi, 4'ü ansiklopedi, 1'i antoloji, 76'sı makale, 30'u bildiri ve özel sayı olarak yayımlanan bir dergiden oluşmaktadır. 2020 yılında Uluslararası Türk Akademisi önderliğinde Bengü Yayınları tarafından yayımlanan editörlüğünü Prof. Dr. Nergis Biray, Prof. Dr. Güljanat Kurmangaliyeva Ercilasun ve Doç. Dr. Soner Sağlam'ın yaptığı Türk Dünyasının Bilgesi Abay Kunanbayoğlu adlı eser ve kitap bölümü olarak yayımlanan makalelerin içeriği ayrıca tanıtılacaktır. Kısacası 20 kitap, kitap bölümü, ansiklopedi, antoloji ve dergiyi makale başlığı altında toplarsak 191 makale, 33 bildiri ve 11 tez hazırlanmış olup bunların toplam sayısı 255 yapmaktadır. Tarafımdan tespit edilemeyen yazı veya bildirilerin de olabileceği gözden uzak tutulmamalıdır.

Abay Kunanbayulı, 1942 yılında Abdulkadir İnan tarafından Türk Amacı dergisinde yayımlanan Kazak-Kırgız Şairi Kunanbayoğlu Abay adlı yazı ile Türkiye'deki okurlara tanıtılmıştır. Abay üzerine yapılan çalışmalar 1965 yılında tekrar başlamış, ardından durağan bir döneme girmiş, ancak 1995 yılından bugüne kadar her yıl daha da artarak devam etmiştir.

Bu eserlerin ele aldığı konulardan kısaca bahsetmek gerekirse şunları söyleyebiliriz. Türkiye'de yayımlanan kitaplardan sekiz tanesi Abay'ın hayatı, yaşadığı dönem, edebî şahsiyeti, aydınlanmacılığı ve eserleri gibi konuları ele almakta ve yazarı tanıtmaktadır. Kitaplardan biri, Abay'ın felsefî dünyasını tanıtırken bir kitapta şiirleri Türkiye Türkçesine aktarılmıştır. Kitaplardan üçü Kara Sözlerin Türkiye Türkçesine aktarılmasını içermektedir. İki eser, Abay'ın eserlerinden seçmeleri, biri Abay ve ülküsü konusunu, üç kitap da birçok yazarın makalelerinin olduğu araştırmaları kapsamaktadır.

Bu eserlerden Türk Dünyasının Bilgesi Abay Kunanbayoğlu (Biray, vd. 2020) adlı eserin diğerlerinden farkı Kazakistan ve Türkiye'den bilim adamlarının makalelerinden oluşmasıdır. Uluslararası Türk Kültürü Teşkilatı TÜRKSOY Daimi Konseyi tarafından alınan bir kararla 2020

yılı Doğumunun 175. Yılında Kazak Aydını Abay Kunanbay Yılı olarak ilan edildiğinde, bu tür programların millî ve kültürel değerlerimiz, abidevî şahsiyetlerimiz ve mirasımızın araştırılması, gençlerimize öğretilmesi ve bu konuda eserler hazırlanmasının önem taşıdığı bilinci ile Abay Kunanbayulı hakkında bir kitap hazırlamaya karar verdik.

Мұндай кезде адамның тебіренісі күшейіп, эмоциялық күйде болады. Бұл шабытты шақ, яғни инсайт. Интуициядан өрістеген эмоция арқылы шығармашылық қабылдау субъективті иррационалды болады. Бұл арада автор объектіні тікелей емес, субъектінің объектіге қатынасын бейнелейді. Мұндай қатынаста автордың объект туралы поэтикалық танымы интуиция мен әсерленуден басталып жүрегіндегі, ойындағы болмыстан ұялаған шындықты қорытады. Әдетте бұл табиғатынан субъективті таным иелері – ақындарға тән құбылыс. Соның нәтижесінде ойшыл ақынның лирикасынан бізге субъективті – эмоционалды әсер дарытқан көркем бейнені, ойды қабылдап, өзіміз де эмоционалды күйге түсеміз. Мағжан Жұмабаевтың «Алқа» бағдарламасында: «...искусствоның негізі-сезім, сезімнен туған сурет, мақсұты – білім беру емес, сезім ояту» дейтіні осыдан [7,440]. Ондай көркем ақпарат ең алдымен біздің сезімімізге әсер беріп, санамызда қорытылады. Өнер туындысы ретінде өлең арқылы келген осындай эмоционалды мазмұн адамға әсері тұрғысынан әлдеқайда маңызды.

Эмоциялық тебіреністен өрістеген поэтикалық пікірде бағалаушылық сипат жалпы өнердегі даралықты, алуандықты жасайды да жаңашылдыққа бастайды. Мысалы, бір тақырыпқа арналған шығармалардың алуан түрлі болатыны осыдан.

Интуиция ақыл арқылы танымға қарағанда мейлінше бейсаналы, иррационалды, яғни мұнда рационал мазмұндағы пікірлер мен тұжырымдар емес, сезіну арқылы келген әсердің ықпалы күшті. Шығармашылық қабілеттің бастауы Жаратушыдан.

Тәңірінің күні жарқырап,  
Ұйқыдан көңіл ашар көз, –

дейді. Абайдың осындай танымын Көкбай Жанатайұлының: «Әрқашан Абай ақындық туралы сөйлегенде: «Ол қуат, табиғат сыйы, Құдай сыйы. Ақындық шабыты шын келгенде, адамды қайта тудырып жібереді. Ол келгенде адам жай, жабайы адам болмайды», – дейтін» деген сөздері бекіте түседі [8,96].

Интуиция жалпы адам, оның ішінде өнер адамына тән құбылыс ретінде шығармашылықты танудағы аса өзекті мәселе.

«Жүрек» концептісі

Интуитивті танымның мазмұны мен маңызы Абайда бірнеше концептілермен сипатталады. Негізгілері: жүрек, көңіл, ниет.

Жалпы Абай өнернамасында «жүрек» сөзі адам танымының, мінезінің, жалпы табиғатының ерекшеліктерін танытуда айрықша маңызға ие болғандықтан жиі қайталанып, 156 рет қолданылған. Ойшыл ақынның трактовкасында жүрек көптеген қасиетке ие. Мысалы: жүректің ақыл суаты, жүректің ынтасы, жүректің оты, жүректің сәулесі, жүректің қайраты, жүректің жылуы. Олар интуитивті танымды сипаттайды.

Интуиция – шығармашылық тұлғаның әсерленуінен шығатын сезім мен ой тәжірибесі. Мұндай тәжірибе өмірде көргендерді сезінуден, түйсікте жинақталған ой қорынан өрістейді де, әсерленген шабытты кезде сыртқа шығады, оны шығармашылық интеллект қорытады.

Интуиция жеке субъективті қабылдаудан өрістейтін үдеріс болғандықтан жаңашыл және көбінесе бұрыннан қалыптасқан стереотиптерде бола бермейді. Интуиция арқылы ақын



нағыз ақиқаттың мәнін таниды. Жалпы, жаратылыстың мәні мен адамның табиғатында ақиқат пен адамгершілік өзара тікелей сабақтас құбылыстар. Ақиқаттың салтанат құруы айналып келгенде адамгершілік қағидалардың сақталуымен орайлас. Осы маңызды сабақтастық жалпы өнер атаулының арқауы мен өзегі. Адамзат қоғамына өнердің ең басты қажеттілігінің өзі осында болса керек.

Осы интуитивті түрде танылған ақиқат арқылы ол адамның, жалпы қоғамның бейүлесімі мен қайшылықтарын сезінеді, жіті байқайды, оларға ақындық қарсылығын білдіреді де, осыдан барып сын пайда болады. Ақиқатты ашық айту, жариялау арқылы ақын арылады. Соның нәтижесінде, өнер атаулының табиғатына тән катарсис үдерісі жүреді. Катарсис бір жағынан интуициямен келген ішкі эмоциялық әсердің сыртқа шығуы, екінші жағынан ақынның ақиқатты тануы негізінде ізгі көзқарастарының адам мен қоғам қайшылықтарынан биік тұруы, зор адамгершіл мұраттарының салтанат құруы. Өнердің нағыз мәні мен міндеті, қызметі де осындай табиғатында. Абай лирикасынан өнерге тән осы катарсис үдерісінің бейнеленуін анық аңғарамыз. Осы үдерістің негізгі ерекшеліктері «Адамның кейбір кездері» өлеңінде ашылған деп ойлаймыз. Мысалы, өлеңнің алғашқы шумағында автор ақындық шабыт пен интуиция жайын:

Адамның кейбір кездері  
Көңілде алаң басылса;  
Тәңірінің берген өнері  
Көк бұлыттан ашылса.

деп айта келе, екінші және төртінші шумақтарда катарсистік күйді береді:

Сылдырлап өңкей келісім  
Тас бұлақтың суындай,  
Кірлеген жүрек өз ішін  
Тұра алмас әсте жуынбай.

Сонда ақын белін буынып,  
Алды-артына қаранар.  
Дүние кірін жуынып,  
Көрініп ойға сөз салар.

Міне, осы шумақтардағы «Кірлеген жүрек өзі үшін... Дүние кірін жуынып...» деген поэтикалық тіркестер ақынның арылу, тазару күйін айқын аңғартады. Адам жүрегінің катарсистік осындай күй кешетіндігін Абай «Он жетінші сөзіндегі»: «Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» – дейді деген ойларынан анық аңғарамыз. Жоғарыдағы өлеңге оралар болсақ, ары қарай ақиқатты ту еткен ақынның аса шыншыл бейнесін көреміз:

Әділет пен ақылға  
Сыналып көрген-білгенін,

Білдірсе алыс, жақынға  
Солардың сөйле дегенін.

Осындай сәтте интуиция белсенді, шабыт оянған: «Ұйқыдан көңіл ашар көз...». Бұл шақта ақын дәстүрлі ойлау шеңберінен шығып эстетикалық және философиялық жаңаша танымға еркін және батыл қадамдар жасайды. Мысалы:

Қуатты ойдан бас құрап,  
Еркеленіп шығар сөз.

және:

Ызалы жүрек, долы қол,  
Улы сыя, ащы тіл  
Не жазып кетсе, жайы сол,  
Жек көрсендер, өзің біл.

деген өлең жолдары ақындық танымның осындай мазмұнын анық аңғартады. Біздің ойымызша, Абайдың еркіндігі мен батылдығы оның жаңашылдығының да негіздерінің бірі деуге толық болады. Себебі, Абай сияқты аса дарынды тұлғалар және реформаторлардың барлығы да батыл ойлы адамдар. Өзгеріске, жаңалыққа барудың өзі аса үлкен батылдық. Бұл жөнінде Абай «Отыз сегізінші сөзінде» былай деп жазады: «Бұл хақимдер ұйқы, тыныштық, әуес-қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығармақлығына, яғни электрді тауып аспаннан жайды бұрып алып тұрып, от пен суға қайласын тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы... хаһ пен батылдықты айырмақты үйреткендігі – баршасы нәфиғлық болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дағуа жоқ». Осы ойлар Абайдың жаңашыл һәм батыл тұлғаларды айрықша бағалауы. Осындай бағаны реформатор ретінде біз Абайдың өзіне қаратып та айтуымызға толық болады.

Абайда «жүрек» концептісі шешуші маңызда екенін айттық. Бізге осылай деуге әлбетте ойшыл ақынның тікелей өзі толық мүмкіндік береді. Өйткені ақынның танымында жүрек сезінуші, толғанушы, тебіренуші қасиетке ие.

Адамның ізгі қасиеттері, махаббаты мен құштарлығы – жүректе. Әділеттің таразысы, да, мейірімнің қазынасы да – жүрек. Абайдың жүректі айрықша бағалауын «Әуелде бір суық мұз, ақыл зерек», «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас», «Жүректе қайрат болмаса», «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» сияқты өлеңдерінен және «Он жетінші сөзінен» оқимыз. Осы шығармалар бізге шығармашылық адам үшін жүректің қаншалықты маңызды екенін айғақтайды. Жүрегімен сезіну, жүрегімен қабылдау, жүректің айтқанын істеу, жүрегімен сүю мен мейірлену, жүрегін таза ұстау немесе былғап алу осының бәрі де, баршасы да шығармашылық иесінің көңіл күйін, эмоциясын, объективті және субъективті көзқарастарын, жалпы әлемдегі құбылыстарға қатынасы мен бағасын жасайды. Олай болса, жалпы өнер адамының жаратылысты, қоғамды, адамды, оқиғалар мен құбылыстарды сезінуі мен оларға баға беру үдерісінде жүректің орны айрықша. Абай осыны жақсы сезінген, сөйтіп жүрегіне бағындырған.

Интуиция – жалпы көркемөнердің жаны мен қуаты. Өйткені егер әрбір өнер туындысын қайталанбас қолтаңбаның жемісі дейтін болсақ, әрбір қаламгердің шығармасы осындай алуан сәттегі интуициялық көңіл күйінен туындап, соған орай шығарманың даралығын қамтамасыз етеді де, тың, соны сипатымен ерекшеленіп, көркемөнерге тән барлық қасиеттерге ие болады.

Сондықтан да көркемөнердің жаңалықты болуы үшін интуицияның орны аса маңызды.

Жалпы шығармашылықты қалыптастыратын қасиеттердің қатарындағы интуицияны көне антикалық дәуір ойшылдары Демокрит, Платондар оны «ішкі зерде», «көз» деп атаса, Шығыстың атақты шайыры Руми:

Ей бауырым, мұны қалай байқарсың,  
Жасқап тұрса жүрек көзін шаштарың.  
Жүрек көзін тазартарсың дерттерден,  
Содан кейін бәрін-дағы аңдарсың, –

депті. Антик дәуірінің ойшылдары да, Руми да, Абай да «интуиция» деген терминді қолданбағаны түсінікті. Оның орнына «көз» ұғымын қолданғанын келтірдік. Абай да осы сөзді жүрекпен байланыстырып қолданған. Мысалы:

Жүректің көзі ашылса,  
Хақтықтың түсер сәулесі  
Іштегі кірді қашырса  
Адамның хикмет кеудесі, –

дейді. Абай танымында интуитивті сезіну дегеніміз – «жүректің көзі». Ол – Хақтан яғни Жаратушыдан келетін «сәулені» қабылдаушы. Сол кезде адамның кеудесі керемет, ғажайып күйге еніп, яғни «хикметті» сезінеді. Бұл ақынның жүрегі мен санасына шабыттың сәулесі түскен кез.

Абай шығармаларындағы «жүрек» ұғымының концептілік және танымдық мәні жөнінде мынадай негізгі тұжырымдарға қол жеткізуге болады. Біріншіден, ақын ұғымында жүректің бағасы – ең әділ баға: «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды»; Екіншіден, жүрек адамның ең қымбаты: «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма?!»; Үшіншіден, адамның батылдығы жүрегінде: «Жау жүрек жомарт құбылмай; Жігіт қой ер көкірек, жау жүрек деп». Төртіншіден, адамның мейірімі жүрегінде: «Достық пен жүрек еріп, тәуір еттік»; Бесіншіден, жүрек адамның ойын қозғаушы: «Жүрек тербеп, оятар баста миды»; Алтыншыдан, өмірден торыққанда жүрекке күш түседі: «Мүз жүрегім май сықылды, Еріп от боп күйді жанып»; Жетіншіден, адамның ерік бермес құштарлығы да жүрегінде: «Басы қатты сұм жүрегін, Тоқтата алмай кетті де». «Жүрек» концептісі Абай еңбектеріндегі осы сияқты маңызды ұғымдармен сабақтастырыла қарастырылуы тиіс деп ойлаймыз.

«Көңіл» концептісі

Жүрекке интуитивті таным тұрғысынан жалғасатын көңіл концептісі Абай шығармаларында 211 рет әр түрлі мәнде, орайда қолданылған. Бұл ұғымның соншалықты жиілігі мен алуандығын Абайдың әрі ақын, әрі ойшыл болуымен түсіндіреміз. Ақын ретінде ол ұғымның ассоциациялық өрісін бейнелейтін болса, ойшыл тұлғасында таным үдерісінің сыры мен сынын жақсы аңартқан. Адамның алуан түрлі әсерленуін, қабылдауын және бағалауын көңілімнің санасы, көңілімнің сарасы, көңілдің күйі, көңілдің ойы, көңілдің көзі, көңілдің жүгі, көңіл құсы, сезімпаз деген тіркестермен мәністейді.

Абай М.Ю.Лермонтовтан аударған «Өзіңе сенбе, жас ойшыл» өлеңінде:

Тіл өнері дертпен тең.  
Көңілдің жүгін қиял қыл,



дейді. Ақынның бұл ойы көңілі шын сезінгенді, қабылдағанды ғана жазу қажеттігін айтқаны. Осы мәселенің ғылыми жағына үңілер болсақ, Гегель сөз өнеріндегі рух, сезім табиғаты туралы баяндай келіп: «Рухтың мазмұнын айту үшін реалды болмысты өзінің ішкі өмірінен іздейді, өйткені мұндай мазмұн оның ішкі әлеміндегі қиялға тиесілі» деп тұжырымдайды [9, 346, 347]. Бір ортақ шығармашылық құбылысты қазақ ақыны поэтикалық аса ықшам мазмұнда берсе, неміс философы теориялық түсіндіру мәнінде жеткізген.

Ойшыл ақынның өнер, өлең, шабыт туралы жазылған классикалық шығармасының бірі – «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» өлеңі. Автор:

Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа,  
Адам ойы түрленіп ауған шақта

деп бастап, алдымен шығармашылық шабытты бейнелейді. Өлеңнің келесі шумағындағы «Жүрек тербеп, оятар баста миды» делінген жалқы тармақтағы жинақы ойда терең мағыналы идея бар. Мұнда шынайы шығармашылық үдерістің логикалық-эстетикалық табиғаты қамтылған: сезінуден ерекше әсерленген жүректің сананы, интуицияның интеллектіні қозғайтын қуаты шебер суреттелген. Бұл дарын иелерінде болатын шығармашылық күйдің бастапқы тебіреністі сатысы. Сезім кернеуімен әсерленген жүрек адамның санасына бірден тікелей сигнал береді. Сөйтіп ол сезіну сатысынан ақыл арқылы қорыту сатысына көтеріледі. Соның нәтижесінде шығармашылық иесінің бойында интуитивті, яғни иррационалды танымнан сана деңгейіндегі қабылдау арқылы рационалды таным пайда болады. Осы идея «Отыз сегізінші қарасөзінде» дамытыла түседі.

#### Интуиция және интенция

Интуитивті таным құбылысын талдау үшін тағы да бір аса маңызды ұғымға баруымыз қажет. Ол «интенция» ұғымы. Дәл осы термин шығармашылыққа қатысты ұғымдарды жинақтап көрсете алады. Латын тіліндегі «intentio» ұғымы «ниеттену», «талпыну» деген түсініктерді береді. Абай шығармаларында жалпы «интенция» ұғымы осыған мәндес «жаһат», «жәһәт», «ниет», «ықылас», «ынта», «пейіл», «бейіл», «пиғыл», «фиғыл» сияқты сөздермен беріледі. Бұл ұғым хадистерде, дәстүрлі араб философиясы мен құқығында «ният» термині арқылы ұсынылады. Біздің ойымызша, ол Абайға басқа да көптеген ұғымдармен бірге Исламнан келгені ақиқат.

Ислам ілімі негізіндегі таным Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде мейлінше жүйелі көрінетіні жалпы танымға байланысты екенін жазған болатынбыз. Оны «жаһат», «жәһәт» ұғымдары арқылы берген демек, танымның алғашқы шарты ниетте. Ол үшін фатлұбни болуы шарт, бұл дегеніміз – талаптану. Ниет дұрыс және талап оң болуы үшін сафлық керек. Ол – адамның ішінің, ықыласының тазалығы. Осыларға қоса иждиһад керек. Бұл жөнінде: «Бәрінің хикметі бар, бәрінің себебі бар, біздің ғауам былай тұрсын, ғылымға махаббаты барларға себеп, парыздарды білмекке ижтиһад ләзім, сіздер әрбір ғамал қылсаңыз ізгілік деп қыласыз, ізгілікке бола қасд етіп, ниет етесіз», – дейді. Абай сөйтіп терең ойы арқылы таным үшін махаббат, ниет, иждиһад қажет екені жөнінде маңызды философиялық тұжырым жасайды. Интенция танымның бастапқы маңызды сатысы болса, ары қарай хауас сәлим, яғни сезім, әсерлену арқылы қабылдау мұлахазаға бастайды. Ол дегеніміз – интуиция арқылы танымның ақылмен қорытылуы, нақтырақ айтатын болсақ, интуитивті иррационалды танымның рационалды танымға ұласуы. Осы қос таным арқылы біз дүниенің муафихын, яғни үйлесімін және тәхминін, яғни шамасын танымақпыз.



Абайдың танымын сипаттайтын бұл ұғымдар жай сөздер емес, біздің ойымызша, әрқайсысы да концептілік мәндегі категориялар. Олардың өзара қисынды және органикалық селбесуін біз кеңірек қарағанымыз жөн. Сөйтіп осыдан өрістеп, Абай шығармашылығын әдіснамалық тұрғыдан жекенің тұтастануы және тұтастықтың жекеге әсері тұрғысынан, яғни ойшыл ақын танымындағы дедукция мен индукцияның сабақтасуынан қарағанымыз абзал.

Философиялық тұрғыдан келгенде, индуктивті танымнан дедуктивті танымға және дедуктивті танымнан индуктивті танымға қарай. Бір қызығы, Абай туралы естеліктерде индукция мен дедукция туралы сұрағаны жазылған. Демек, ол осы құбылысты білген деуге негіз бар.

Интуитивті танымның осындай сатылары бізге Абайдың дүниетанымын жақсырақ, жақынырақ білуге көп мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, бұл мәселе аса өзекті, дендеп зерттеуді қажетсінеді.

Интуиция және интеллект

Шығармашылық үдерісте интуиция қалай маңызды болса, интеллект те сондай маңызға ие. Асылы, осы екеуінің тығыз бірлігі шығармашылық дарынның негізін құрайды. Сондықтан олар қашанда диалектикалық, органикалық тығыз бірлікте. Егер интуиция субъективті эмоционалды идея, пафос болса, интеллект – интуициядан өрістеген осы идеяны жинақтаушы, реттеуші һәм қорытушы. Сондықтан да шығармашылық таным тұрғысынан қоскомпонентті, интуиция идея береді, интеллект өзіне тән логика арқылы көркем идеяны көркем формаға айналдырады. Бұл арада субъективті таным мен объективті таным өзара тұтасады да туындыны өмірге келтіреді.

Интуиция интеллектіге қозғау салып айрықша серпін береді, ойды оятады. Сондықтан олар көркем шығармашылықта, бәлкім шығармашылықтың барлық түрінде өзара ажырағысыз бірлікте. Осыдан шығып шығармашылықта интеллектіні интуитивті, ал интуицияны интеллектілі деуге болады. Екеуі бірігіп таным үдерісін іске қосады. Интуициясы күшті шығармашылық иесінің интеллектісі де жоғары болады. Мұндағы интеллект академиялық мағынадағы білімнен гөрі табиғи таза танымға қатысты. Егер интуицияны шығармашылық қуат дейтін болсақ, интеллектіні шығармашылық қор деген жөн.

Интуиция поэзия үшін интеллектінің бастауы, Абайша айтсақ: «Жүрек тербеп, оятар баста миды», «Жүректе қайрат болмаса, Ұйықтаған ойды кім тұртпек». Осы философиялық мәндегі поэтикалық пікірлер арқылы Абай иррационалды танымның рационалды танымға ұласуын айтқан. Асылы, Абай шығармашылық актіні суреткер ақын және аса ірі ойшыл ретінде барынша сезінген және мұндай шабытты шақтарды әлденеше рет өзінің басынан өткерген.

Екеуінің өзара диалектикасы және қуаты, энергиясы бір-біріне ықпал етіп, соның нәтижесінде интуиция күшті болған сайын интеллекті де күшті немесе интеллект күшті болса, интуиция да сондай болады. Ал олардың пайда болуына келсек интуицияны шабыт тудырады, ал интеллект жинақталған ой қуатының жемісі, екеуі бірігіп қаламгердің шығармашылық тұлғасын қалыптастырады. Егер интуиция әр шығармашылық иесіне тән субъективті эмоционалды идеяның жемісі дер болсақ, онда қаламгердің даралығын қалыптастырады.

Интуиция субъективті, интеллект концептуалды, сонымен бірге эйдетика-лық, яғни бұрыннан бар ұғымдарды тың, жаңа семантикалық өріс аясында бейнелейді. Яғни интуиция адам түйсігіндегі әр алуан ассоциацияларды жаңғыртады, жандандырады, міне осындай үдеріс нәтижесінде көркем шығармашылықтың үйлесім, әсемдік, бейнелілік сияқты маңызды ерекшеліктері пайда болады. Ақынның немесе суретшінің қиялы арқылы біз сөздердің немесе бояулардың, формалардың әр алуан композициясы мен комбинациясын көреміз. Әлбетте, бұл

ретсіз, жүйесіз дыбыстар, сөздер немесе бояулар емес, ақынның интуициясы арқылы туған, интеллектісі жүйелеген қисынды көркем идеяның мазмұнды формалары.

Жалпы интуиция және интеллект танымның, оның ішінде шығармашылық танымның жеке және өзара сабақтас бағыттары ретінде арнайы зерттелінуі тиіс.

Интуиция және әдеби үдеріс

Әдеби үдерісті, әдебиет тарихын және әдебиет өкілдерінің шығармашылығын тану мен дәуірлеу барысында көбінесе біз қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге, сөз өнеріндегі тақырыптарға, идеяларға немесе жанрлар, стильдерге барынша мән үстемелейміз. Әлбетте, бұл дұрыс десек те, оларға танымдық жағынан да мейлінше маңыз бергеніміз жөн деп ойлаймыз.

Абайдың шығармашылық интуициясы жеке тұлғаның өнернамасындағы құбылыс болуымен қоса, бұл жалпы ұлттық әдебиеттің даму үдерісіндегі үлкен ілгерінді жаңалық. Өйткені танымдық мәндегі осы құбылыс арқылы қазақ сөз өнерінде жаңа мазмұндағы бетбұрыс пайда болды. Бұл біріншіден, аса ірі шығармашылық тұлғаның әдебиетке келгенін және сол арқылы тың әдеби-көркем һәм идеялық жаңалықтардың болғанын көрсетсе, екіншіден, Абай өнер мәніндегі әдебиеттің шынайы шығармашылық табиғатын танытты. Біз Абайды қазақ сөз өнеріне үлкен реформа жасаған аса ірі суреткер дегенде оның танымдық мазмұндағы осы дәуірлік жаңашылдығын айрықша бағалауымыз керек.

Абайдың қос танымын, яғни сезім және ой арқылы қабылдауын әдеби үдеріспен алғаш байланыстырған Сәбит Мұқанов болды. Ол: «Абай зор сезім мен зор ақылдың басы түйіскен жерден шыққандықтан және сол зор сезім мен зор ақылға зор білім қосылғандықтан ғана қазақ әдебиетінің тарихында жаңа дәуірді бастаушы болып отыр. Егер онда зор сезім мен зор ақыл болмаса, Шығыстан, Европадан кітапты көп оқумен Абай бола алмас еді», – деп аса білгірлікпен жазды [10,149]. Осы пікірде біріншіден, Абайдың сезім арқылы интуитивті танымы қазақ әдебиеті үшін аса үлкен дәуірлік бетбұрыс жасағаны айтылса, екіншіден, біздің осы еңбекте жазғанымыздай, шығармашылық адамы үшін тек білім ғана емес, сезім мен ақыл арқылы ғана шынайы дарын бола алатыны нақты түрде айтылғанын көреміз.

Абайдың терең танымынан қазақ әдебиетінде алғаш рет өлеңнің өнер екенін шынайы түсіну мен бағалау басталады. Оның алдындағы дәстүрлі ақындарда осы идеяның тек бастапқы кейбір нышандары ғана байқалды. Шығармашылық интуицияны зерттеуші француз ғалымы Ж.Маритен Еуропа әдебиетіндегі осыны «маңызды тарихи құбылыс» ретінде бағалай келеді де: «Поэзияға өзінің төл рухани болмысы ашылғаннан кейін, ол барынша терең және артқа шегінбестен өзіне ғана тән рухани тәжірибеге бойлай берді», – деп жазды [11,167]. Өлеңнің, жалпы өнердің шынайы табиғатын, содан тікелей өрістеп мәні мен маңызын шығармашылық иелерінің барынша түсінуі мен сезінуі, бағалауы бір жағынан, әдебиет пен өнердің жаңа сапалық деңгейге жеткенін, екінші жағынан қоғамның да сондай қабылдауы мен қажеттілігін байқатады.

Абайдың өленді өнер ретінде шынайы бағалауы «Мен жазбаймын өленді ермек үшін», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Адамның кейбір кездері» және тағы басқа өлендерінен анық аңғарылады. Сондай-ақ оның музыкаға арналған өлендерінде де өнердің табиғаты ашылған. Бұл жөнінде ақынның өзі де: «Алты өлеңмен білдірдім әннің жайын» дейді. Жалпы осы мәселені «Абайдың эстетикасы» тақырыбы аясында зерттесек, онда Абайдың және жалпы ұлттық әдеби үдерістің барысы мен баяны жөнінде бірқатар маңызды мәселелер айқындалмақ.

Қазақ әдебиетінің сан ғасырлық ұзақ тарихында Абайды бетбұрыс жасаған ойшыл ақын дер болсақ, осы тарихи еңбегінің астарында терең танымы жатыр. Сол арқылы ол шығармаларына арқау еткен құбылыстардың сыры мен сипатын, олардың өзара тысқы



және ішкі байланыстарын, жаратылыстың эволюциясын білді, ең бастысы сезінді. Ақынның осы ерекшелігін алғаш байқаған А.Байтұрсынұлы: «Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендігінен», – дейді [11,12]. Бұл пікірдегі «арғы асылынан қарап» дегенін ойшыл ақынның иррационалды сезіну арқылы «сөйлегендігінен» деп ойлаймыз. Айталық, Абай интуитивті сезінген құбылыстарды аса мәнді өміршең идеяларға айналдырды. Ол өзінің жүрек сырына жүгіне келе, ішкі әлеміне бойлап, жалпы жаратылыс, адам және қоғам туралы биік ойшылдық деңгейде маңызды тұжырымдар жасады. Интуитивті таным тереңдігі Абайды жыраулар мен дәстүрлі ақындық поэзиядан ерекшелендіретін ең басты қасиеттерінің бірегейі.

Ойшыл ақынның интуитивті таныған шындығы мен мейлінше рационалды танымдағы дәстүрлі дидактика мен риторика арасында айырмашылық бар. Дәстүрлі әдебиеттегі осы екі ерекшелік өнерлік құбылысқа қарағанда қолданбалы, утилитарлы сипатта болды. Ал Абайдың поэзиясы әсерлену мен сезінуге негізделген интуитивті танымның нәтижесі болды да өзінің негізгі өнерлік табиғатын сақтады. Абайда да дидактикалық және риторикалық мазмұнға жақын идеялар мен көркем формалар баршылық. Дегенмен олар алдымен интуитивті танымнан өрістегендіктен, мұнда өнерге тән эстетикалық мазмұны мен этикалық мазмұнның басымдығы сақталған. Ойшыл ақынның Жаратушы, дін жайындағы өлеңдерінің моральдық-этикалық мақсатына қарасақ, қисынына орай олар таза дидактикалық сарында болуы керек еді. Дегенмен, бұл өлеңдерді оқу барысында тікелей насихат мақсатындағы шығармалармен емес, автордың субъективті сезімі мен объективті толғаныстары тең өрілген аса көркем лирикадан әсерленеміз. Мұнда тікелей насихат емес, Алланы шексіз сүю, іліміне нағыз ақиқат ретінде ой жеткізу мейлінше эстетикалық мазмұнда берілген.

Абай лирикасы арқылы қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет өлеңге, сол арқылы жалпы сөз өнеріне эстетикалық және философиялық баға берген ойшыл ақын екенін жаздық. Баршамызға мектептен белгілі бірер шумағын мысалға келтірейік:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,  
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап, –

дейді. Алғашқы шумағы – автордың өнер туындысы ретіндегі өлеңге берген талабы мен бағасы. Келесі қос тармақ – өзінің алдындағы риторикалық әдебиетті сынауы. Осы ойды өрістетсек, онда Абайдың жалпы өнерге, нақты өлеңге қойған талабын әдебиет пен музыкаға арналған өлеңдерінен анық аңғаруға болады. Ол жөніндегі ойларымызды шығармашылық интуициясына байланысты келтірілген өлеңдерін талдау барысында айтқан болатынбыз.

Абайға дейінгі әдебиет өнерлік функцияға қарағанда мейлінше қоғамдық функцияны атқарып келгенін білеміз. Сондықтан да мектеп, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда, зерттеулерде осыған барынша мән беріліп, әдебиеттің тарихы қоғамның дамуымен тікелей байланыстырылады. Дегенмен егер оларды «сөз өнері» дейтін болсақ, онда тиісінше сол кезеңдегі шығармаларды эстетикалық мазмұны тұрғысынан да қарастыру міндетті болмақ.

Абай әдебиетті өзінің табиғи өнерлік функциясына қарай бұрды. Сондықтан да «Сөз

түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп жаңа поэтиканы жариялады. Өзінің алдындағы Бұхар жырауды, Дулат пен Шортанбайды сынауы да осыдан. Жалпы «Абайға дейінгі және Абай поэзиясы» және «Абай поэзиясы және одан кейінгі қазақ әдебиеті» деген ғылыми тақырыптар барынша таза эстетикалық, интуитивті шығармашылық таным тұрғысынан әлі де нақтылануы қажет деп ойлаймыз. Сол арқылы біз ұлттық әдеби үдерістің барысын, арналарын және бағыттарын мейлінше дәлірек тануға, бағалауға барынша қол жеткіземіз деп ойлаймыз.

**Қорытынды.** Абай шығармашылығын интуитивті танымымен сабақтастыра қарастыру бізге ақындық һәм ойшылдық табиғатын мейлінше объективті тұрғыдан қарауға көп мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, бұл мәселе аса өзекті, дендеп зерттеуді қажетсінеді.

Абайдың шығармашылық интуициясын зерттеу арқылы мынадай маңызды нәтижелерге қол жеткіземіз:

- шығармашылық акт, үдеріс табиғатын тануға болады;
- дара шығармашылық тұлғасы танылады;
- таным табиғатын көрсететін поэтикалық және философиялық ойлары жүйеленеді;
- жалпы ұлттық таным үдерісіне әкелген жаңалықтарының генезисі ашылады;
- философиялық ойларын онтологиялық, гносеологиялық және аксиологиялық аспектілерде қарастыруға барынша мүмкіндіктер ашылады;
- қазақ әдебиеті тарихының үдерісін мейлінше дәлірек тануға және объективті жүйелеуге ғылыми алғышарттар жасалады;
- әдеби-теориялық тұжырымдар жасалып және негізделіп, ұлттық әдебиеттанудың әдіснамасы жетілдіріледі.

### Әдебиеттер тізімі

1. Кант И. Критика чистого разума. Москва, 1964
2. Кант И. <https://aphoristic-world.ru/person-quality/3355-intuitsiya.html>
3. Аймауытұлы Ж., Әуезов М. Абайдың өнері һәм қызметі. //Абайтану антологиясы. I том. Алматы: Қазақ университеті, 2021. Жұбанов Қ. Абай – қазақ әдебиетінің классигі. //Абайтану антологиясы. I том. Алматы: Қазақ университеті, 2021. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. Монография//Абайтану антологиясы. V том. Алматы: Қазақ университеті, 2021
4. Абайұлы Т. Әкем Абай туралы//Абай туралы естеліктер. Семей, 2022
5. Платон. [https://iphras.ru/elib/Or1\\_2.html](https://iphras.ru/elib/Or1_2.html)
6. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан//Абайтану антологиясы. V том. Алматы: Қазақ университеті, 2021
7. Мағжан. Шығармаларының академиялық толық жинағы. 3 том. Астана, 2023.
8. Жанатайұлы К. «Мен енді өлеңімді өзім аламын дейді»//Абай туралы естеліктер. Семей, 2022
9. Гегель. Эстетика. В четырех томах. Том третий. Москва: Искусство, 1971
10. Мұқанов С. Абай Құнанбаев //Абайтану антологиясы. III том. Алматы: Қазақ университеті, 2021
11. Маритен Ж. Творческая интуиция в искусстве и поэзии. Москва, 2004
12. Ахмет. Шығармаларының академиялық толық жинағы. II том. Алматы, 2023



**ЭРМЕРС Роберт**

*түркітанушы, арабтанушы, PhD,  
профессор Нидерланды Корольдігі*

## **АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ГОЛЛАНД ТІЛІНЕ АУДАРМА ТӘЖІРИБЕСІ ТУРАЛЫ**

Құрметті конференцияға қатысушылар, қымбатты әріптестер!

Қазақтың ұлы ойшылы, ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған конференцияға қатысқанымға өте қуаныштымын. Мен үшін Абайдың өлеңдер жинағы мен оның философиялық ой-толғаулары қазақ әдебиетімен таныса бастағанымда алғашқы кітаптардың бірі болды. 1990 жылдардың басында Еревандағы университетте түрік және араб тілінде докторлық диссертация жұмысын жазу барысында қазақ тілін үйренуді ұйғардым. Ол кезде шетелдіктер үшін қазақ тіліндегі оқулықтар өте аз болды, көбінесе орыс тілінде болды. Абай өлеңдерін оқи отырып, түркі әдебиетінен таныс көптеген түркі сөздерін үйренгеніме қуандым. Бірнеше жыл Алматыда тұрып, Мұрат Мұхтарұлы Әуезовпен бірге Жидебайда, Мұхтар Әуезовтің туған жері Бөріліде, Семейде болдым. Қазақ елінің тарихи орындарын араладым. Біз үшін тарихи орындарды балаларымызға көрсету өте маңызды болды. Осы уақытқа дейін мен Мұхтар Әуезовтің шығармаларын қазақ тілінде оқып, «Көксерек» әңгімесін голланд тіліне аудардым. Әуезовті оқи отырып, өмір бойы ғылыми және әдеби ізденістерінің басты шабыттандырушысы Абай болғанын түсіндім.

2020 жылы Абайдың 175 жылдық мерейтойында біз қара сөздерінің жаңартылған аудармасын голланд тіліне аудару жұмыстарына кірістік. Голланд тіліндегі аударма қазақ тілінен емес, Абай қара сөздерінің орыс тіліндегі аудармасы арқылы жүзеге асырылды. Онда біз түзеткіміз келген бірқатар дәлсіздіктер кездесті. Аударма жасау кезінде мен үшін ең алдымен қара сөздер қызықты болды. Егер оны басқаша сипаттап көретін болсақ, онда бұл әңгіме немесе тыңдаушыға үндеу түрінде қазақ қоғамының ағарту дәуіріндегі айтқан дәріс деп бағалауға болады. М.Әуезов жазғандай: «Жалпы алғанда Абайдың қара сөз дейтін мұралары көркем прозаның өзінен бөлек, бір алуаны болып қалыптасады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Стилль, мазмұн жағынан алғанда осы шығармалар Абайдың өзі тапқан бір алуаны көркем сөз түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді». Қара сөздердің жаңа аудармасы голланд оқырмандарының қызығушылығын тудырды.

«Телеграф» газетінде 2020 жылғы тамызда жалқаулық пен еріншектікті сынайтын қазақ кітабы туралы мақала жарық көрді. Философиялық эссе жанрымен голландиялық оқырмандар жақсы таныс. Өз еңбектерінде адамның зұлымдығы, қоғамы, табиғаты мен мақсаты туралы айтқан Абайдың замандастырының арасында Голландияда белгілі жазушылар болды.

Мен қазақ әдебиетінің шығармаларын басқа халықтың тілдеріне аудардым және оларды танымал студия аса маңыздылығын атап өткім келеді. Әдеби байланыстар қандай да бір шығарманы қалыптастыратын халықтардың мәдени сипатын контекстері мен ерекшеліктерін тереңірек түсінуге бір-бірімен алшақ және алыс көрінетін контекстері ортақ нәрсені көруге мүмкіндік береді.

ТОҚТАРБАЙ Елдос

Анкара Қажы Байрам Уәли университеті, e-mail:  
yeldos@toktarbay.com ORCID: 0000-0003-0346-2246

## АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ОЯН» ТАҚЫРЫБЫ: МОТИВ ЖӘНЕ ИНДЕКС КОМПОНЕНТІ

IX ғасырдың екінші жартысы – қазақ әдебиетінде ұлттық сананың оянуына түрткі болған тарихи кезең. Бұл тұста орыс отаршылдығы күшейіп, елдің дәстүрлі құрылымы ыдырап, рухани-мәдени іргетасы шайқала бастаған шақ еді. Міне, осындай кезеңде Абай Құнанбайұлы поэзиясы қазақтың ұлттық ой-санасын оятуға, ел ішіндегі рухани ұйқылы-ояу халді сынға алуға бет бұрды.

Абай шығармашылығындағы «Оян» тақырыбы – тек жеке бір мотив емес, ол тұтас интеллектуалдық, моральдық серпіліске шақырушы өркениеттік бағдар ретінде көрінеді.

Мотив – шығармадағы тұрақты қайталанатын психологиялық, идеялық, немесе әрекеттік жүйе. Абайдың «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?» деген өлеңінде [1] бірнеше өзекті мотивтер көрінеді:

1. Ояну және рухани дерт мотиві. Мысалы, «Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым». Бұл жол – Абайдың өзіне де, халқына да қарата айтқан рухани сергектік мотиві. Ол «ояну» арқылы өмір мен қоғамның сырын ұғынғанымен, толық әрекет ете алмағанына өкінеді.
2. Жалғыздық мотиві. «Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!», «Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме!». Бұл жерде Абай қоғаммен келісе алмаған рухани тұлғалық жалғыздығын сезіндіреді. Ол жақсы мен жаманның, жарық пен түнектің арасында сандалып жүрген бейнеде көрінеді.
3. Тағдыр мен еріксіздік мотиві. «Ой кіргелі тимеді ерік өзіме», «Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма?». Ақын өз өмірін тағдырдың еріксіз ноктасына түскен жан ретінде сипаттайды. Бұл ерік бостандығы мен қоғамдық қысым арасындағы қарама-қайшылықты суреттейді.

Индекс компоненттері дегеніміз – белгілі бір символдық мағынасы бар тұрақты бейнелер, поэтикалық кодтар. Бұл өлеңде бірнеше индекс-компоненттер анық көрінеді. Мұны Абай өлеңінің индекстік компоненті мен мазмұндық жүктемесіне зер салғанда байқаймыз: Мәселен, «Жүрек» (Рухтың, адамгершіліктің символы. Жүрек – «махаббат, ғадауат» арена); «Қара жер» (Ақырет, мәңгілік тыныштық, тазару орны); «Өлең» (Өмір мәнін тарататын құрал, бірақ бір мезетте қауіпті «өсекші»); «Тағдыр» (Еріксіздіктің символы, адам өмірінің сыртқы бақылаушысы); «Ұйқы/Тыныштық» (Рухани шаршаған жанға қажетті демалыс. Ақын үшін бұл – реквием); «Сыртым – дүрдей, ішім – у» (Адамның ішкі қайғысы мен сыртқы маскасы арасындағы конфликт). Енді аталмыш шығармадағы «Оян» мотивінің көркем трансформациясына тоқталайық: Абай осы өлеңінде «оян» деген сөзді тікелей қолданбайды, бірақ оны метафоралық, бейнелі, философиялық құралдар арқылы жеткізеді. Мысалы, «Ерте ояндым, ойландым...» (Абайдың өз ішкі



жаңғыруын білдіреді); «Ой кіргелі тимеді ерік өзіме» (Ой мен ерік арасындағы тартыс); «Сен есірке, тыныш ұйықтат...» (Рухани тозудың нүктесі). Бұл өлең – рухани оянудың ең ауыр, ең қайғылы, бірақ ең шыншыл көрінісі. Мұндағы мотивтік желі: ерте оянған рух пен жете алмаған мақсаттың қайшылығы, ал индекс компоненттері: жүрек, өлең, тағдыр, жалғыздық арқылы ашылса, поэтикалық дыбыс пен ырғақ – қасірет пен үміттің арасында тербеліп тұратынын байқауымызға болады.

Асылында, Абай – оянған рухтың иесі. Бұл өлең – оның халыққа аманат еткен рухани тестаменті. Мотив – көркем шығарманың (поэзия, проза, драма) ішінде қайталанып отыратын, белгілі бір идеялық, эмоциялық немесе әрекеттік негізге ие тұрақты көркемдік элемент. Ол – кейіпкердің мінезін, оқиғаның дамуын немесе авторлық идеяны алға сүйрейтін мағыналық тірек.

Мотив – белгілі бір кейіпкердің мінез-құлқына немесе туынды құрылымына түрткі болатын қайталанатын ой, әрекет, бейне немесе эмоциялық жағдай. Ол – идеяның көркемдік қозғаушы күші. Міне, көркем әдебиеттегі мотивтің негізгі қызметі – осы. Ендеше, «Оян» мотиві және оның поэтикалық негізін қарайық: Абайдың «оян» сөзі тікелей қолданылмағанмен, «аңғар», «сез», «түсін», «ақылға сал», «есінді жи» секілді сөз тіркестері осы семантикалық алаңды құрайды. Ақынның тағы басқа өлеңдерінен бірер мысал келтірейік:

«Қайнайды қаның, ашиды жаның,  
Мінездерін көргенде көп қазақтың...»  
(«Болыс болдым, мінеки»)

«Жүрегіннің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла...»  
(«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»)

Бұл үзінділерден көрінетіні – Абайдың рухани күйзелісті сезініп, ұйқыда жатқан халықты оятқысы келуі. Демек, «оян» мотиві – Абайда ақылмен түзеу, жүреппен сезіну, армен өмір сүру идеялары арқылы беріледі.

Қазіргі әдебиеттануда «мотив индексі» ұғымы шығармаларда қайталанып, белгілі бір семиотикалық мәнге ие тұрақты белгілерді білдіреді. Бұл тұрғыда Абайдағы «оян» тақырыбын мынандай индикаторлық компоненттер арқылы саралауға болады: «Ұйқы (ұйқы хәлі)» – «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» немесе «Есті, есер емес, естіген білер...»; «Ақыл» – «Ақыл мен қайраттан бірдей туса, іс болар»; «Ар-ұят, ождан» – «Кісіге қарап сөз алма, өз сөзіңе қара»; «Ғылым, білім» – «Ғылым таппай мақтанба» я болмаса «Интернатта оқып жүр...»; «Жауапкершілік» – «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан»; «Сыншылдық» – «Көптің аузын күзетсең, күн көрмейсің...». Абай шығармаларындағы осы ұғымдар – оянудың рухани-танымдық белгілері ретінде әрекет етеді.

Абайдың өмір сүрген кезеңі – отарлық жүйенің, патриархалдық құрылымның күйреуі, мұсылмандық дүниетаным мен еуропалық рационализмнің тоғысуы [2,3]. Осы тарихи шындық Абай поэзиясында халыққа «оятушы» үндеуге айналды. Бұл жерде «оян» сөзі тек физикалық сергектікті ғана емес, ұлттық өзіндік сана, әлеуметтік әділет, рухани жауапкершілік ұғымдарын білдіреді. Абайдың «Сегіз аяқ», «Жігіттер, ойын арзан...» өлеңдерінде қоғамға тікелей үндеу жасалады. Бұл үндеулер – ұйқыдағы сананы түрту емес, ұлтты ояту мен ұлт ретінде қайта жаңғыруға үндейтін идеялық вектор.

Абай және XX ғасырдағы «оян» концепциясының сабақтастығы өзекті мәселеге айналды. Абай шығармашылығы XX ғасырдың басындағы ұлттық интеллигенция үшін рухани іргетасқа

айналды. Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал» (1909), «Маса» (1911) кітаптары мен Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» (1909) жинағының идеялық-рухани өзегі де Абайдан нәр алды [4]. Осы еңбектердің эпиграфы ретінде Абайдың «Қалың елім, қазағым...» өлеңінен үзінді алынуы – сабақтастықтың дәлелі.

Абай – «оян» идеологиясының бастауында тұрған ойшыл. Абай Құнанбайұлының поэзиясындағы «оян» мотиві – рефлексия мен өрлеудің тоғысқан тұсы. Оның әр өлеңі – қазақтың рухани ішкі күйіне диагноз қойып, оны емдеудің жолын нұсқайтын мәтін. Абайда «оян» тақырыбы мынандай үш бағытта көрініс береді:

1. Рухани ояну – ар, ұят, иман, жүрек тәрбиесі;
2. Ақыл-ой оянуы – білімге, ғылымға, логика мен танымға үндеу;
3. Қоғамдық ояну – әділет, жауапкершілік, өз болмысына ие болу.

Абайдың бұл мотивін постколониялық әдебиетпен салыстырып, отарланған халықтардың ұйқылы-ояу күйін руханият арқылы түртпектеу әдістерін зерттеуге болады.

Абай – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы түркі дүниесіндегі ұлттық жаңғыру дәуірінің көшбасшыларының бірегейі. Оның ағартушылық, ойшылдық, ұлттық сана мен рухты оятудағы миссиясы өзбек Әлішер Науай дәстүрін жалғастырған Мұхаммеджан Вехбудий, қырым татары Ысмайыл бек Гаспыралы, қазан татары Шиһабуддин Марджани, башқұрт Зайнулла Расулев, Әзірбайжан Мирза Фатали Ахундов, түрік Намык Кемал, Зия Гөкалп сынды тұлғалармен үндес. Абайдың халықты оятушы ретіндегі қызметі – бүкіл түркі жұртының модернизациялық үдерісіндегі рухани серпілісінің жарқын үлгісі. Ол «өзгерісті сырттан емес, адамның ішкі рухани әлемінен бастау керек» деген идеяны ұсынды. Бұл тұрғыдан оны жоғарыда аталған түркі ағартушыларымен салыстыру тек мүмкін ғана емес, өте қажет те.

Бір сөзбен айтқанда, мотив – шығарманың жан жүйесі, идеялық жүйесін алға сүйрейтін көркем кілт. Демек, Абай поэзиясы мен прозасындағы (Қара сөздері) мотивтерді терең тану – шығарманың рухани қуатын, авторлық ұстанымды, қоғамдық контексті түсінуге жол ашады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Абай Құнанбайұлы. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: Ғылым, 1997.
3. Said E. Culture and Imperialism. – New York: Vintage Books, 1993.
4. Тоқтарбай Е., Кәрімхан З. Абай және Алаш. Абайтанудың кейбір мәселелері. – Астана: Алашорда, 2021.

**ҚИЫҚБАЙ Қуат**

*Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік  
музей-қорығының бөлім меңгерушісі*

**АБАЙДЫҢ ҚУҒЫНДАЛҒАН ҰРПАҚТАРЫ**

**Андатпа:** Мақалада Абайдың Кеңес Одағы тұсында репрессияға ұшыраған ұрпақтары мен олардың бастан кешкен тағдыры сөз болады. Екінші Дүниежүзілік соғыста опат болған ақын ұрпақтары олардың елдік жолындағы істері мен ерліктері баяндалады.

**Anotation:** The article will discuss the descendants of Abai who were repressed during the Soviet Union and their fate. The descendants of the poet, who died in the Second World War, tell about their deeds and exploits on the way to the country.

**Кілт сөздер:** Абай, ақын ұрпақтары, репрессия, этноцид, геноцид.

Өткен XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарынан бастап Кеңес Одағы тұсында тоталитарлық режим орнығып, ұзақ жылдар сталинизм зобалаңы дәуірледі. Қазақ елін Н.И.Ежов, Ф.И.Голощекин жүргізген саясат кезінде рухани дамуға орасан зор зиян келіп, қазақ оқығандары мен зиялылары жапа шекті. Айдалып, атылған, із-тозсыз жоғалған жандарда тіпті есеп жоқ десе де болады. Ер-азаматтар ғана емес әйелдер де, ұлт қайраткерлеріне тікелей қатысы бар қарындастары мен қыздары да АЛЖИР лагерінде азап шекті. 125 мың адам қуғын-сүргінге ұшырап, 25 мың адам сұраусыз-сотсыз ату жазасына кесілді. Жантүршігерлік тізімде Абайдың төрт баласы, сегіз немересі мен онға тарта шөбересі болғаны архив деректерінен мәлім. Халық жауының ұрпақтары немесе соларға тікелей қатысы бар адамдар ретінде Екінші Дүниежүзілік соғыс етігімен қан кешіп, санаулысы ғана есен-аман елге оралды.

Абайдың Әйгерімнен туған баласы Турағұл ақын, аудармашы. Жасында ауыл молдасынан сауат ашқан. Кейіннен өздігінен ізденіп орысша, арабша оқып, білімін ұштаған. 1904 жылы Кішік-Тобықты еліне болыс болып сайланып, 1905 жылы өз арызы бойынша болыстықтан босатылады. 1916 жылы болыс сайлауында Шыңғыс елінің болысы Біләл Құнанбаевқа кандидат болып сайланған. 1917-1920 жылдары ол Семей өңіріндегі Алаш қозғалысына белсене араласып, әр түрлі қызметтер атқарған.

Турағұл бала жасынан әкесінің қолында тәрбиеленген. Сондықтан Абайдың әрбір өлеңі қай кезде қалай жазылғаны және кімге арналғанын жақсы білген. Ол Кәкітай Ысқақұлымен бірге 1909 жылы Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағын Петерборда бастырып шығарған. Сондай-ақ, 1927 жылы Қазақ АССР комиссариатына тапсырған толық қолжазба жинақтың ғылыми құндылығы аса жоғары дерек көздері болып табылады. Турағұлдың соңғы аталған еңбегі бүгінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік Орталық музейінде сақтаулы.

Турағұлдың Абай мұрасын жинастырып бастыруда аса құнды мағлұматтар жазып, ақын шығармашылығының текстологиялық әуелгі түпнұсқаны қалпына келтіруі абайтану ғылымына



қосқан үлесі. Ол М.О.Әуезовке «Әкем Абай туралы» естелік жазып берген. Турағұлдың Абай туралы естеліктерінің қысқаша нұсқасы 1933, 1940 жылдары Абай шығармалар жинағында жарияланған.

Турағұл ақын болумен қатар домбыра, скрипкада шебер ойнаған. Оның қызы, әнші Мәкен әкесінен үйренген Абайдың 17 әнін нотаға жаздырған. Төңкеріс орнағаннан кейін Алаш-Орда өкіметінің белсенді мүшесі болып Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы, Әлімхан Ермеков сияқты ұлт зиялыларымен қоян-қолтық араласады. 1922 жылы Семейде Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатов тұтқынға алынады. Сол саяси науқанда Турағұл да түрмеге жабылып, төрт айдай қамауда болады. Ақшоқыда жатып, жазумен шұғылданады. Аударма жұмысымен айналысады. Ол М.Горькийдің «Челкаш» әңгімесін тұңғыш рет қазақ тіліне аударып 1924 жылы «Таң» журналының №3,4 сандарында бастырған. А.Неверовтың «Мен өмірге жерікпін», «Мария – большевичка (Москва, 1927) туындыларын және «Балалы әйел не білу керек» (Москва, 1927) деген ғылыми-медициналық кітапшаны аударып, бастырып оқырмандарға ұсынған. Турағұлдың келесі аудармалары «Антеқ» (Б.Прустан), Джек Лондонның «Баланың ерлігі» 1927 жылы «Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасынан» төрт мың данамен жарық көрген. Турағұл – Шәкәрім бастаған проза үлгісіндегі аударма жанрын ары қарай дамытқан. Абай шәкірттерінің ішіндегі нағыз аудармашылық биікке көтерілген адам. Турағұлдың өз ағасы Әбдірахманға т.б. арнаған өлеңдері Абай қорық-мұражайында сақтаулы.

1927 жылы Турағұлды қайтадан тұтқынға алып, 1928 жылдың көктеміне дейін түрмеде жатады. Түрмеден шыққан соң кәмпескеленіп, Шымкентке жер аударылады.

Турағұлдың үлкен баласы Ақыштың (Ақылия) естелігінде: «Мұқаң (Мұхтар) мен Тураш ағамның ақырғы кездесуі 1933 жылы болатын. Сол жолы Мұқаңның үйіне түскен. Алматыға келген соң Исаевқа (Ораз Исаев, Совнарком бастығы) арыз жазып: балаларым жоқ, өзіме жұмыс бермейді, рұқсат жоқ дейді. Аудармаларым басылмайды. Қалай күн көрем, не істеуім керек? десе Исаев: Әзір ештеңе дей алмаймын. Кейін көрерміз деп қайтарған» делінеді.

Турағұлдың зираты жайында қызы Мәкен: «Тураш ағам 1934 жылы 6 наурыз күні, 59 жасында қайтыс болды. Шымкент қаласының орталығындағы мұсылман зиратына жерленді. Кейін сол зираттың үстінен химзавод салыныпты. Завод салынар алдында Тураш ағаның сүйегін алатын жанашыр жақыны болмай, завод астында қалды. Ол кезде біз Шымкенттен ауысып басқа жаққа кеткен болатынбыз» деп жазады.

Турағұлдың інісі, Әйгерімнен туған ақынның екінші баласы Мекайыл да ағасы сияқты этноцид құрбаны. Ақынның өзге балалары сияқты арабша, орысша сауатты болған. Мекайыл данышпан ақын өлеңдерін түгелдей жатқа біліп, домбыра тартып, ән салып, әкесі жайлы білгендерін ел ішінде әңгіме етіп таратқан. М.Әуезов жас шағында Мекайылдың аузынан Абай туралы естеліктерін көп естіген. Ағасы Турағұл ауылымен бірге Ақшоқы маңайын, Тышқан деген жерді мекендеген. 1931 жылы бай баласы ретінде ұсталған. Сол жылы Семейде Түйемойнақ аралында жүзге жуық тобықты елінің адамдарымен бірге атылып кеткен.

Абайдың Әйгерімнен туған тағы бір ұлы Ізкәйіл (Зікеш) ағалары секілді көрсетіндіге тап болмаса да сол замандағы белсенділердің көзіне сүйел болғаны анық-ты. 1929 жылы аштық кезеңінде қаза құшқанын ескерсек Ізкәйілді де геноцид құрбаны деу орынды болмақ. Өзге туыстары жер аударылып жатқанда жай-күйінің жақсы болғаны түсінікті. Айналасындағылар «Зікеш» деп еркелеткен ақын баласы домбыра мен скрипка тартып, ән салатын өнері болған. Арапша оқып, білімін жетілдірген. Ағасы



Мекайылмен бірге 1917 жылы Ойқұдықта тұңғыш рет қойылған М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасында Абыздың ролін сомдаған. Мұхтар Әуезов Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін жинастыру үстінде Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» деп аталатын еңбегін осы Ізкәйілден алған.

Абай балаларының ішіндегі кенжесі – 1901 жылы өмірге келген Кенже Абайқызы. Шешесі – ақынның екінші жары өнерпаз Әйгерім. Кенже де жастайынан алдыңғы әпкелеріндей ақынның ақыл дариясынан кенде қалмай, бір жағы анасына тартып өнердің қыр-сырын ерте жастан ұққан. Тобықты ішіндегі алтыбақан, ойын-сауық кештерінде Абай әндерін орындап көпшілік құрметіне бөленсе, тағы бір жағынан әкесі Абайдың ән мұрасының кең етек жаюына, оны халық арасына таратуға көп үлес қосқан. Абайдың ел арасына тараған әндерін нақышына келтіре орындаған.

Оның әншілік қасиеті жайында Ахмет Әуезов: «Алтыбақан көбінесе Әйгерім апамның аулында құрылушы еді. Сондағы алтыбақанның иесі Абайдың қызы Кенже болатын. Өзі де әнді сылқылдатып салушы еді. Кенже әнін естіген Мұхтардың жаны тағат таппайтын, сол алтыбақан ойыны ғана емес, ән әуені жанымызды тербеп, билеп алатын» деп еске алады.

Кенже 1914 жылы Мұсабайдың інісі Әубәкірге ұзатылып, үш-төрт айдың ішінде күйеуі қайтыс болып жесір қалады. Артынша атақты Ғабитхан молданың шөбересі Сләмғазымен отау көтереді. Бес-алты жыл бойында екі баласы өмірге келеді. XX ғасырдың жиыrmасыншы жылдары қожа-молданы қудалаған апалаң-топалаң тұсында қуғынға ұшырап, кедейшіліктің зардабын шегіп Қырғызстан жақта Фрунзеде жүрген ағасы Турағұлды пана тұтып, сонда барады. Бар дүние-мүлкі тәркіленіп Кеңес Одағының озбырлығын көрген ағасының да осы кезде маңдайы шылқып жүрмегені анық. Десе де Кенже Абайқызы 1931 жылы Семейдің Түйемойнақ аралында оққа ұшқан ағасы Мекайылдың балалары Құзайыр, Қалышпермен бірге Токпақ деген жерде тұрған. Тұрмыстың тауқыметін көтере алмай, ашаршылық шағында 1932 жылы көз жұмған. Кенжені соңғы сапарға ағасы Турағұлмен бірге сол жаққа қуғындалып барған тағы бірнеше Абай ұрпақтары шығарып салған.

Абайдың балаларынан бөлек немерелерінің де саяси қуғын-сүргін құрбаны болғанын айттық, оның ішінде ақынның үш немересі Екінші Дүниежүзілік соғыста опат болған. Ақын немерелерінің алды Әубәкір Ақылбайұлы – Абайдың сатирадағы дәстүрін жалғастырған от ауызды, орақ тілді ақын, әнші-композитор. Абайдың немересі әрі шәкірті есебіндегі Әубәкір Абайдың інісі Оспанның тәрбиесінде өскен. Талапты немересінің ақындыққа бой ұрғанын байқаған Абай Әубәкірді ерекше жақсы көріп, бағыт-бағдар, ақыл кеңесін беріп отырған. Абайдың тапсырмасымен әзіл, мысқыл, әжуа, сықақ өлең шығарып, XIX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі сатираға өзіндік үлес қосқан. Оның сықақ өлеңдерінде Абай ізі, Абай үлгісі сайрап жатыр.

Әубәкір өлеңді суырып салып та, жазып та шығарған. Немересінің ақындыққа бой ұрғанын байқаған Абай Әубәкірді ерекше жақсы көріп, бағыт-бағдар, ақыл-кеңесін беріп отырған. Әубәкір жас кезінен өлең-жырға құмар болып, шығыс қиссалары мен батырлар жырын жатқа айтып, домбырада күй тартып, ән салған. Абай тапсырмасымен әзіл, мысқыл, әжуа, сықақ өлең шығарып, XIX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі сатираға өзіндік үлесін қосқан. Ол сол кездегі келеңсіз құбылыстарды аяусыз сынап:

«О, шінде қымың да бар, жымың да бар,  
Өмірде би болмаған сұмың да бар.  
Анық әділ тартылса таразыға,  
Балтаменен шабатұғын мінің де бар», –

деп ащы мысқылға толы өлеңдер шығарып, халықтың көпшілігінің қараңғылығы мен надандығына жаны күйген. Әубәкір сатиралық өлеңдер мен бірге тарихи шығармаларға бет бұрып, «Мамай батыр», «Әнет бабаң», «Ақтабан шұбырынды», «Оралбай мен Керімбала», «Өреке мен Береке» деген әлеуметтік дастандар да жазған. Кеңес үкіметі дәуірінде жазған өлеңдерінің көбі ел қазынасын жымқырған жемқор, пысықтарды әшкерелеуге арналады.

Кеңес үкіметі келгеннен кейін Әубәкірдің тұрмыс-хәлі нашарлап, жаз жайлауға көшуден қалады. Туған жер, өскен елінен де күдер үзе бастайды. 1928 жылы ағасы Турағұл кәмпескеленіп, жер аударылады. Әубәкірдің басына қайғының қара бұлты төнеді. Құнанбай тұқымы түгел қуғын-сүргінге ұшырайды. Ел аштықтан өле бастайды. 1931 жылы Шәкәрім атылады, оның баласы Ғафур түрмеде бауыздалып, өледі, Турағұлдың інісі Мекайыл да атылады. Дәл осы тұста Абай ұрпақтары қуғын-сүргінге ұшыраған кезеңді «Шыңғыстау» дастанында шынайы суреттейді.

1928-1929 жылдары конфискация кезінде Әубәкір қудалауға ұшырап, түрмеге қамалады. Бүлініп жатқан өз елінде тұра алмайтын күйге жеткен ол 1931 жылы бас сауғалап, Үржар ауданына кетеді. Онда жүріп көңілі жай таппай, тұрақ таба алмай, Шымкент жаққа жер аударылады. Турағұл тұрған өңірге барып қоныстанып, 1934 жылы 53 жасында Шымкент қаласында қайтыс болады. Ескі күндерден жеткен естеліктерге сүйенсек Әубәкірдің де сүйегі Шымкент қаласындағы қорғасын зауытының астында қалған. Әйелі Кәмәлия Әубәкірден кейін ұзақ өмір сүріп, тоқсан жасында бақи көшкен.

Ақын немерелерінің ішіндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарының бірі Ақылия (Ақыш) Турағұлқызы (Оразбаева) 1901 жылы туған. «Еңлік-Кебек» пьесасының алғашқы қойылымы осы Ақылия мен Оразбайдың Медеу деген баласынан туған Санияз екеуінің некеқиярында Ойқұдықта сахналанған. 1931 жылы Түйемойнақ аралында Абай баласы Мекайыл атылған кезде Ақылияның қайынатасы Медеу мен күйеуі Санияз да халық жауы ретінде өлім құшады. Семей қаласынан тысқары бас сауғалап оңтүстік жағына қарай ойысып кетеді. Ақылия Алматыдағы Қазақстан Республикасының опера және балет театрында ұзақ жылдар бойы апалы-сіңлі Уәсила екеуі Абай ауылы, Абай заманы, Тобықты елінің киім үлгілерін тігетін шебер болған.

Ақылия Хакім Абай хақында құнды дерек қалдырған асылдың сынығы. Қалибек Қуанышбаевқа Абайдың театр сахнасындағы образын сомдау үшін көп ақыл-кеңес берген. Турағұлдың қызы, Абайдың өз қолында өскен немересі. Ақылияның шілдеханасында Оразбай құтты болсын айта келіп, Абайға немерелер татулықтың ұйытқысына айналсын деген тілекпен бесік құда болуға өтініш білдіреді. Абайдың өсиеті бойынша Ақылия бойжеткен соң, Оразбайдың Медеу деген баласынан туған Санияз есімді немересіне тұрмысқа шыққан. 1917 жылы 7 маусым күні Ойқұдықта өткен некелесу тойында Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы қойылады. Абай төңірегіндегі Әуез, Әйгерім, Омархан, Шәкәрім, Көкбай сияқты кісілерді жақын біліп өскен Ақылия кезінде М.Әуезовке мол құнды деректер берген.

Бергісі Санияз, арғысы Медеу мен Оразбай шаңырағына



Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы қатарындағы Алаш ерлері әрдайым келіп, Ақылия қолынан дәм татқаны тарихи деректерден мәлім. 1918 жылдың қысында Шұнайдың бауырындағы Садыр қыстағында отырған Санияз бен Ақылияның үйінде денсаулығы нашарлаған Сұлтанмахмұт Торайғыров бір қыс жатып, қымызбен емделіп қайтады. Сұлтанмахмұттың бірқатар жырлары осы кезеңде жазылған. Ақылия ұзақ өмір сүріп тоқсан жасқа қараған шағында 1990 жылы қайтыс болған. Ақылияның Абай жайындағы естелік әңгімелері аты мәшһүр актер Қалибек Қуанышбаевтың ақын бейнесін сомдауына көп әсерін тигізді. Ақылияның Абай мен Оразбай ауылдарында орын алған оқиғалар туралы естеліктері бар.

Абайдың немересі Жебрәйіл Турағұлұлы да этноцид құрбаны. Домбыра тартып, ән салатын ерекше өнері бар ол Семей және Түмен қалаларында орыс мектебінде оқып, орысша-қазақша сауатты болған. 1917 жылы М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы бірінші рет қойылғанда Жебрәйіл Жапал болып ойнаған. Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деген әнін домбырамен айтып, ел арасына танытқан. Бұған қоса, тағы да ел ішіне Абайдың, Шәкәрімнің көптеген өлеңдерін таратқан.

Мәкен Турағұлқызының естелігінде: «Турағұлдың Сақыпжамал деген әйелінен туған Жебрәйіл (Жебеш) ең жақсы көретін баласы Семейде орысша орта мектепті бітіріп, Томскі институтында оқып жүрген шағында, Тобықтының шолақ белсенділерінің бірі 1928 жылы «Турашы кеткен соң, Жебеші де қалмасын» атпен газетке мақала жазып, институттан қуғызады. Содан соң Жебеш әкесінің артынан Шымкентке келіп, одан Ташкентке барып оқып жүргенде, 1930 жылы ауыр науқасқа ұшырап, ауруханаға түседі. Жебештің нашарлығын естіп, Турағұл Ташкентке барып, Мұхтардың (Әуезовтің) үйіне тоқтайды. Ол кезде Даниял Кәкітайұлы Ысқақовта Ташкентте тұратын. Жебештің жазылмасына көздері жеткен соң, Мұхтар мен Даниял Жебешті ауруханадан алып шығып, бір оңаша үйге орналастырады. Дәл сол күні Мұхтар мен Даниял тұтқынға алынып, түрмеге жабылады. Бірнеше күннен кейін Жебеш қайтыс болады. Сөйтіп Жебештен өлі айырылып, Мұхтардан тірі айырылған Турағұл қалың қайғыға батып, қан жылап құлазып қалады» деп жазылған.

Ағасы секілді солақай саясаттың салқыны тигендердің бірі Зүбайыр Турағұлұлы. Зубайырдың балалық жастық шағын Абайды көзі көрген ет жақын адамдар арасында өткізген. Өзінен туған ұлына Кенесары деп ат қойғанынан-ақ Кеңес заманындағы қудалаудың қайдан бастау алғанын аңғару қиын емес. 1928 жылы бай-феодалдың тұқымы, әкесі алашордаға қатысы бар деген айып тағылып, әулетімен бірге жер аударылған. Ол 4-5 жылдай қырғыз елінде, Мерке (Жамбыл) маңында, Шымкент, Ташкентте тұрған. 1933 жылы күзде Бішкекте қайтыс болған.

Абайтану саласына ерен еңбек сіңірген жанның бірі Турағұлдың кенже қызы Мәкен Мұхаметжанова. Абайдың көзін көрмесе де ұлылығы мен ұлағатын ұғынған ұрпақтарының бірегейі Мәкен Турағұлқызы жастайынан өнерге жақын болғандығынан әкесі Турағұлдан Абай жайында есті сөздерді көп ұққан. Абай әндерін үйреніп, көп ішіне таратқан. Мәкеннің орындауындағы Абай әндері 1930 жылы А.Жұбановтың бастамасымен нотаға түсірілген. 1986 жылы «Өнер» баспасында басылған «Айттым сәлем, Қаламқас» әндер жинағына Абайдың Мәкен орындап жаздырған 19 әні енген. Абай ұрпақтары ретінде көп қуғынға ұшырап, өмірлік жары сот болып қызмет атқарған Ұлықбек Мұхаметжановпен бірге талай құқайды бастарынан кешкен. Ұлықбек пен Мәкен шаңырағы қуғынға түскен Құнанбай ұрпағына сая болып қолынан

келгенше мәуелі бәйтеректей ыстық ұя болғаны шындық.

1928 жылы Ұлықбекке тұрмысқа шыққан кездерде әкесі Турағұл оңтүстік өңірге қарай жер аударылады. Туған әкесі Турағұл Шымкент қаласында осы Мәкеннің қолында соңғы демі үзіледі. Мәкен Турағұлқызының өмір сапары жайлы «Мен Абайды Әке деймін» тақырыбындағы дерек пен дәйекке құрылған кинофильм бар. Мәкен апаның Абайға және оның ақындық әрі туыстық айналасына қатысты айтылған әңгімелері жетерлік. Жазушы, ғалым Тұрсын Жұртбайдың «Абайдың соңғы немерелері» деген эссесінде Мәкен Турағұлқызының бар өмірі тасқа басылып, шежіредей шындық шілтері ашылады. Мәкен Турағұлқызы 2000 жылы қайтыс болған.

Абайдың тағы бір немересі Құзайыр Мекайылұлы да бай тұқымы ретінде жер аударылып елден қуылған. Фрунзе қаласына барып, бас сауғалап, қара жұмыс істеген. Сол жерден әскерге алынып, 1945 жылы майданда қаза тапқан. Туған інісі Мекайыл баласы Қалышер де дәл солай өзге туыстары сияқты байдың тұқымы ретінде қуғындалып, жер аударылған. Фрунзе қаласынан әскерге аттанып, 1942 жылы майдан шебінде көз жұмған. Абай немересі Тоқташ Ізкәйілұлының тағдыры да қуғындалған өзге де ақын ұрпақтарын кебін кешкен. Домбыра, баян сияқты музыкалық аспаптарда шебер ойнай алатын Тоқташ Абай әндерін айтып, ел ішіне таратқан. 1943 жылы неміс фашистеріне қарсы шайқаста опат болған.

Абайдың шөбересі Бағыфұр Әлімқұлұлының қуғындалып 1933 жылы Жарма жақта қамалғандығы туралы дерек бар. Мал дәрігері мамандығын игерген ол Қ.Мыңбаев атындағы Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бас маманы болып 25 жыл қызмет еткен. Ол М.Әуезовтің ағасы Разақ Омарханұлының қызы Ғафураға үйленген. Әйгілі жазушымен сырлас іні, сыйлы күйеу бала ретінде етене араласып тұрған. Құнанбайдың, Абайдың, Мұхтардың пайдаланған заттарын тиянақтап, ұлы ақынның Семейдегі музейіне табыстаған. Соның ішіндегі елеулі экспонаттардың бірі Құнанбайдың Меккеден киіп келген тақиясы. Бағыфұрдың қарындасы Зәбилә Әлімқұлқызы Абай ұрпақтары қудалауға ұшыраған тұста Алматы облысының Жамбыл ауданының К.Мыңбаев селосына қоныс аударып, сонда қайтыс болады.

1941-1945 жылдардағы Екінші Дүниежүзілік соғыс тарихқа мәңгі таңба қалдырғаны белгілі. Соғыс жылдарында майдан шебінде қазақтың көрнекті тұлғалары мен ақын-жазушылары Отан үшін от кешіп, қасық қаны қалғанша қайсарлық танытып, Кеңес Одағы сарбаздары сапында ерлік көрсетті. Ұлы Отан соғысына Хакім Абайдың тоғыз бірдей ұрпағы - үш немересі мен алты шөбересі қатысқан. Абайдың шөберелері Мекайылдың балалары Құзайыр мен Қалышер, Ізкәйылдың баласы Тоқташтың майдан даласында марқұм болғанын айттық. Данышпан ақынның соғысқа қатысқан шөберелері Ақылбайдың немерелері Әлихан мен Қапсәләм, Мағауияның немерелері Беркехан, Жошыхан мен Ишағы, Турағұлдың немересі Алпаш Жебрәйілұлын атауға болады.

Әлихан Әубәкірұлы 1918 өмірге келген Абайдың шөбересі. Абайдың ақындық өнер мектебінің көрнекті өкілдерінің бірі, ойшыл ақынның тұңғыш немересі Әубәкірдің тағы бір баласы. Әлихан да соғысқа аттанған. Жақындарының дерегінше соғысқа да қатысқан. Басқа толыққанды дерек жоқ. Хабар-ошарсыз кеткен. Қайтыс болған жылы белгісіз.

Қапсәләм Әубәкірұлы – Абайдың шөбересі. 1907 жылы туған. Абай дәстүрін жалғаған, сатиралық бағыттағы өлең-жырлардың авторы Әубәкірдің ұлы. Қапсәләм Әубәкір баласы 1943 жылы 36 жасында қан майданда қайтыс болған.



Алпаш Жебрәйлұлы – Абайдың баласы Турағұлдың немересі. 1922 дүние есігін ашқан. Өз әкесі Жебрәйл Абайдың інісі Оспанның атына жазылған екен. Соғысқа қатысып, мүгедек болып оралады. Өмірінің соңына дейін Алматы қаласында тұрған. 1990 жылы дүние салған.

Жошыхан Жағыпарұлы Мағауин данышпан ақын Абайдың шөбересі. 1924 жылы бұрынғы Семей облысы Абай ауданының Қарауыл ауылында дүниеге келген. Жошыхан 1934 жылы әкесі Жағыпар қайтыс болғаннан кейін апасы Ишағы, қарындасы Ғазел үшеуі Алматыдағы балалар үйінде тәрбиеленеді. Ол Алматы қаласындағы №12 мектеп-интернатты бітіріп, 1942 жылы майданға аттанады. 1943 жылдың тамыз айында Харьковті азат ету үшін болған шайқаста ерлікпен қаза табады. Абай музейінің қорында Жошыхан Мағауиннің майдан шебінде жүрген кезінен хабар беретін бірнеше хаты сақталған. Ұлы ақын ұрпағы өзінің хаттарын әпкесі Ишағы, қарындасы Ғазел, ағасы Шәмен сияқты жақын туыстарына арнап жазған болатын.

Берекехан Құтайбаұлы 1919 жылы туған Абайдың шөбересі, Мағауияның немересі. Семейде 7-сыныпты орысша оқып бітірген. Шығыс Қазақстан облысы Новошұльба ауданында Уба-Форпост ауылдық кеңесінен әскер қатарына алынып, Ұлы Отан соғысына қатысқан. Абай музейінің қорында Берекеханның оннан астам хаты сақталған.

Ишағы Жағыпарқызы – 1922 жылы Семей облысы Абай ауданы Қарауыл ауылында туған. Ол Абайдың ақын ұлы, «Еңлік-Кебек», «Медғат-Қасым» поэмаларының авторы – Мағауияның баласы Жағыпардан тараған Абайдың шөбересі. Ишағы Жағыпарқызы интернаттың 9-сыныбында оқып жүргенде соғыс басталады. Алдымен отбасындағы ұлдар майданға аттанған. 20 жастағы Ишағы Жағыпарқызы майданға өз еркімен сұранып, 1942 жылы 2 мамырда майданға жіберіледі. Жастайынан «Осавиахим»-ге мүше болып, мылтық атуды үйренген Ишағы Жағыпарқызы Хабаровск қаласындағы авиацияның кіші мамандарын даярлайтын мектепке жіберіледі.

Авиацияның кіші қызметкерлерін дайындайтын курсты оқып бітіріп, авиаатқыш мамандығын алып, соғысқа аттанады. Қиыр Шығыс майданының 307 авиаполкінде Харбин маңында авиация техникі болып қызмет еткен Ишағы Жағыпарқызы «шебер атқыш» деген атаққа ие болады. И.Сталиннің 1945 жылғы 23 тамыздағы №372 бұйрығымен Манчжурия аумағындағы Жапонияға қарсы ұрысқа қатысып, көрсеткен ерлігі үшін Ишағы Жағыпарқызына алғыс жарияланады.

Ишағы Жағыпарқызы – Ұлы Отан соғысына қатысқан Абай ұрпағының тоғызының ішіндегі аман оралған екеудің біреуі. Соғыстан кейін 1946 жылы Алматыға келіп Қыздар педагогикалық институтына оқуға түседі. Қолында әпкесі мен сіңлісі болғандықтан, оқуды аяқтамай, Абай атындағы Алматы педагогикалық институтының сырттай оқу бөліміне ауысады. 1954 жылы Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне жұмысқа орналасады. Сол жерде 40 жылға жуық кадр бөлімінде қызмет істеп, 1988 жылы зейнеткерлікке шығады.

Ишағы Жағыпарқызы соғысқа қатысқан Абай ұрпақтарының тоғызының ішіндегі аман оралған екеудің бірі. Көзі тірісінде Абай ұрпақтарына қатысты құнды деректердің жариялануына мол еңбек сіңірген. Ол ең ұзақ жасаған Абай ұрпақтарының бірі. 2014 жылы 12 маусым күні 92 жасында дүниеден салды.

«Турағұлдың немересі – Алпаш және Мағауия немересі мен, екеуіміз ғана соғыстан оралған едік. Қайтпаған ағаларымнан ұрпақ жоқ, өйткені олар үйленбей кеткен болатын... Міне, соғыс атты зұлматтың бір әулеттің балаларына әкелген қасіреті» – дейтін Ишағы Жағыпарқызының естелігінен көп жайды аңғаруға болады.



Ақыл-ойдың алыбы Абай ұрпақтары әке тәлімін терең ұғынып, тағылымын түсінді. Немерелері мен шөберелері де шетінен данышпан ақын жолын ұстанып, ұлағатын жалғады. Содан кейін де қарауылға ілініп, саясат оғы алдымен соларды жалмады. Патша тұсында да, Кеңес дәуірінде де ұлт зиялыларын жаппай жазалау науқанында, бас еркіндігі бұғауға түсіп, ату мен жер аударуды бастан кешірді. Қуғындау мен жер аударудың нәтижесінде сан-саққа бытырап, әр жердегі балалар үйі мен жатақтарда өмір сүрген Абай шөберелері бірін-бірі жақын танымастан Ұлы Отан соғысына аттанып, ауыр азаппен жан тапсырды. Қуғынға ұшыраған ақын ұрпақтары арқылы абайтану арнасы танылып, жаңа жұлгесі менмұндалайды. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алғанда ақын айналасының ауыр азап шеккенін айнап кетуге болмайды. Ақынның шәкірті Шәкәрім мен ұлдары Қабыш, Ахат, Зият. Абайдың туған інісі Ысқақтың немерелері, абайтануға зор үлес қосқан аса талантты ақын Әрхам мен жазушы, аудармашы, сыншы, қоғам қайраткері Даниял, Мұхтар мен Қайым да осы тізімнің бел ортасында аталады. Бұлар Абайға деген адалдықты сақтағаны үшін, өз ұстанымдарын сатпағаны үшін тағдыр тәлкегіне түсті.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995
2. Әуезов М. Энциклопедия. – Алматы. 2011
3. Шәкәрім. Энциклопедия. – Семей, 2008
4. Бейсенбаев М. Абай және оның заманы. – Алматы: Жазушы, 1988
5. Ибрагимов Т. Әкем Абай туралы. Алматы: Ана тілі, 1993
6. Ысқақова М. Ұлы Абайға адалдық. – Семей. 2002
7. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. – Алматы. 1996
8. Ерсәлімов Б. Құнанбайдың қуғын-сүргін көрген Абай ұрпақтары. – Семей. Ғалам-Шар, 2005
9. Қозыбаев М. Ақтандар ақиқаты. – Алматы: Қазақ университеті, 1992

**УАХМЕТОВА БҰЛБҰЛНАЗ МҰРАТҚЫЗЫ**

*Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік  
музей-қорығының ғылыми қызметкері,  
филология ғылымдарының магистрі*

**АБАЙДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ**

**Түйіндеме:** Бұл мақалада хакім Абай Құнанбайұлының музыкалық мұрасы, оның қазақ музыка өнеріне қосқан үлесі мен сазгерлік қыры жайлы баяндалады. Ақынның әндері, олардың мазмұны мен көркемдік ерекшеліктері талданып, ұлт руханиятындағы орны айқындалады.

**Summary:** This article discusses the musical heritage of the great Kazakh thinker Abai Qunanbaiuly, highlighting his contributions to Kazakh musical art and his talent as a composer. The content and artistic features of his songs are analyzed, emphasizing their significance in the spiritual culture of the nation.

**Кілт сөздер:** Абай, композитор, әндер, күйлер, музыка

**Keywords:** Abai, composer, songs, kui, music

Қазақ халқының мәдени мұрасында Абай Құнанбайұлының алатын орны ерекше. Ақын, жаңашыл композитор – бір басына осындай сирек дарын қонған Абай қаламынан қазақтың музыка тілін Абайлық стильмен байытқан тамаша әндер туды. Оның бізге әр қилы болып жеткен әндерінің сан жағынан алғанның өзінде белгілі қорытынды шығаруға жететін маңызы зор.

Абай музыка саласында да айтарлықтай мұра қалдырды. Жазба әдебиетіміздің негізін салған Абай өзінің асыл өлеңдерін, қарасөздерін қағазға түсіріп, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырса, музыка жөнінде оның мұндай мүмкіншілігі болмады. Өйткені Абай өмір сүрген кезеңде қазақта музыканың жазба мәдениеті жоқ еді, халықтық музыка ауыздәстүрлік қалыпта еді.

Музыка саласында жазба мәдениеттің болмауына қарамастан, Абай әндерінің бізге толық жеткен себебі олардың халықтың жүрегінде сақталуға сапасы сай келетін шығармалар болғандығында, халық санасынан өшпес орын алғандығында. Абай әндерінің өзгешелігі – мелодиялық, ырғақтың жақтарындағы жаңалықтарында, идеялық мазмұнының ашықтығында. Сөйтіп, Абай әндері алғашында оның өз айналасына, ауыл-аймағына, кейін жалпы қазақ арасына тарай бастады.

Абай тек ән шығарушы композитор ғана емес, ән-күйдің әділ сыншысы бола білді. Ол жақсы әуенді сыртқы дүниенің сәулесі деп бағалады. Ән-күйдің сана-сезімге, көңілге әсері зор екенін жырлай білді.

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,  
Оның тәтті оранған мәні оятар.  
Кейі зауық, кейі мұң дертің қозғап,  
Жас балаша көңілді жақсы уатар.



Абайдың музыка жайында айтылған пікірлері әрқашан да маңызды, құнды. Абай әндерінің мелодикасы, ырғағы, формасы, өзіне дейінгі келген қазақ әндеріне ұқсамады. Бірінші жағдай – Абай әндерінің әрқайсысының өзіне меншікті өлеңі болды. Қазақтың халықтық дәстүріндегі он бір буынды өлеңге келетін болсақ, әннің сөзін білмейтін не ұмытқан адамның: «Қарағым айналайын келдің қайдан» деп айта беретіндей «еркіндік» мұнда жоқ. «Сегіз аяқты» «Көзімнің қарасы» сөзімен айта алмайсың. Міне, бұл жай – музыка мен сөздің кәсіпқойлық дәрежеде қосылуы болды. Осының өзі айта қалғандай жаңалық болды. Сөйтіп, Абай музыка шығаруға сөз арқылы келді.

Абай бүкіл шығыстың, орыстың, қазақтың – халықтық, кәсіпқойлық әдебиетін терең зерттегендей, музыкада да алдымен қазақтың халық әндерін, күйлерін жақсы білді. Ол Біржанның, Ақанның, Жаяудың әндерін жоғары бағалады. Осылардың нәтижесінде Абай қазақтың халықтық музыкалық интонациясы шеңберінде үлкен, терең тамырланған ортада болды. Поэзиясы халықтық демде суарылған болса, музыка дүниесінде де Абай қазақтың халық музыкасының мұхитында тәрбиеленді. Абайдың ән шығарудағы қадамдарының кейбіреулері осы бағытта. Алғашқыда форма жағынан да халықтық негізде басталды. Мысалы: «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» деген әнінде, сөзсіз арқаның ән дәстүрі көрінеді. Ол әннің формасында да, интервалдық секірулерінен де, сөздің буындарына сай келетін белгілі созатын, көтеретін жерлерінен де көрінеді. Сол сияқты «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әнінде де халықтың ән формасы басым. Әрине, бұл әннің мелодиялық дамуында бірқатар жаңалықтар бар. Әсіресе Абай музыка сөйлемінің ортасында бір дыбысты созып, шырқатып тұрмайды. Ол сөзге көбірек мән беруден, бірінші жоспарға кейбір әндерінде сөзін қоюдан болуы да мүмкін. Ал сөзді бөлу-речитативті түйін қазақ музыкасында тағы бар қасиет. Ондай әндер де аз емес.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген Абай музыканың да адам өміріндегі өзгеше орнын басқадан ерекше сезген. Абай әнді ермек үшін де, қосымша кәсіп болсын деп те шығармаған. Ол жан сырын бірге халыққа тез поэзия тілі арқылы ғана жеткізуді місе тұтпай, сонымен бірге халқымен музыка арқылы да тілдесуді жөн көрген.

Абайдың әндері XX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап жиналып, нотаға түсірілді. Қазақтың халық музыкасын жинаушы, өнертанушы ғалым А.Затаевич 1925 жылы Абайдың бірнеше әнін және 30-шы жылдары композиторлар Б.Ерзакович, Л.Хамиди Абайдың 20-дан аса әндерін нотаға түсіреді. 1935 жылы М.Әуезовтің қатысуымен Абай әндерін толық жинап нотаға түсіру қолға алынды. Бүгінде Абайдың музыкалық мұрасы, қазақ музыка зерттеу ғылымында жеке сала болып зерттелуде.

Абай әндері алғашында оның өз айналасына, ауыл-аймағына, кейін жалпы қазақ арасына тарай бастады. Абай әндері, халықтық негізден нәр алғандықтан, халық әндерімен тамырласып жатқандықтан нотаның жоқ кезінде-ақ, ауыздан-ауызға көше отырып, қалың бұқараның игілігіне айналды. Бұған бұрын – соңды қазақтың халықтық музыка салтында болмаған жаңа музыкалық өткір тіл мен жаңашыл өлең текстіне құрылуы да себеп болды. Ол шын мәнісінде халық музыкасына көптеген түр мен екпін енгізген әндері арқылы қазақ музыкасында өзгеше Абайлық нақыш тудырды. Жаңа ырғақ-өлшеу, жаңа кейіпті мелодия жолы, жаңа үнсөздіктері – осы үшеуі Абай музыкасының жаңалығы болды. Ақынның әндерін алғаш орындаушылар әйелі Әйгерім, балалары Ақылбай, Әбдірахман, Турағұл, әнші Әлмағамбет, скрипкашы Мұқа болды.

Абай әндері бұл күндері қазақтың музыка мәдениетінің алтын қорына енді. Олар жазып алынған күйінде де, тікелей де радио және теледидар арқылы халық әншілерімен



қатар опера театрының, филармония және эстрада әншілерінің орындауында шырқалады. Мектептегі жастар мен студенттердің, көркем өнер ұжымдарының әншілері мен хорлары сүйіп орындайтын әуенге айналды. Той-думан, жастар кештері, дастархан қуаныштары Абай әндерімен басталатын болды.

«Мұңмен шыққан, оралған тәтті күйге,  
Жылы жүрек қайда бар қозғаларлық»,  
«Ақылдының сөзіндей ойлы күйді,  
Тыңдағанда көңілдің өсері бар», –

деген өлең жолдарымен жүрекке дөп басып айшықтап жеткізуі оның ән-күй өнерін жоғары бағалағандығының дәлелі болса керек.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей ұлы ақын күй де шығарған. Мұның өзі оның бойындағы тума дарынның тамыры тереңге бойлап, құнарлы топырақтан нәр алғанын аңғартады.

Абайдың әндерімен қатар «Май түні», «Торжорға», «Желдірме», «Майдақоңыр» деген күйлері бар.

Күйші-сазгер, музыка зерттеушісі Уәли Бекенов былай дейді: [Құнанбаев, 1986:16] «Мен күй жанрын жинастырып зерттеуші, күйші-сазгер ретінде 1983 жылы Абаймен рулас әрі музыкалық мұрасына қанық журналист Ғайса Сармурзин ақсақалмен танысып, Абайдың «Май түні», «Торы жорға» атты екі күйін тыңдап үйрену және нотаға түсіру бақытына ие болдым. Қазір екеуі де халық аспаптар оркестрінің репертуарына енгізілген. Нотаға түсірілген және Қазақ теледидарында Турағұл қызы Мәкен апайдың қатысуымен «Абайдың музыкалық мұрасы» атты хабар ұйымдастырылып, бұл екі күй Ғ.Сармурзиннің орындауында алтын қорға жазылды. Енді Абай бұл күйлерді қашан, қандай жағдайда шығарған деген сауалға келейік. Ғайса ақсақал бұл жөнінде мынадай дерек айтады: «Мен «Май түні» күйін Абайдың немересі, Ақылбайдың баласы Исрайылдан бұдан 60 жыл бұрын үйренген едім. Ол үздік домбырашы болатын. Ал менің шерткенім оның орындап бергенінің ширегіне де тұрмайды. Исрайыл бұл күйді үйретерде «Абай ағамның өз қолынан үйрендім. Ол бұл күйін жаз жайлаудағы түнгі сауық-сайранда, жас кезінде шығарыпты».

«Май түні» күйі негізінен лирикалық әуен-сарынды, өзінің атына лайық, табиғат сұлулығын бейнелейтін, соль-минор тонында орындалатын екі бөлімді шертпе күй. Мұндағы бес тактіден келетін қысқа қайырымды қайталау иірімдері Абай әндері әуендерін еске түсіреді.

Музыкатанушы А.Қазтуғанова: «Май түні» табиғат сұлулығын бейнелеп, терең сезіммен орындалады. Күйдегі табиғи минор мен гармониялық минордың астасып келуі Абай әндеріне тән ерекшелік. Атап айтатын болсақ, «Есінде бар ма жас күнін», «Татьяна сөзінің» 4-нұсқасында және т.б. әндерінде мұндай ерекшеліктер байқалады. Күй әуенінің даму желісі де оның әндерімен сабақтастықты аңғартады. Мәселен, күйдің кіріспе бөлімінде асықпай, біртіндеп дамитын әуеннің кенеттен жоғары қарай секірме жасауы, Абайдың «Бойы бұлғаң» әнінде кездесетін тәсіл іспеттес. Ал күйдегі тізбектеліп, сатылай өрбитін иірімдер оның «Көзімнің қарасы», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Қарашада өмір тұр» әндерімен ұштасады», – дейді. [Е.Шүкіман, 2022:217]

Ал «Торжорға» күйін Ғайса Сармурзин өте ертеректе Оспан деген кісіден үйренген. Ол да домбырашы екен. Абайдың жылқысын бағып, атқосшысы болған. Ел арасындағы сауық-

кештерде мынау Абай ағамыздың «Торжорға» атты күйі еді деп, домбырасын құйқылжыта тартып, тыңдаушысын баураған. Бұл күйдің шығу тарихы былай айтылады.

Абайдың сүйікті ұлы Әбдірахман әскери артиллерия академиясына оқуға түскен жылы қатты сырқаттанып, бұрынғы Верный қаласындағы ауруханада жатқан кезінде оны күтуге Абай кіші баласы Мағауияны жібереді. Мағауия бірде ұлы жүздің Дат деген адамына кездеседі. Абайдың баласының осында екенінен күні бұрын хабардар Дат оған бірден үйіріліп, құрмет көрсетеді де кетерінде астындағы торы жорғасын сыйға тартып, үлкен өтініш жасайды.

Еліңе ала бар. Абай ағамызға тартқан сыйым болсын. Ұлы жүздің бір жігіті сәлемдеме жіберген бір тайы еді деп ала кеткін.

Сөйтіп қоярда-қоймай жүріп торы жорғаны Мағауия арқылы Абайға жолдайды. Бұл жөнінде «Абай жолы» романында айтылған. «Торжорға» күйі атына сай, тұлпар түлігіне арналған тартымды туынды. Абай:

Тығылмай әм сүрінбей жүрдек көсем,  
Иек қағып, еліріп жүрсе әсем,  
Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас,  
Разы емен осындай ат мінбесем.  
Аяңы тымақты алшы кигізгендей,  
Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей... —,

деп жырлағандай, «Торжорға» күйі әуендік ырғақ иірімдерінің әсем саздылығымен, музыкалық суреткерлігімен бейнелеу толқындарының нақтылығымен ерекшеленеді. Ол соль-мажор тонында орындалатын, әсем өрнекті, жүрдек, ойнақы шертпе күй.

«Желдірме» – Абайдың домбыраға арналған ән-күйі. Бүгінде жалпы қазақтың күйшілік дәстүрінде «ән-күй» және «жыр-күй» деген екі жанрдың жаңа дәуірден бастау алып келе жатқаны анықталып отыр. «Жыр-күй» Қарақалпақ өңірін мекендеген қазақ жұртына тән болса «ән-күй» Арқада, Шығыс Қазақстан жері мен Таулы Алтай аймағында Моңғолия қазақтарының арасында кеңінен тараған. Абайдың «Желдірмесі» – осындай ұлттық дәстүр негізінде туған шығарма. Бұл күй ән жанырымен, ұлттық мелодиялық сазымен, синкретті түрімен әуендік ырғақ желісімен ерекшеленеді.

Күйді 1977 жылы музыка зертеушісі Қ.Жүзбасов Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай ауылында тұратын Демшінов Хамзадан таспаға жазып, нотаға түсірген. Бұл күй алғаш рет Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас» деген ән-күй жинағына енгізілді.

«Майдақоңыр» – күйді жеткізген Жүнісбай Стамбаев. 1967 жылы күйші тұрған Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданындағы Қалинин совхозына Алматыдан арнайы келген фольклорлық экспедиция өкілдері келіп, аталмыш күйді жазып алған. Аудиожазба Құрманғазы атындағы консерваторияның фольклорлық кабинеті мұрағатынан табылды.

Абайдың бұл күйі жайында нақты дерек бар деп айта алмаймыз. Біздің пайымдауымызша, Аягөз, Шұбартау өңірі Шыңғыстауға іргелес жатқан ел болғандықтан, ауылы аралас, қойы қоралас екі жұрттың өнерпаздары шығармашылық байланыста болған. Осылайша бұл күйді Жүнісбай күйші үйреніп, өз репертуарына қосқан болуы керек. Күй Ж.Стамбаевтың орындауында нотаға түсіп, алғаш «Шығыстың шыңырау күйлері» жинағында басылған.

«Семейдегі Абай музейінде Абайдың музыкалық мұрасына арналған бөлім болу керек.



Онда Абай әндерінің неше алуан, жоғарыда саналғандай әншілердің орындауында жазылған, белгілі варианттарының бәрі қамтылған пластинкалар, пленкалар болып, музейге келушілерді солармен таныстырып отыруды көздеу керек», – деп А.Жұбанов айтқандай Абай музейінде арнайы Абайдың музыкалық мұрасына арналған бөлім бар. Хакім Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойында заманауи үлгіде жасалған музейде «Мультимедиялық залда» ақынның музыкалық мұрасына қатысты әндерін, әндеріне түсірілген видеоклиптерді, концерттерді, қойылымдар мен фильмдерді музейге келген көрермендер тач экраннан көріп, тыңдай алады. Абайдың ән-күй мұрасын насихаттау бағытында музей қызметкерлері Мәдениет ошақтарында, білім ордаларында лекциялар, танымдық сабақтар, ашық сабақтар өткізіп, баяндамалар жасап, тақырыптық экскурсиялар жүргізеді.

Ақынның музыкалық мұрасы қазақтың ұлттық өнері тарихында ерекше орын алады. Абайдың әуендік таланты халықтық негізде дамып, ақынның рухани жан – дүниесі, әлемге көзқарасы оның лирикалық әндерінде айрықша көрсетілген. Абайдың «Көзімнің қарасы», «Не іздейсің көңілім», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Татьянаның хаты» және т.б әндері арқылы халықтық ән шығармашылығына жаңа ырғақ, ана тілді көркемдік мәнді қолданудың жаңа қағидалары ендірілді. «Абай поэзияда қандай жаңашыл, тапқыр болса, ән-күйде де сондай жаңашыл болды. Ол ән-күйді жаңа мазмұнда, тың әдіспен байытып, әннің өзіне дейінгі халық күйлерінен мүлде басқаша мәдениетті түрлерін жасады», – деп М.Әуезов айтқандай Абай халықтық музыка қорын ырғақтық ән өнерімен байыта отырып, жаңалық із салды.

### Әдебиеттер тізімі

1. А.Құнанбаев. «Айттым сәлем, Қаламқас». Алматы. «Өнер» баспасы, 1986
2. «Абайдың әндері мен күйлері». Алматы. «Өлке» баспасы, 2012
3. «Абай» энциклопедиясы. Алматы. «Атамұра» баспасы, 1995
4. «Абай» журналы. 1995
5. «Абай» журналы. 2008
6. А.Жұбанов. «Ән-күй сапары». Алматы. «Ғылым» баспасы, 1976
7. А.Жұбанов. «Замана бұлбұлдары». Алматы. «Дайк-Пресс» баспасы, 2001
8. Е.Шүкіман. «Көзімнің қарасы». Алматы. «Abai baspasu», 2022

**БЕЙСЕМБИНОВА Гүлназ Талғатқызы**

*Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік  
музей-қорығының біліктілігі жоғары деңгейдегі  
маман жоғары санатты-әдіскер*

## АБАЙ ОҚЫҒАН КІТАПТАР

**Аңдатпа.** Мақалада ұлы ақын Абай Құнанбайұлы Семей қаласы орталық кітапханасының тұрақты оқырманы болғаны. Абай заманында орыс және батыс әдебиеті классиктерінің шығармалары мен батыс ойшылдарының ғылыми еңбектерін оқығандығы туралы баяндалады.

**Тірек сөздер:** Семей қаласы, кітапхана, кітап

Мәдениеті ерте дамып, баспасөзі жолға қойылған халықтардың қайсысы болса да ойшылдары мен ақын-жазушылары бала жастан қызыққан кітаптары негізінде ой түйеді.

Ұлы ақынның ғылымды іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңілуінің себебі Шығыстың рухани әлеміне бойлай енуінің сырын танып, мәнін білу секілді аса күрделі мәселе біздің негізгі тірек етіп сүйенер бағыт-бағдарымыз. Бұл мәселені шешу жолында, алдымен Абайдың өзі шығармаларында сілтеме беріп отыратын дерек-мағлұматтар көмекке келмек. Екіншіден, олар ақын шығармаларының идеялық мазмұны мен дүниетанымының қабаттарындағы ой-пікір сабақтастығын танып білуге септесетін жанама дереккөзі десек, бірқатар жайдың беті ашылатындай.

Ұлы Абайдың жеке кітапханасының жиналу тарихы тереңде жатыр. Алдымен, Семей қаласына келіп жүргенде қоғамдық кітапханадан басталған жол қаладағы некен-саяқ кітап дүкендеріне тірелгендігі анық. Уақытша оқуға алып кететін кітап, журналдарға қосымша дүкендерден сатып алған қымбатты қазыналарының болғандығы да белгілі. Ұлы ақын жөнінде естелік қалдырған адамдардың жазбаларында хәкімнің жеке кітапханасы болғаны туралы айтылады. Турағұл Абайұлы: «Таңертеңнен кешке шейін, көбінесе кітабын оқиды да ара-тұра жастықты бауырына басып, алдында ақ қағазы, қолында қарындашы, күңіреніп отырып өлең жазып тастайды», – деп жазады. [Құнанбаев, 1993: 22] Көп оқығандығына, жемісті шығармашылық еңбегі дәлел.

Абайдың інілері, балалары оның жеке кітапханасының үнемі толығып отыруына назар аударған. Мысалы, Омбы кадет корпусында, Москвада кавалерийская школада оқыған інісі Халиолла Өскенбаев жыл сайын елге демалысқа келгенде кітаптар ала келуді әдетке айналдырған. «Жазғы демалыста елге келгенде Халиолла астанада қойын-қонышы толы көптеген кітаптар ала келетін болған. Осы кітаптарды үнемі оқып, Халиолламен іштей сырласып, пікір алысушы немерелес ағайындардың ішіндегі Абай болған», – деп көрсетеді Әбіш Жиреншин. [Жиреншин, 2010: 25]

Абай есімі Семей қаласындағы кітапхананың алғаш ашылып, қалыптасу кезеңімен тығыз байланысты. Себебі тура сол кездерде кітапхананың ең алғашқы оқырмандарының бірі – Абай болатын. Кітапханаға келіп жүріп Абай Е.Михаэлиспен танысады.

Кездесуден туған таныстық тамырын тереңге тартып, мақсат-мүддесі ортақ екі адамды іштей табыстырып, берік достыққа алып келді.

Ақын шығармаларының жазылу жылдарына қарап отырсақ, оның аудармалары саяси жер аударушылармен танысқан кезде, Гоголь атындағы кітапхана мұрасын пайдаланған мезгілге



дөп келеді. Сөйтіп кітапхана классик ақынның өз бетімен білімін көтеріп, алдыңғы қатарлы әдебиет арқылы әлемді танып, көкірек көзін ашуына үлкен септігін тигізген, Абайдың шын мәнінде білім алған мектебіне айналған. [Еспенбетов, 2015: 23]

Семейдегі кітапханада молынан оқып, бұрын өзіне бейтаныс орыс, батыс классиктерінің, әдебиет жұлдыздарының шоқтығы биік туындыларымен танысты. Зердесіне тоқып, құныға зерделегені Пушкин, Лермонтов, Крылов, Некрасов, Салтыков-Щедрин, батыс қаламгерлерінен Гете, Шекспир, Шиллер, Гейне, Байрон, Бальзак, тағы басқалары. Оның үстіне батыстың ой адамдары, философтары, білімпаздарының еңбектерін аса ыждаһатпен оқыды.

Абай оқыған, пайдаланған басылымдар қатарында Омбыда 1888-1902 жылдар арасында шығып тұрған «Дала уалаятының газеті» («Киргизская степная газета»), Бақшасарайда атақты ағартушы ғалым Ысмағұл Ғаспаралы басқаруымен 1883-1918 жылдары баспа көрген «Тәржіман» газетін атап көрсетуге болады. Бұлардың екеуі де Семей кітапханаларында күні-бүгінге дейін сақталған. Абай қалаға келген сайын кітапханаға ат басын тіреп, өзіне қажет кітап, газет-журналдарын алып, қыста қалада жатып, жазда қоржынын толтырып, Шыңғысты жайлаған ауылына алып қайтып, үзбей оқыған.

Абайтанушы ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, Семей қаласы кітапханасының оқырманы Абай «Современник», «Русский вестник», «Вестник Европы», «Русская речь», «Новости», «Новое время» журналдарын үнемі назарында ұстаған. Ресейде шыққан бұл баспасөз үлгілері барша әлемнің тарихы, мәдениеті, әдебиеті, өнері, ұлттық ұстанымдары жөнінде жан-жақты хабардар етіп, болашақ ақынның озық ой жүйесінің қалыптасуына пайдалы ықпалын тигізгені сөзсіз.

Ал, Семей баспаханаларынан жарық көрген «Обзор Семипалатинской области», «Семипалатинские областные ведомости», «Отчет Семипалатинского статистического комитета» және т.б. газеттер мен жинақтарын да ұлы ақынның үзбей оқып отырған.

Семей қаласындағы Абай атындағы әмбебап кітапханасында ақын алақанының табы қалған мұра баршылық. Солардың ішінде А.С.Пушкин, А.Н.Толстой, В.И.Даль жинақтары, К.Беккердің, Н.М.Карамзиннің, Гомердің, Д.В.Дрэпердің кітаптары асыл мұралар қатарында. Дәл осы тұлғалардың кітаптарын Абай қолына алды, қолына алып қана қоймай аса зейін қойып оқыды.

Ұлы ақын 1855-1859 жылдар аралығында Ахмет Риза медресесінде оқиды. Музей қорында ақынның медреседе оқыған төрт жыл ішінде ұстаған оқулықтары сақталған. Бүгінде сол медресенің 252 кітабы біздің алтын қорда сақтаулы. Медресені бітіргеннен кейін де Абай араб кітаптарын, шығыс ғалымдарын оқуды тоқтатқан жоқ. Абай оқыған медресе кітаптары: «Китаб назурат ил хақ фаризиет» – Парыз кітабы (діни, ислам шариғаттарын түсіндіретін кітап, 1880 жылы Қазанда басылған), «Суретил набия» – Пайғамбар сөзі (17 бөлімі, Нұх пайғамбардың еңбекқорлығын үлгі етеді, араб тілінде) және тарих оқулықтары. «Аз тарихи Жаудат» (Жаудат тарихының 9 кітабы, 1890 жылы Стамбулда түрік тілінде басылған), X-XI ғасырларда өмір сүрген араб тарихшысы Ибн Халдунның еңбектерінің түрікше аудармасының 2-бөлімі және т.б.құнды кітаптары сақтаулы.

Дара да, дана ақын ғылым мен еңбекке, білімге талмай үндеген. Ғылымды әлеуметтік жағдайды жақсартудың құралы ғана емес, бүкіл прогреске апаратын жол деп санады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Т.Құнанбаев «Әкем туралы»
2. «Абай» журналы, 2010 ж.
3. А.Еспенбетов, «Абай» журналы, 2015 ж.

**БУЛАТКЕРОВ Мейрам Берікқанұлы**  
*Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік  
 музей-қорығының экскурсия жетекшісі*

## ӨЛЕҢГЕ АРҚАУ БОЛҒАН АЛЫП АБАЙ

**Түйіндеме:** Бұл мақалада Абай Құнанбайұлының аса дарынды шәкірттерінің бірегейі Шәкәрім және Көкбайдың өз ұстазын аса жоғары бағалап, жастарды ұлы Абайды тануға шақыру, оның құнды мұраларын насихаттайтын арнау өлеңдері жайлы баяндалады. Көкбай мен Шәкәрім жайлы мағлұмат беріліп, Абайға және жастарға арнаған өлеңдерінің мазмұны талданады.

**Summary:** This article discusses the dedicated poems by Shakarim and Kokbai, two of Abai Kunanbayuly's most talented disciples, in which they highly praise their teacher, call upon the youth to recognize the great Abai, and promote his valuable legacy. Information about Kokbai and Shakarim is provided, and the content of their poems dedicated to Abai and the youth is analyzed.

**Кілт сөздер:** Абай, шәкірт, Шәкәрім, Көкбай, арнау

**Keywords:** Abai, disciple, Shakarim, Kokbai, dedication

Абай Құнанбайұлы – қазақтың бас ақыны, қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін салушы, ағартушы, композитор, ойшыл, қоғам қайраткері. Бұл – даусыз ақиқат. Хакім Абай – ақындық мектептің негізін қалаушы ұстаз ретінде де әйгілі. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп жырлаған ақынның жолын жалғастырған шәкірттері аз болмаған. Олардың қатарында Әубәкір Ақылбайұлы, Тайыр Жомартбаев, Мұқа Әділханұлы, Әсет Найманбайұлы, Әріп Тәңірбергенұлы сынды сегіз қырлы, бір сырлы шәкірттері бар.

Абайдың ақындық мектебі туралы ғұлама ғалым, кемеңгер жазушы М.Әуезов: «Мұндай ақын төртеу. Оның екеуі – Ақылбай мен Мағауия, Абайдың өз балалары. Қалған екеуі – Көкбай мен Шәкәрім. Осы төрт ақын – Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері», [1,276] – деп баға берген.

Өзінің өмірлік ұстазы болған, дұрыс жолды көрсетіп, тапсырма беріп отыратын Абайға шәкірттерінің арнаған өлеңдері оқырман жүрегінен ерекше орын алады. Бүгінгі күнге дейін талай ақын Абайды өлеңіне арқау еткенімен, оның жанында жүріп, ақылын тындап, тікелей арнау жазғандар санаулы. Солардың ішінде ең дарынды шәкірті – немере інісі Шәкәрім Құдайбердіұлы және жиырма бес жыл қасында бірге жүрген сенімді досы Көкбай Жанатайұлы.

Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің туысқан ағасы әрі ұстазы ұлы Абайдың дәстүрін жалғастырушы ірі ақын, ғұлама ойшыл, аудармашы, тарихшы, сазгер. Әкесі Құдайберді қайтыс болған соң, Абайдың тікелей тәрбиесінде болады. Жеті жасынан өлеңге қабілеттілігін таныта бастаған. Өз бетімен араб, парсы, түрік, орыс тілдерін игеріп, шығыс, орыс классиктерінің шығармаларынан нәр алады.

Шәкәрім қазақ әдебиеті мен руханиятында Абай дәстүрін жалғастырып қана қоймай, оны жаңа деңгейде дамытқан тұлға ретінде айрықша орын алады. Абайдың ең жақын шәкірті әрі рухани ізбасары болған Шәкәрім өз шығармашылығында ұстазының негізгі идеяларын жалғастырып, халық санасын тәрбиелеуге бағыттады.

Ең алдымен, Шәкәрім поэзиясында Абай көтерген адамгершілік пен



ар-ұждан мәселелері терең көрініс тапты. Ақынның «Ар ілімі» еңбегі Абайдың «толық адам» концепциясымен үндес болып, әділеттілік, адалдық, мейірім сияқты моральдық құндылықтарды өмірлік қағида ретінде ұсынады. Бұл тұрғыдан алғанда, Шәкәрім Абай қалыптастырған адамдық идеалдарды нақты философиялық жүйеге айналдырды. Сонымен қатар, Шәкәрім Абай сияқты халықты оқу-білімге, ғылымға ұмтылуға шақырды. Оның «Жастарға» өлеңі жастарды ізгілік пен білім жолына үндеп, елдің болашағын ғылыммен байланыстырды.

Абай дәстүрінің тағы бір жалғастығы – аудармашылық қызметінде айқын байқалады. Шәкәрім Пушкин, Лермонтов, Толстой шығармаларын қазақ тіліне аударып, әлемдік әдебиеттің құндылықтарын қазақ оқырманына жеткізді. Сонымен бірге, ол Шығыс классикасынан «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасын аударып, ұлттық әдебиет қорына қосымша қазына қосты. Шәкәрімнің шығармашылығы – Абай дәстүрінің заңды жалғасы. Ол ұстазының ой-пікірлерін дамытып, қазақ әдебиетінде өзіндік философиялық мектеп қалыптастырды. Осы арқылы Шәкәрім қазақ руханиятының алтын арқауына айналды.

Шәкәрім 1879 жылы «Жастарға» өлеңін жазды. Онда көкірегі сезімді, ойлы жастарға Абайды жолбасшы, қараңғы кеңістіктегі жарық сәуле ретінде ұсынады:

Мынау Абай – бір ғалым жол шығарлық,  
Замандасы болмады сөзді ұғарлық.  
Амалы жоқ, айналды енді бізге,  
Күн туды етегіне жабысарлық. [2,33]

Ақын Абайдың кемеңгерлігін, даналығын, парасатын жоғары бағалап, жастарды сол биікке ұмтылуға үндейді. Қартайған шағында Шәкәрім баласы Ахатқа:

«Абай маған өлеңді қалай жазу керек, қандай өлең жазу керектігін айтып көп-көп кеңес, ақыл беретін. Мені Абай тәрбиеледі. Абай болмағанда, мұндай болуым неғайбыл еді», [1,157] – деп еске алады.

«Жастарға» өлеңі 89 шумақтан тұрады. Соның ішінде Абай есімі 7 рет аталады. Негізгі мақсаты – жастарды Абайдың сара жолымен жүруге шақыру. Білім мен ғылымды үйрену, адал еңбек ету, адамгершілік пен әділдікті ту етіп көтеру, надандыққа қарсы күресу – өлеңнің басты мазмұны. Алғашқы шумақтарында жастарды айласыз, қулықсыз адал жолмен мал табуға шақырса, үшінші шумақтан бастап, «Абайға барып, бізді түзеуін өтінейік» деп ойды поэтикалық өрнекпен жалғастырады. Бұл арқылы ол – Абайдан тағылым алып, адалдық жолынан айнымай өмір сүруді меңзейді.

Байладым белді бекем буайын деп,  
Жүректі адалдықпен жуайын деп.  
Талпынған мақсат іздеп мақрұм қалмас,  
Адамдық ғылым жолын қуайын деп [2,41] –

деп ақын өз өлеңін қорытындылайды.

Абайдың ең талантты ақын және әнші, суырыпсалмалығымен де көзге түскен шәкірттерінің бірі – Көкбай Жанатайұлы. 1880 жылы Көкбай істі болған кезде Абай өзі кепіл

болып оны босатып, ағалық қамқорлығын көрсетеді. Содан бері жиырма бес жылға жуық Абайдың жолдасы болады. Қысы-жазы Абайдың қасында жүріп, ауылға келсе үйінде бірге болып, ұстазынан айырылмаған ақын. Тіпті, Абайдың біраз өлеңі Көкбайдың атынан шығып отырған. Ол Семейде оқып жүргенде Әріп Тәңірбергенұлымен өлеңмен айтысып, соңында:

Семейге Абай келсе бізде думан,  
Ән салып босамаймыз айғай-шудан, [3,76] –

деп Абай мәжілісінен сыр шертеді.  
Көкбай сол өлеңінде:

Тарихтан неше түрлі Абай сөйлеп,  
Өзгелер отырады аузын буған.  
Бір барсаң мәжілісінен кеткің келмес,  
Хакімдей Аплатон аңырап тұрған, –

деп Абайды ойшыл Аплатонға теңесе, тағы бір өлеңінде:

Жәннәттә жаның болғыр, Абай құтып,  
Жанында бос жүріппін шатып-бұтып.  
Осындай ен дарияны жайлағанда,  
Ең болмаса қалмаппын қана жұтып, [3,83] –

деп өкінішін білдіреді.

Бұл өлеңдерден-ақ Абайдың білімдарлығы мен көрегендігі анық аңғарылады.

Көкбай естелігінде: «Абай Еуропа ғалымдарының ірі пәлсапамен жазылған кітаптарын оқығанда, өзінің басындағы ой-пікірлерінің ірге негізін аналарға оңай беріп жіберген жоқ. Жұртқа өсиет қылып, өзге сөзін мысал қылып сөйлегенде, әрқашан өз ақылының елегінен өткізіп алып айтушы еді», [4,176] – деп ұстазына баға береді.

Көкбайдың ақындық дарыны мен рухани қалыптасуында Абайдың ықпалы айрықша зор болды. Көкбай өз шығармаларында Абайды аса жоғары бағалап, оны қазақ халқының ұлы ұстазы деп таныды. Өлеңдерінде ұстазының асқан білімі мен даналығы «жарық дүние» ретінде суреттеліп, таусылмас бұлақтай бағаланады. Оның арнау өлеңдерінде Абайдың даналығы, әділеттілігі мен халыққа жасаған еңбегі терең сипатталады. Бұл тұрғыдан Көкбай – Абайдың мұрасын дәріптеп, оны келер ұрпаққа жеткізушілердің бірі.

Сондай-ақ, Көкбай Абайдың айналасында құрылған ақындық мектептің белді өкілі ретінде қазақ әдебиетінде өзіндік із қалдырды. Оның Абайға арналған жырлары ұстаз бен шәкірт арасындағы рухани сабақтастықтың айғағы болып табылады.

Қорыта айтқанда, Абай – ғажайып ақын, ұлы тұлға, қазақтың бетке ұстар алыбы. Шәкірттері де оны нағыз ұстаз ретінде мойындап, өз өлеңдері арқылы жастарды Абай жолына бағыттап отырды. Абайға арналған жырларды оқу арқылы біз де қазіргі өмірімізде ақынның сөзін үлгі етіп, әрдайым хакімге жүгінуіміз қажет. Абай – өз дәуірінде ғана емес, кейінгі ғасырларда да өлеңге арқау болған алып тұлға. Оның айналасында топтасқан шәкірттері



ұстазының даналығын жырға қосып, қазақ жастарына бағыт-бағдар берді. Шәкәрімнің Жастарға өлеңі мен Көкбайдың арнаулары – Абайдың адамзаттық биік болмысын, кеменгер ойшылдығын айқын көрсететін құнды мұралар.

Демек, Абайға арналған өлеңдер – ақындық мектептің ғана емес, тұтас қазақ руханиятының биік шыңы. Бұл арнаулар арқылы біз Абайдың шәкірттерін де, Абайдың өз ұлылығын да танимыз. Сондықтан Абайдың бейнесі әрқашан қазақ поэзиясының өзегі болып қала бермек.

### Әдебиеттер тізімі

1. Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ/ «Атамекен» сериясы. – Алматы: Раритет, 2007. – 448 б.
2. Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – А.: Жазушы, 1988. – 560 б.
3. Абайдың ақын шәкірттері. Қ. Мұхамедханұлы, – Алматы. РГЖИ «Дәуір», 1994 – 336 б.
4. Абай туралы естеліктер. 1 кітап. – Семей. – Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы, 2011.- 260 б.

**ҚАДЫЛБЕКҰЛЫ Ақжол**

*М. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі*

*Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі*

## **АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ РЕНЕССАНСТЫҚ СИПАТЫ**

**Андатпа.** Мақалада Абайдан кейінгі алғашқы кезең, ақын шығармаларындағы тарихи дамудың ерекшеліктері, отаршыл жүйе кезіндегі халықтың өмірі, Абайдың асыл мұрасынан сусындаған жаңа, жас жазба әдебиет өкілдері туралы айтылады. Отандық тарихымыз бен әдебиетімізде аса көрнекті орын алатын, қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалаушы данышпан ақынның әдеби мұрасы тек бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасы саналады.

**Кілт сөздер.** Абай, отарлау саясаты, алаштықтар, ақын, поэзия, мәдениет, әдебиет.

**Кіріспе.** Абай – жаңашыл ақын. Ендеше, ол өзінің бүкіл ақындық өнерінің өн бойында әдебиеттегі игі дәстүрді одан әрі дамытып, мазмұн мен пішіннің бірлігін мықтап ұстанды және іс жүзінде осының асқан үлгілерін өз қолымен сомдап соғып көрсетті. Бұл жолда Абай бәрінен бұрын қазақтың әдеби тілінің шынайылығын жан сала қорғады, өлең сөзінің әр түрлі «жамау-құраудан», баяғы «ескі бише бос мақалдап», құр босқа жан жалдап, тіл безеуден құтқарды, поэзияда тек қана «іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын келістірудің» жолдарын нұсқады, суреткерлік шеберлік «құпияларын» ашып көрсетті. Сөйтіп, пішіні келіскен әдеби шығарманың мазмұны тағы да халық тағдыры болуын қалады. Мазмұн мен пішіннің мұншалық әсем үндестігін қадағалаған Абай, әрине, мазмұнның пішіннен басымдығын (примат) жете аңғарды: «Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін...» **АҚЖОЛ** деді. Бұл да көркем творчествоның психологиясын аса талантты, нәзік әрі терең сезінуден туған тілек еді. Ал оның «құлақтан кіріп бойды алған жақсы ән мен тәтті күй» тарапындағы эстетикалық талғамдары мен толғамдары – өз алдына жеке зерттеуді керек ететін күрделі мәселе [1, 66]

Абай – ұлы философ. Еуропа мен Азияның өзге дамыған елдерінің ғұламаларындай оның философия ғылымымен тікелей жеке айналысуға мүмкіндігі болмады. Мыңмен жалғыз алысты. Қоғамдық ой пікірдің, әдебиет пен мәдениеттің, өнердің барлық саласында бірдей еңбектенді. Ол философияны жеке ғылым етіп талдамаса да өлеңдері мен барлық шығармаларында келтіріп, ой толғап отырды.

Абай орыстың ұлы ақындары Пушкин мен Лермонтовты ұстаз тұтты. Олардан үйренді, өлеңдерін аударды. Ұлыны ұлы аударғанда ғана аударманың төрт аяғы тең түсетінін танытты. Абай ақындық шеберлік жөнінде ұстаздарымен тең түспесе кем түскен жоқ. Ал, философиялық ой-пікір жөнінен ұстаздарынан басым түсті. Өйткені қазақ қоғамының даму сатысы ақынды соған мәжбүр етті. Ұстаздан шәкірт озады деген осы. Бірақ, Пушкин мен Лермонтов заманында қоғамдық ой-пікірдің дамуы салаланып, жүйеленген еді. Ғылымның әр саласымен айналысатын адамдар жеткілікті болатын. Абайды бар салаға да үлгеруге мәжбүр

еткен процесс орыс ғұламалары арасында туындаған жоқ. [2, 223]

Абай дәстүрі – біз сөз етіп отырған ақындық мектепті де ішіне сыйғызып жіберетін кең ұғым. Абай дәстүрі оның қасында жүрген шәкірттерімен шектелмейді. Қазақ әдебиетіндегі Абайдан кейінгі көрнекті тұлғалардың барлығы дәстүр жалғастырушылар десек, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин сынды әдебиет қайраткерлері осы лектің алдыңғы толқыны ғана. Демек, кең мағынада алғанда дәстүр жалғастырушылардың бәрі дерлік Абайдың ақындық мектебінің өкілдері болып табылады. Алайда, Абайдың ақындық мектебі деген ұғымды нақтылап, оның маңайындағы ақын шәкірттерімен байланысын алып қарастырғанда, ақындық дәстүрден де басқа, ұстаз бен шәкірт арасындағы күнделікті қарым-қатынастардың нақтылы көріністері бой көрсетеді. Яғни, Абай поэзиясының кейінгіге әсер-ықпалы деген мәселеден басқа, Абайдың тікелей тәрбиесі, ұстаздық ұлағаты, тіпті оның өлең жазуға баулу, үйрету қарекеттері айқындалды.

Абай дәстүрі деген зор арнаның мәнді саласы – Абай мектебін сөз еткенде, ұстаз бен оның шәкірттері арасындағы байланысты тек олардың поэзиядағы сабақтастығымен шектеп қою аз. Бұл мәселеде тұрмыстық қатынастардан бастап, өлең үйрену қағидалары, тақырып таңдау, өмірге келген шығармаларды әдеби ортада сыннан өткізу сияқты қарекеттермен жалғасып, одан туындайтын ұжымдық әдеби процесс сияқты құбылыстардың сырына үңілгенде ғана әдеби мектептің мәні айқындала түспек. Ақындық мектеп дегенде, ең алдымен, сол мектепті қалыптастырушы Абайдың рөлін, ұстаздық қарекетін айқындап көрсету шарт. Ұлы Абайдың ақындық әлеміне ой жүгірткен кезде, оның өз мұрасы немесе шығармашылық айналасы ғана емес, солармен бірге оның ұлттық поэзиямызға көзқарасы, қазақ өлеңінің болашақ даму арналары жөніндегі толғаныстары да түп-түгел көз алдымызға елестейді [2, 75]

**Негізгі бөлім.** Абайдың әдеби ортасы дегенде оны ақындық өнерге баулыған, рухани өсу жолында темірқазық бағдар бола білген ақын-жырауларды, би-шешендерді, кейіннен нағыз ақындық кемеліне жеткен тұлғаның өнеріне сусындап, әдебиеттегі дәстүрін жалғастырған ақын шәкірттерін, оның мұрасын халыққа насихаттаған өнерпаз буынды айтамыз.

Абайдың зор ақындық құдіретімен қоса, ақындар мектебін қалыптастырған ұстаздық қарекеті айқындалды. Ұстаз – Абай мен шәкірт ақындар арасындағы поэзиялық байланыс көздерін сөз еткенде, ең алдымен Абайдың эстетикалық талғамының бір көрсеткіші болып табылатын ақындық өнер туралы толғаныстары, соның ішінде әсіресе, ақын шәкірттерге, олардың туындыларына қарата айтылған сындарына назар аударылды. Абай сыны – оның ақындық қиялының көрінісі емес, өмірлік ұстанымдары мен күнделікті қарекетінің жемісі. Шәкәрім, Көкбай, Әріп сынды шәкірттерінің шығармаларын сынға алғанда Абай тек шәкірттерін үйретуші, түзеуші деңгейінде ғана емес, қазақ өлеңіне биік меже қоюшы, өзінен кейінгі әдебиетке жаңа, классикалық поэзияның үлгісін ұсынушы, ұстаз-ақын ретінде көрінді. Абайдың шәкірттерін сынауы, жеке бас мінездерін әшкерелеуі, өлеңдерін түзеп, қайта жазғызып, үлгі боларлық қып өзі шығарып көрсетуі сияқты құбылыстар – Абайдың ақындығымен қоса осы өнерге баулу, тәрбиелеу сияқты ұстаздық қарекетінің айқын көрінісі. Абай мен оның шәкірттері арасындағы поэзиялық байланыс, тек Абайдың біралуан өлеңдерінің шығуына түрткі болып қана қойған жоқ, ақын шәкірттердің ұстаз алдында ысылып, нағыз ақындық жолға түсуіне жол ашты.

Абай мектебі өкілдерінің айтыс жанрын игеруі қазақ әдебиетіне айтарлықтай жаңалық әкелді. Табан астында өлең құрап, суырыпсалама өнердің не бір түріне аса мән берген Абайдың



өзі де айтысқа бей-жай қарамаған. Бізге жеткен Қуандық қызбен сөз қағысы Абайдың айтысқа тікелей қатысын байқатқандай. Табан астында сөз құрап, айтысқа түскен шәкірттерін Абай күнделікті сынап отырды десе де болғандай. Әсіресе, суырыпсалма өнердің майталмандары – Көкбай, Әріптер Абайдың баулуымен, айтыс өнерін шебер меңгерді. Ал, айтысты көркем шығармаға айналдыру – Абай айналасына кең тараған көркемдік тәсіл десек, Шәкәрімнің, Турағұлдың, Әубәкірдің жанрлық жағынан қыз бен жігіт, мысал айтыстарына жататын өлеңдермен қоса, Әріп Тәңірбергенұлының «Тәуке мен Ұрқия», Уәйіс Шондыбайұлының «Тәуке мен Жікібай» сияқты айтыс үлгісі бар көлемді поэмалардың жазылуы – айтыс жанрының мүлде өзгерген көркемдік түрін ұсынды. Сондай-ақ, Әріпке қатысты «Біржан-Сара», Әсетке байланысты «Әсет пен Ырысжан» айтысы сияқты туындыларда айтыс өнерін жетік меңгерген ақындар ел аузында жұрнағы қалған айтыстарды көркем шығармаларына арқау етті.

Абай мектебіндегі тарихи шығармалардың бастауын Абайдың тарихқа қатысты еңбектерінен, ой-пікірлерінен іздеген жөн. Абайдың тапсырмасымен дүниеге келген Шәкәрімнің «Шежіресі», «Еңлік-Кебек» пен «Қалқаман-Мамыры», Көкбайдың Абылай туралы жырлары, Уәйістің «Жошы-Алаша ханы» ұстаз тапсырмасымен жазылып қана қоймай, Абайдың тарихи шығармаларымен байланысып, сабақтасып жатыр.

Абай көлемді тақырыптарды игертуде шығыстан келген нәзирагөйлік дәстүрдің соны үлгісін ұсынды. Басқаны қайталамайтын жаңаша идеялармен жазылған Абай поэмалары шәкірттер ізденісін тың жолға бастады. Бір тақырыпты бірнеше ақынның жарыса жырлауы Абай мектебіндегі шәкірттердің шабытын қамшылап, көркемдік биіктерге жетеледі. Сондай-ақ, Абайдың орыс пен батыстан алған жаңаша бір дәстүрін ең алдымен қасында жүрген шәкірттері қабылдап, дамытты. Оның көрінісі – Ақылбай, Мағауиялардың орыстың, батыстың үлгісінде жазған «байрондық поэмалар» табиғатына жақын романтикалық туындылары. Абай шәкірттері тарихи тақырып пен нәзиралық үлгіге барғанда Абайдың ұстанған идеялық позициясынан ауытқымайды. Ақындардың ұстанған мақсаты – адам бойындағы ізгілік пен зұлымдық, қатыгездік пен мейірбандық, махаббат пен ғадауаттың майдандасқан көріністері арқылы қоғамдағы әділетсіздікті әшкерелеу, сөйтіп соры қалың қазақтың көзін ашу сияқты хәкім Абайдың ұлы идеяларын жалғастыру.

Абайдың қазақ әдебиетіне әкелген кезекті бір жаңалығы – профессионалдық үлгідегі көркем аударма жанрын тудыруы десек, ол – аударма саласын қалыптастырып қана қоймай, бірден үлкен биікке көтере білген шебер аудармашы. Төл әдебиеттің ерекшеліктерін ескере отырып, орыстың ең таңдаулы туындыларын кереметтей шеберлікпен қазақша сөйлеткен ақынның құдіреті соңындағы шәкірттердің аңсарын өзіне аударып, бұл жанрдың сол ортада тез қанаттануына себепкер болды. Абай және оның айналасындағы аударма жанрының қалыптасып, келе-келе классикалық деңгейге жеткен туындылар Абай айналасында қалыптасып, қанат жайған қазақ әдебиетіндегі алғашқы аудармалар болуымен құнды.

Абай мектебіндегі ән, музыка өнерінің дамуы туралы айтқанда, алдымен музыкада Абайдың өзі жаңашыл болды. Ән өнері ақындықпен қатар жүріп, ақын сөзінің насихат күшіне қызмет еткендіктен, Абайдың ақын шәкірттерінің бәрі дерлік жақсы әнші бола білді. Абай мектебінің нағыз сегізқырлылық сипатын ескерсек, ақын әрі әнші және музыкалық аспаптарда шебер ойнаушы болған Абай маңындағы өнерпаз топ өз ортасындағы ән өнерінің жаңашылдық сипаттарын айқындай алды. Мұқа, Әлмағамбет, Мұхамеджан сынды әншілердің ақындық өнері аса байқалмағанмен, бұлар Абай әндерін насихаттаумен ерекшелене білді. Көкбай



ақындық пен әншілікті қатар ұстаса, Ақылбай, Турағұлдар бірнеше аспапта ойнай білген шебер музыканттығымен көзге түсті. Ал, Уәйіс пен Әсет айтулы әнші ғана емес, дәстүрлі ән өнерінің дамуына өз үлестерін қосқан композиторлар еді. Абай шәкірттерінің ішінде қазақ ән өнерін өзіндік бір белеске шығарып, жаңа әуен, тың мазмұн әкеле алған ақын Шәкәрім болды. Осылайша әр қырынан дамып, қазақтың музыка өнерінде өзіндік із қалдыра алған Абайдың әншілік мектебі – кемеңгер ақын тұлғасын айқындай түсер тағы бір керемет көрсеткіш.

Қазақ фольклорының тамаша білгіші Абай халықтық қара өлеңнің әдеттегі формаларын бұзып, ана тілінің күллі асыл қазынасын өз шығармашылығына сіңіре білді. Ол дүниежүзінің, ең алдымен орыстың классикалық әдебиетін терең зерттеу нәтижесінде қазақ поэзиясында бұрын болып көрмеген, соны формалар тудырып, жаңашылдыққа жол салды. Гүл жарған жазба поэзия өте-мөте кеңес дәуірінде ауыз әдебиетінің өрби өсуіне айрықша күшті әсер етті, халықтың жыр дәстүрлерін тал бойына таза сақтаған Жамбыл Жабаевтың күдіретті дарыны осыған айғақ.

XX ғасырдың басында Абай дүниеден өтті. XIX ғасырдың соңғы ширегінде өндірте өнер тудырған ұлы ақынның шығармашылық мұрасы бас-аяғы бүтін жүйелі дәстүр түрінде жиырмасыншының игілігінде қалды.

Және бір ескертіп айтатын жайт, Абай қаламынан туған асылдың бәрі бұл кезде қалың оқырман қауымның игілігіне айнала алмай, алтын сандық ішіндегі мүлік секілді, ақын дәптерінің ішінде қалып қойды. Абайдың сөзі түгіл өзінің аты да, маңайдағы қоныстас, қоңсылас өңірлер болмаса, қалың қазаққа мәшһүр болған жоқ.

Осының бір мысалы – Ахмет Байтұрсыновтың мынадай сөзі: «Мен Қостанайдан Омбыға қарай беттеп шыққан жолда, – дейді ол кісі,– Ақмола, Атбасарға дейін Абайдың атын естіген емес едім». Егер сол кездің ең сауатты, ең құлағдар адамдарының бірі Ахаң естімесе, одан арғы ел Абайдан мүлде хабарсыз болғанына күмән болмаса керек.

Оған ақынның мынадай өлең жолдары да куә. Алғаш рет өлеңнің аруағына жүгініп, «Патша құдай, сыйындым, тура баста өзіңе» – деп жалбарынғанда, ол өз сөзінің әзірше көршілес екі рудан аспағанын мойындай келіп, ал өз айналасындағы ағайындардың одан әлі түк түсініп болмағанына былай деп күйінеді:

Арғын, Найман жиылса,  
Таңырқаған сөзіме...  
Қайран сөзім қор болды  
Тобықтының езіне... [3, 56].

Сөйткен Абай дүниеден өткенде, ұлы ақыннан айырылған қазақ даласы аза тұтып, күңірене де алмай қалған. Абай қайтыс болғаннан кейін Әлихан Бөкейханов ақынның артында қалған мұрасын, өмірбаян мәліметтерін жинастырып, 1905 жылы, қаралы күннің бір жылдығында облыстық «Семипалатинский листок» газетінде кеңейтілген азанама (некролог) мақала жазды. Абайдың ата-тегін, өмір жолын, шығармашылық қызметін баяндады, қазақ халқының рухани өміріндегі тарихи орнын көрсетті.

Арада екі жыл өткенде, 1907 жылы Ә. Бөкейханов осы мақаласын ақынның суретімен қоса географиялық қоғам бөлімшесінің жинағына енгіздіртті. Сөйтіп, Абай есімі, Абай мұрасы өзінің туған халқынан бұрын Ресей қауымының зиялы өкілдеріне жетті. Ал ақынның қолжазба

дәптерлеріндегі асыл мұрасы тұңғыш рет кітап болып, осыдан екі жыл кейін, 1909 жылы ғана жарық көргені белгілі.

Абайды алғаш ашқан Ә.Бөкейханов болса, оның шығармаларын қазақ қауымына, қазақ оқырмандарының санасына алғаш жеткізген А.Байтұрсынұлы еді. Ол ақынның қайтыс болуының он жылдығына орайластыра, 1914 жылы өзі шығарып отырған «Қазақ» газетінің үш санында «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын бастырды.

А.Байтұрсынұлы онда, мақаланың тақырыбынан көрініп тұрғандай-ақ, қазақ тарихында Абайдан асқан ақын жоқ, оның сөзі өзгелердікінен ерекше терең мағыналы екенін, оны түсіну үшін ерекше зейін мен зерде керек екенін айтты. Одан кейін ақындық өнердің шарттарын санамалай келіп, сол шарттардың барлығы да Абайдың басында болғанын, сондықтан да оның мұрасы ерекше мәнді болып шыққанын түсіндірді. Қазақ халқы үшін бұл мұраның өлшеусіз өмірлік маңызы бар екенін басып айтты. «Абай сөзі дүниеде қалғаны қазаққа зор бак», - деп турасынан қайырды. «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек», - деп шегелеп санаға сіңірді.

Абайдың ақындық әлемі дегеніміз мағыналық ауқымы өте кең ұғым. Абай поэзиясы – өз заманындағы қоғамдық өмірдің ең көкейкесті, ең күрделі және маңызды мәселесін қозғаған, толғаған поэзия.

М.Әуезов: «Поэзияда, музыкада, қоғамдық-азаттық ой-пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінеді. Ол өз халқының ғасырлар бойғы мәдениетінің таңдаулы нәрін алды және бұл қазынаны орыстың және Батыс Еуропа мәдениетінің игі әсерімен молықтырды. Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр», – деп Абай әлемін паш етеді. Ұзақ кезеңдегі әдебиеттің болашақ арналары жайында кейбір қорытындылар жасауға негіз болады деп ойлаймыз.

**Қорытынды.** Біріншіден, Абайдан кейінгі алғашқы кезең, яғни XX ғасырдың алғашқы жиырма шақты жылы, әдебиет жедел дами бастаған жылдар болды. Оның шығармаларында сол тұстағы тарихи дамудың ерекшеліктері, халықтың өмірі, әлеумет мәселелері айқын із қалдырды.

Екіншіден, Патша тағынан тайдырылып, отаршыл жүйе ыдырай бастағанда, халқының ұлттық санасын бостандық, елдік, тәуелсіздік ұранымен қалыптастыру және өз билігін өзіне әперу жолындағы ұлы күрестің маңдай алдында, тәуекелі күшті, қауіп-қатері мол қанды майданның қалың ортасында Алаштан шыққан ақын-жазушылардың өздері жүрді.

Үшіншіден, Осындай қиын-қыстау кезеңде Абайдың асыл мұрасынан сусындаған жаңа, жас жазба әдебиет тағдыр мәндес тақырыптар тегеурінмен бірге есейіп, дамудың даңғыл жолына шықты. Абай ашып кеткен жаңа үлгілермен байып, көркемдік қазыналардың көкжиегін кеңейте түсті.

Төртіншіден, Ресейдің билік биігінде қос үкіметтің теке-тіресі азамат соғысының өртіне ұласып, қанжоса болып жатқанда, қазақ жерінде тәуелсіздіктің бір сәулесі жылт еткен тұста, Алаш ардагерлері Абай есімін азаткер халықтың алтын баулы туына айналдырып, аспанға көтерді. Халықтың өркениет жолымен ілгері басар бағдарына адастырмас құбылнама қылып ұсынды.

Біздің кәміл сенуіміз бойынша, барлық гәп – әр жазушының бойындағы шығармашылық



күш-қуатын ағытып сыртқа шығаратын бір-ақ кілт, бір-ақ кілтипан, бір-ақ сиқыр бар. Ол – ұлттық дәстүр, ұлттық ойлау, түйсіну, қабылдау, пайымдау машығы. Біздің қазіргі сәтімізге сәйкестеп айтқанда, біз үшін бір-ақ құбыланама – Абай дәстүрі.

Ақын мұрасы – халқымыздың сарқылмас асылы. Ол адам тіршілігінің сан-саласын қамтып, бүгінгі мен болашақты ұштастырған өміршендігімен, әмбебап әрқилылығымен қымбат.

Абай отандық тарихымыз бен әдебиетімізде аса көрнекті орын алады. Абай қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалады. Абай есімі дүние жүзі халықтары әдебиетінде Шекспир, Пушкин, Гетелермен қатар тұрады. Ақынның мол әдеби мұрасы тек бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасы саналады. Қазақтың ұлттық рухының өткен замандардағы қазынасында Абайдың ақыл-ойында сарапталып, сүзгіден өтпегені жоқ. Солардың ішіндегі құндылық атаулының бәрінің табы қалды оның жүрегінде. Демек, Абай дәстүрі дегеніміз – біздің бүгінгі әдебиет үшін барлық замандардағы ұлттық рухымыздың жинақталып, аршылған, тазартылып, ешуақытта азбастай, тозбастай болып сүрленген жентегі. Ұрығы десе де болар еді. Сондықтан да кешегі кеңестік дәуірде өнер тудырған қай данамыз, қай дарынымыз да өз шығармашылығында Абайға бір соқпай, Абайдан бір тағылым алмай, оған табынып, тағзым етпей кеткен емес.

Олай болса, ұлттық жаңа әдебиетімізде Абай орнықтырған сыншыл реализм әдісі ұлы ақынның өз мұрасы арқылы кейінгі ұрпаққа дарыған шығармашылық дәстүрмен шұрайланып, мүлде жаңа сапада дүниежүзілік дәрежеге көтерілген ұлттық көркемсөз өнерімізге нәр берген күдіретті күштің төркінін осы арнадан іздеуіміз керек.

Біздің күні бүгінге дейін рухани-әдеби саладағы шыққан биігіміз де, алған асуымыз да Абай дәстүрінің арқасы, соның жемісі.

Ақын мұрасы – халқымыздың сарқылмас асылы. Ол адам тіршілігінің сан саласын қамтып, бүгінгі мен болашақты ұштастырған өміршендігімен, әмбебап әрқилылығымен қымбат. Халық тарихи дамудың қаншама асуларынан асып, қандайлық биігіне көтерілсе де, Абай аты мен Абай сөзі әрдайым оның аузындағы жыры, көкірегіндегі иманы, санасындағы ожданы болып қала береді!

### Әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1982. – 366 б.
2. Ердембеков Б Абайдың әдеби ортасы және ақындық мектебі // Шәкәрім, 2013 №2, 43-45 б.
3. Құнанбаев А. Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1995. – 384 б.
4. Жетпісбай Ш. Абай (Ибраһим) Құнанбаев-қазақ халқының ұлы ақын-ағартушының туғанына 170 жыл. – Қарағанды: 2015. – 15 б.
5. Дербісалин Ә. Дәстүр мен жалғастық дәстүр және XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1976. – 246 б.
6. Базарбаев М.Көрікті ойдан – көркем сөз. – Алматы: Рауан, 1994 – 367 б.
7. Әбдіғазиев Б. Асыл арна – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 128 б.

**КУРМАНГАЛИЕВА Зулфия Кадылбековна**  
*«№26 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

## АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

**Аңдатпа.** Мақалада Абайдың өмір жолын тануды білімге, ғылымға негіздеу керек деген қағидасы талданады. Абай танымындағы рухани кемелдену мұратының мәні айқындалады. Аталған жұмыста Абай шығармаларындағы жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі сараланады.

**Кілт сөздер:** Абай, құндылықтар жүйесі, көзқарас, кемелдену, заңдылық.

**Abstract.** The article analyzes the principle of Abai that knowledge of the way of life should be based on knowledge and science. The essence of the ideal of spiritual perfection in the knowledge of Abai is revealed. In this work, the system of universal values in the works of Abai is differentiated.

**Keywords:** Abay, value system, attitude, maturity, legitimacy.

Абай – қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Абай шығармашылығы қазақ әдебиеті, мәдениеті, қоғамдық қайшылықтар, әділет, адамгершілік тақырыптарын кеңінен қамтиды.

«Иә, тыңнан тұңғыш жол салған тағдырдан қиын, одан даңқты еш нәрсе жоқ. Абай өтіп кеткен кісі емес, ол қазір гүлденіп өркендеген қуатты қазақ поэзиясының көш басында тұр», – дейді жазушы Давид Кугультинов. (Кугультинов Д., 1971:5)

Абай лирикасы – алуан сырлы, мазмұны жағынан бай, адам жанын тебіренерлік өте нәзік лирика. Абай өлеңінде артық сөз, орынсыз, пікір кездеспейді. Бәрі де бір белгілі өлшемге сай, терең ойға құрылған. Абай өлеңдерінің, философиялық қарасөздерінің тақырыбы жан-жақты. Ұлы данышпан өмір, қоршаған орта, болмыс сыр, олардың заңдылықтары туралы көп толғанды. Өзін мазалаған сауалдарға жауап табуға тырысты. Мен осы кіммін? Жан иелері өмірінің түпкі мәні неде? Барлық адам баласы, жан-жануарлар да тамақтанады, ұйықтайды, қорғанады. Сонда адам баласының басқа жан иелерінен айырмашылығы неде? Міне, әркімді де толғандыратын терең сырлы осындай сұрақтарға жауап іздейді. Сол сұрақтарға жауап береді. Ой тұжырымын жасайды. [Абайдың дүниетанымы мен философиясы, 1995:38]

«Адам өмірінің мақсаты – кемелдену мен жетілу», – дейді Абай. Абайдың айтуынша, жан жүректе орын тепкен. Жан адамның тыныс-тіршілігін, іс-әрекетін жүрек арқылы басқарады. Егер жан жетілмеген болса, онда адамның іс-әрекетінде де кемшілік болады. Ішкі дүниесі тазарып, жетілген адам ғана қателікке ұрынбай, өмірде дұрыс жолмен жүреді. Адам баласының бақытты өмір сүруі жүрегінің тазалығымен тығыз байланыста деген ой түйінін шығарады.

Абай өмір жолын тануды білімге, ғылымға негіздеу керек деген қағиданы ұстанады:

Дүние де өзі, мал да өзі,  
 Ғылымға көңіл бөлсеңіз.

[Абай, 1961:92]

Абай «көкірегі сезімді», ойлы ұрпаққа үміт артады. Жастық шақта әртүрлі өнер үйренуге талпыну қажеттілігін, уақытты бос өткізбеу керектігін ескертеді. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде:



Керек іс бозбалаға – талаптылық,  
Әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық.  
Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп,  
Сыртқа пысық келеді, көзге сынық.

[Абай, 1961:86]

Абай еңбекпен келген табыс адал жолға бастайды. Саналы оймен, ақылмен істеген іс нәтижелі болады деп санайды, оны:

Өзіңе сен, өзінді алып шығар,  
Еңбегің мен ақылың екі жақтап, –

дейді.[Абай, 1961:265]

Абай шығармалары өзінің құндылығын, тәрбиелік мәнін жоймақ емес. Ақын мұрасы – халқының сарқылмас қазынасы.

Асыл сөзді іздесең,  
Абайды оқы, ерінбе.  
Адамдықты көздесең,  
Жаттап оқы көңілге,–

деп Сұлтанмахмұт Торайғыров [Торайғыров,1987:131] жырлағандай Абай – білім мен тәрбие беруде біздің темірқазығымыз. Абай мұраларын жас ұрпақтың бойына сіңіру парызымыз. Мұхтарша айтсақ: «Абайды білмек керек ойлы жасқа...»

### Әдебиеттер тізімі

1. Абай. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы, Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы, 1961-694 б.
2. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. Алматы, 1995ж.
3. Кугультинов Д. Тыңнан тұңғыш жол салған. «Элиста», 1971ж.
4. Торайғыров С. «Сарыарқаның жаңбыры» Алматы: «Жазушы» баспасы, 1987.-160 б.

СЕРГАЗИН Айдар Элибекович

*Экскурсовод, Государственного заповедника-музея  
Абая «Жидебай-Бөрілі»***АБАЙ КУНАНБАЕВ – МУДРОСТЬ, ЧТО СОЕДИНЯЕТ ВРЕМЕНА**

**Аннотация.** Абай Кунанбаев – выдающийся поэт, мыслитель и просветитель, чья мудрость соединяет времена и поколения. Его духовное наследие отражает вечные ценности казахского народа – гуманизм, стремление к знаниям и нравственное совершенство. В музее Абая идеи великого мыслителя находят новое звучание: здесь сохраняется и передается его богатое культурное и философское наследие, вдохновляя посетителей на постижение глубины его учения и духовного мира.

**Summary.** Abai Kunanbayev was an outstanding poet, thinker, and educator whose wisdom connects times and generations. His spiritual legacy reflects the eternal values of the Kazakh people, such as humanism, the pursuit of knowledge, and moral perfection. In the Abai Museum, the ideas of this great thinker find a new dimension, as his rich cultural and philosophical heritage is preserved and passed on, inspiring visitors to explore the depth of his teachings and the spiritual world.

**Ключевые слова.** Любовь к Родине, гуманизм, стремление к знаниям, человеческие ценности, и нравственное совершенство.

**Keywords.** love for one's homeland, humanism, the pursuit of knowledge, human values, and moral perfection.

Абай Кунанбаев (1845-1904) – поэт, просветитель, философ, культурный реформатор Казахской степи. Его наследие – не просто историческая дань: слова и идеи Абая продолжают быть ориентиром для отдельных людей, целых поколений и общества в целом.

Имя Абая Кунанбаева навсегда вписано золотыми нитками в историю не только казахского народа, но и мировой культуры. Его жизнь и творчество стали примером для многих поколений. Для казахов Абай – то же, что и Пушкин для русских или Шекспир для англичан: символ духовной силы и культурного величия.

Абай родился в 1845 году в местности Сырт-Каскабулак Чингизской волости. Абай является значимой фигурой в истории не только Казахстана, но и ряда других стран. Он был сыном крупного казахского аристократа, благодаря его отцу ему удалось получить прекрасное образование. Абай изучал арабский, персидский, русский языки, а также классическую литературу Востока и Запада. Несмотря на традиционное образование, юный Абай не ограничился знаниями, полученными в медресе. С детства он стремился к знаниям, много читал и изучал произведения русских и восточных писателей. Абай читал произведения восточных мыслителей – Фирдоуси, Навои, Руми – и одновременно знакомился с русской литературой. На него оказали огромное влияние Пушкин, Лермонтов, Крылов, а также философы – Спенсер, Толстой. Это помогло ему стать человеком с широким кругозором. Несмотря на приверженность восточной традиции, Абай воспринимал западную культуру как источник новых идей и знаний, которые могли бы способствовать прогрессу и развитию



казахского общества.

Абай жил в период, когда казахское общество сталкивалось с мощным воздействием внешних сил, новых культурных и религиозных течений, изменением образа жизни.

Абай оставил после себя богатое литературное наследие: стихи, поэмы, философские размышления. Его поэзия – это не только красота языка, но и призыв к нравственности, честности, труду и знаниям.

Абай стал первым, кто открыл казахскому народу богатство мировой литературы. Он переводил Пушкина, Лермонтова, Крылова, а также произведения западных философов. Таким образом, Абай был не только поэтом, но и культурным мостом, соединяющим народы и эпохи.

В своих стихах и «Словах назидания» Абай учил людей трудолюбию, честности и стремлению к образованию. Он критиковал лень и невежество, призывал к справедливости и доброте. Сегодня в его словах ищут ответы и стар, и млад, и находят ответы каждый для себя.

Из книг и исследований известно, что Абай в своих «Словах назидания» поднимает темы: образование и саморазвитие – важность чтения, познания, формирования личности через знание; мораль, нравственность, справедливость – внутренняя честность человека, ответственность, умение отличать добро и зло; критика пороков – осуждение лени, невежества, невежественного лидерства, пустословия; национальное самосознание, любовь к родине – бережное отношение к культуре, истории, традициям казахов, но одновременно открытость к новому.

Наследие Абая – составляющая формирования интеллектуальной нации, познание Абая – это познание себя, развитие личности и общества. Слова Абая служат основой для воспитания патриотизма, чувства ответственности за страну, сохранения культурных и моральных ценностей.

Приведу несколько цитат и разберу, что в них такого, что делает их вне времени:

«Человек, запомнивший слова мудрых, сам становится благоразумным» – здесь акцент на активном слушании, памяти, применении. Это не просто пассивное знание, но и трансформация.

Из «Слов назидания»: «Человека, сбившего в споре с верного пути сотню людей, грешно даже сравнивать с теми, кто вывел на путь истины одного» – идея воздействия одного человека, маленькой правильной поступки – вечна.

«Не гордитесь, не найдя науки, не приспособливайтесь, не найдя места» – подчеркивание важности поиска своего пути, знания, и не идти на попятный даже когда сложно.

Имя Абая известно за пределами нашей страны. Это все благодаря Мухтару Ауэзову и его роману «Путь Абая». Во многих городах не только нашей страны, но и других стран установлены памятники Абаю. Его имя носят улицы, театры, университеты и библиотеки.

Абай видел в просвещении ключ к развитию народа. Его произведения включены в школьные и университетские программы. В честь Абая проходят различные конкурсы, викторины, квесты и т.д.

Абай в своих произведениях обращался прежде всего к молодым людям. Он говорил о том, что будущее народа зависит от того, насколько образованной и трудолюбивой будет молодежь.

Не случайно юбилеи Абая отмечаются на уровне ЮНЕСКО. Его произведения переведены на десятки языков, и каждый народ находит в них близкие и понятные истины.



Абай Кунанбаев навсегда останется символом мудрости, культуры и духовной силы казахского народа. Его наследие живет в сердцах людей, а его слова помогают нам строить будущее, основанное на знаниях, справедливости и доброте. Мудрость Абая – это живой источник, из которого черпают вдохновение и силу уже несколько поколений. Таким образом, мудрость Абая соединяет времена, укрепляя связь между прошлым, настоящим и будущим.

То, что соединяет времена в его мудрости – это:

1. Универсальные человеческие ценности: истина, добро, справедливость, труд, ответственность.
2. Глубокое понимание личности: как она формируется, через что проходит, что делает ее сильной.
3. Баланс между традицией и новшеством: уважение к прошлому, желание идти вперед.
4. Образовательный импульс: стремление к знанию как способу освобождения от невежества и ограничения.

Поэтому – понимать Абая, читать, обсуждать, применять его идеи - значит сохранять связь времен, не терять корней, но и двигаться в ногу со временем.

В заключении хочу отметить, что мудрость Абая и его «Слова назидания» навсегда останутся ориентиром в жизни людей со всего мира. Мудрость Абая Кунанбаева – это духовный свет, который не тускнеет с течением времени. Наследие Абая остается вечным источником вдохновения, объединяя поколения и сохраняя связь времен.

### **Список литературы**

1. Абай Кунанбаев. Слова назидания (Қара сөздер). – Алматы: Жазушы, 2010. – 240 с.
2. Абай Кунанбаев. Стихотворения и поэмы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 320 с.
3. Кенжебаев Б. Абай и казахская литература. – Алматы: Ғылым, 1971. – 276 с.
4. Нурлыбекова Ш. Философские взгляды Абая. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 198 с.
5. Касымжанов А. Абай и современность. – Алматы: Рауан, 1995. – 214 с.
6. Муканов С. Жизнь и творчество Абая. – Алматы: Жазушы, 1986. – 305 с.



**КУРМАНГАЛИЕВА Бакытгул Қадылбекқызы**

*«№8 жалпы орта білім беретін  
көркемдік-эстетикалық білім және  
тәрбие беру мектеп-кешесі» КММ  
директоры*

## **АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ - ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ**

**АНОТАЦИЯ:** Мақалада Абай шығармалары арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселелері қозғалады. Автор ақын шығармалары арқылы саналы ұрпақ тәрбиелейміз деген ой-тұжырымын жасаған.

**Anotation:** The article discusses the issues of educating the younger generation through the works of Abai. The author expressed the idea that through the works of the poet we will educate a conscious generation.

**Кілт сөздер:** тәрбие, ғылым, білім, құндылық, ұрпақ, қоғам.

**Key words:** upbringing, science, education, value, generation, society.

«Абай қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға, маңдай алды ақын екені, таңдаулы туындылары дүниежүзі поэзиясының озық үлгілерімен деңгейлес тұрғанын білген адамға айқын шындық. Сан ғасырлық бай поэзиясы, ел қамын жоқтаған жүздеген өрен жүйрік жырау, жыршы, ақындары бар қазақ әдебиетінде Абай орнының ерекше болуы тегін емес» деген еді Зәки Ахметов.

Абай – қазақ халқының ұлттық мақтанышы. Қазақтың ұлттық «Менін» әлемдік деңгейге көтерген ғұлама. Президентіміз Қ.К.Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетінде жариялаған «Абай – рухани реформатор» атты мақаласында: «Абайдың рухына тағзым ету – оның қағидатын ұстану, аманатына адал болу. Сонда ғана жас ұрпақтың санасына қастерлі құндылықтарды сіңіреміз... Ең алдымен, білім игеру. Біз бүкіл әлемді ақыл-ой мен парасатты пайым арқылы ғана мойындата аламыз. Заман талабына сай білім алу интеллектуалды ұлт қалыптастыруға жол ашады», – деп, Абай мұраларын насихаттауға шақырды. Мемлекет басшысы білім мен ғылым туралы сөз қозғағанда Абайды айтуы тегін емес. Абай даналығы заман талабына сай білім алып, интеллектуалды ұлт болуымызға жетелейді.

Абай: «Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық», – дейді. [1] Ғылым мен білімді барлығынан жоғары қояды. Адамды тәрбиелеуде қоғамдық ортаның да рөлі ерекше екенін айтқан. «Адамның баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның өзінің замандастарының бәрі виноват», – дейді. Абай сана-сезімді тәрбиелеп жетілдірудегі қоғамдық ортаның рөлін материалистік көзқараспен түсіндіреді.

Ақылмен ойлап білген сөз,  
Бойыңа жұқпас сырғанар.  
Ынталы жүрек сезген соң,  
Бар тамырды қуалар.

Адам бойында жақсы да жаман да қасиеттер болады. Сондықтан да Абай: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», – дейді. [1] Ақын үшін ар-ождан, адамгершілік пен адалдық маңызды мәселе. Ал арлы, адал адам ғылым – білімді игеріп, адал еңбек ету керек деген философиялық ой тұжырымын жасайды.

Түбінде баянды еңбек егін салған,  
Жасынан оқу оқып, білім алған.  
Би болған болыс болған өнер емес,  
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған, –

деп жастарға өнегелі жол сілтейді.

Жүсіп Баласағұн: «Адамға екі нәрсе тірек тегі: бірі – сөз, бірі – көңіл жүректігі» десе хакім Абай:

Білімдіден шыққан сөз,  
Талаптыға болсын кез.  
Нұрын, сырын көруге,  
Көкірегінде болсын көз, –

деп шығыс даналарының жолымен көңіл көзі ашық толық адам болуға ұмтылу керектігін айтады.[3]

Ұлт ұстазы, Алаштың аяулы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы Абайды танудың жолдарын ұсынған. Біріншіден, «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білуі керек», екіншіден, «Абай сөзі дүниеде қалғаны – қазаққа зор бақ. Бетін түзеп жөн сілтеген кісілерге де, сілтеген жолды түп-тура тапқан адамға да қазақ балалары талай алғыс берер», үшіншіден, «Абай шығармашылығы ұлттық сөз өнерінің тұтастай бір жаңа дәуірінің тың көркемдік-эстетикалық арнасының бастауы» дейді. Олай болса, бүгінгідей құбылмалы заманда замана көшіне ілесіп, адаспайтын сара жолды табуда Абай шығармаларының орны ерекше. Абайды таныту арқылы саналы ұрпақ тәрбиелейміз.

Абайды бүкіл әлемге танытқан Мұхтар Әуезов: «Абай – дария, мен сол дариядан шөмішпен қалқып қана алдым», – деген екен. Ендеше сол дариядан сусындап, шөлімізді қандыру біздің парызымыз.

Ақын мұрасы – халықтың сарқылмас қазынасы. Ұлт болып ұйысып, ел болып дамуымызға, адал адам болып қалыптасуымызға жол ашатын ақын шығармалары мәңгілік асыл мұрамыз.

### Әдебиеттер тізімі

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Жазушы, 2020ж.-128б.
2. Ахметов З. Кемел ақын, кемеңгер ойшыл. //Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1 том. Жазушы, 1995ж.-272б.
3. Жүрегімнің түбіне терең бойла. Алматы. Жазушы, 1995ж.



**АҚҚОЖИНА Рысгүл Маулетқызы**

*«№52 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ*

*директорның оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары,*

*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

## **АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ОҚУШЫ**

**Андатпа.** Мақалада автор қазіргі жаһандану дәуірінде бала тәрбиесіне тоқталады. Абайдың «Толық адам» ілімін қазіргі оқушының бойына сіңіре білу тетіктері нақты айтылады. Кітап оқуға құлқы жоқ баланы қалай оқытамыз? Деген сауалға өз тәжірибесінен мысалдар келтіреді.

**Annation.** In this article, the author addresses the issue of raising children in the era of modern globalization. The mechanisms by which modern schoolchildren assimilate Abai's teaching of «Perfect Man» (or «Complete Human») are clearly explained. How do we teach a child who does not want to read? The author provides examples from his own experience.

**Тірек сөздер:** Абай Құнанбаев, жаһандану дәуірі, бүгінгі оқушы, Толық адам ілімі, ата-аналармен жұмыс, кітап оқуға баулу, әдіс-тәсілдер.

**Keywords:** Abai Kunanbaiuly, globalization, modern students, Perfect Man philosophy, parenting, reading culture, teaching strategies.

Шығыстың ұлы ойшыл ғалымы Әл-Фараби: «Маған жас жеткіншектеріңізді көрсетсеңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін» – деген екен. Олай болса ұрпақ тағдырын ұлт тағдыры деп қарап, еліміздің дамуына өз үлесін қосатын азаматтарды тәрбиелеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Білімді адамдардан гөрі тәрбиелі, жүректі адамдарды тәрбиелеу, баланың жүрегіне баратын білім беру керек екеніне көзіміз жетіп отыр. «Жүрек – адам тәрбиесінің темірқазығы» – дейді Абай атамыз. Біздің міндетіміз – баланың бойындағы ерекше қасиеттерін табу, оны дамытуға, кемшіліктерін байқап, оған көмектесу. Бүгінгі оқушы жаһандану үдерісі өте күшті қарқынмен жүріп жатқан уақытта өмір сүріп жатыр. Жаһандану – біртұтас адамзаттық мәдениет қалыптастыру үдерісіне ілесу дегенді де білдіреді. Осы жаһандану заманында елін, жерін сүйетін, тілін, салтын құрметтейтін, жүрегі жылы, білімді ұрпақты қалай тәрбиелеуге болады? Жаһандануды әрбір ұлт немесе мемлекет өз болмысына қарай бейімдеп сіңіре алса қауіпсіз болары анық. Ал, өзге елден келіп жатқан көптеген жат ағымдардың, теріс идеологияның ықпалына қалай төтеп беруге болады. Бұл үшін, әрине, Абайға жүгінуіміз керек.

Абайдың «Толық адам» ілімі – бұл оның философиясындағы маңызды тұжырымдардың бірі және ол қазіргі қоғам үшін де өте өзекті. Бұл ілімнің маңызы өте зор, себебі ол адамның рухани, моральдық, интеллектуалдық және физикалық дамуын үйлесімді түрде қарастырады. Абай өз шығармаларында адамның толыққанды дамуына қажетті қасиеттерді атап көрсеткен. Оның көзқарастары қазіргі заманның талаптарына да сәйкес келеді. Бала тәрбиесінде темір қазық ретінде алуға болатын даналық ілімі.

Қазіргі оқушы қандай өзі?

Өзін жоғалтып алған бала көп, өзінің жан қалауын, шын қалауын саналы түсіне алмайды. Себебі, әлеуметтік желіде ақпарат көп, оған фильтр жасай алмайды. Сөйтіп, жалған әсіреқызылға әуес болады. Жасанды құндылықтарға әуес. Адамгершілік, ар-ождан туралы ойланудан қалды. Әр баланың арманы айфон ғана болып кеткенін көріп жүрміз. Әке-шешенің жағдайы келе ме? Айфон маған керек пе өзі? Оның пайдасы қандай? Мен онымен қандай жетістікке жетемін сияқты сұрақтар бүгінгі оқушыны мазалай ма?

Алайда, «Толық адам» ілімі бүгінгі таңда қалың көпшілік түгілі, зиялымын деген қауымға да түгел танылып болған жоқ. Көзі ашық ұстаздар қауымының өзі жетік біледі дей алмаймыз. Ал оқушының бас ұстазы – ата-анасы болса, ол қауымның өресі қандай екен?

Осы мақсатта «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» (АПҚО) республикалық жобасы аясында ата-аналарға арнап «Қиындық келсе, қарсы тұр, құлай берме» тақырыбында тренинг өткіздім. «Сөздің құдыреті» әдісімен басталған тренинг барысында ата-аналарға психологиялық және педагогикалық білім тәжірибе жүзінде берілді. Өмірдегі түрлі мәселелерді дұрыс қабылдау және сауатты шешуге арналған түрлі техникалар түсіндірілді. Ата-аналар пікірлерін ашық айтып, ой бөлісті. Күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттар талқыланды. Осындай тренингтердің жалғасын табуын және оқушыларға да жиі өткізіліп отыруына ұсыныс тастады.

Бір қынжылтқан жайт, «Абай Құнанбаевтың Толық адам ілімі жайлы білесіз бе?» деген сауалға 90 % ата-ананың «білемін» деп емес, «Білгім келеді» деп жауап бергені.

Толық адам болудың жолын Абай:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек.

және

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:  
Ыстық қайрат,  
Нұрлы ақыл,  
Жылы жүрек, –

деп көрсетеді. Оқушыға мен былай түсіндіремін: Нұрлы ақыл – білім. Ыстық қайрат – қажырлы, жүйелі еңбек, мақсаттарыңа ұмтылу. Патриотизм, елжандылық, ұлтын сүю, елін, жерін, тілін сүю, өз өміріне жауапкершілік алу. Жылы жүрек – адамгершілік, ар ілімін үнемі бірінші қою, жүректегі мейірімді жоғалтпау, материалдық дүниеге ғана байланбау, кешіре білу, қайырымдылық, рухани даму.

Трендтегі қазақша кітаптар арқылы түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Өздеріңіз білетіндей, қазір қазақ тілді аудиторияда пайдалы, қызықты, сауатты қазақша кітаптар көп. Бұл қуантарлық жайт. «Отбасы хрестоматиясы» баспасы шығарған қанша кітап та көрермен көңілінен шығуда. «Балалықтан даналыққа», «Бейсен және болмыс», «Қуыскеуде», «Құпия», «Екінші болма», «Мәдени майдан» сияқты кітаптарды өзім оқып қана қоймай, оқушылар мен ата-аналарды да тарттым. Ол үшін «Оқу оңай» деген ұранмен «15-ақ минут кітап оқы» әдісін қолдандым. Әдістің ерекшелігі мынада: күн сайын оқушы мен ата-анасы, үйдегі отбасы мүшелері 15 минутқа таймер қойып, кітап оқиды. Таймер шырылдап, дауыс бергенде, кітап оқу тоқталады. Әркім өз жұмысымен айналыса береді. Осылай 21 күн бойы жүйелі түрде жалғасады. Бұл не береді десеңіз, адам баласы 21 күн бойы бір әдетті жасай бергенде оның миы қалыптасатынын ғалымдар дәлелдеп қойған. Яғни, еш қинаусыз, мазмұнын сұрамай-ақ



21 күн 15 минуттан кітап оқып үйренген адам ары қарай өзі-ақ оқиды. Енді оған сұрақтар қойып, не түсінгенін сұраса әбден болады. Оқуды еш қиындатпау керек.

Не ұтамыз? Әрі кітап оқуға қызықтырамыз. Әрі Абайдың ізгілік ілімін тануға бейімдейміз. Бастысы, талдау барысында оқушы үнемі «Толық адам ілімі», «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» сынды ұғымдарды қайталап естиді, жадында бекітеді.

«Ыстық қайрат» ұғымын түсіндіру. Оқушы – толық қалыптаспаған тұлға. Сондықтан өміріндегі түрлі сәтсіздіктерге «сынып қалу» қаупі зор. Ақталмаған достық, тақтаға шығып сабақ айта алмай қалу, есеп шығара алмау, орысша/ағылшынша сөйлей алмау, алғашқы жауапсыз махаббат, ҰБТ сынағынан құлау, тағы басқа ата-ана мен сынып жетекші байқамайтын стрессері толып жатыр.

Осы орайда мен оларға Қуаныш Шоңбайдың «Құпия кітабынан» үзінді қолдандым: «Мынаны естен шығарма, сенің бүгінгі сәтсіздіктеріңе сен емес, сенің өткен шақтағы әрекеттерің кінәлі». Мысалы, бүгін тақтада есеп шығара алмай, күлкі болғаның, 2 тоқсан бойы математикаға көңіл бөлмей кеткеніңде деген сияқты.

Яғни, бала түсіну керек: бүгінгі кей әрекеттері ертеңгі сәтсіздікке апарар жол болуы мүмкін екенін. Бұндай мысалдарды кітаптардан көптен пайдалануға болады.

Абайдың «Толық адам» ілімін оқушыға тиімді оқыту үшін ұсынылатын тәсілдер:

«Толық адам» және бүгінгі оқушы» эссе байқауы; дебат немесе пікірсайыстар өткізу: оқушыларға «толық адам болу үшін не қажет?» деген тақырыпта талқылау ұйымдастырып, олардың ой-пікірлерін тыңдау. Бұл әдіс оқушылардың ақыл-ойын дамытуға, өз пікірін білдіруге мүмкіндік береді.

Кейіпкерлер бейнесін талдау: әдебиеттен бағдарлама бойынша өткен тақырыптарда кейіпкерлер бейнесін талдауда, олардың бойынан Абай айтқан қасиеттерді іздеу. Мысалы, «Батыр Баян» поэмасын талдағанда, Баян мен Ноянға мінездеме бергенде оқушылар біраз дауласты.

Интервью алу: оқушыларға «Толық адам болу үшін қандай қасиеттер керек?» деген сұрақтар қойып, олардың жауаптарын талқылау арқылы өздерін тануға көмектесуге болады.

Топтық жұмыс: оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа Абайдың «Толық адам» ілімі туралы бөлімдерді беріп, оны талдап, презентация жасауға тапсырма беру.

Инфографика: «Толық адам» ұғымын түсіндіру үшін инфографика жасап, әр компоненттің (ақыл, қайрат, жүрек) маңыздылығын көрсететін визуалды құралдар пайдалану.

Тренингтер мен психологиялық сабақтар: оқушылардың өз-өзін тануына көмектесетін психологиялық тренингтер мен сабақтар өткізу. Бұл сабақтарда оқушылар өздерінің ішкі әлемін, мақсаттарын және құндылықтарын түсінуге бағытталады.

Рөлдік ойындар: оқушыларға түрлі жағдайлар мен кедергілерді рөлдік ойындар арқылы шешуге тапсырма беруге болады. Мысалы, олар өмірдің қиын сәттерінде қалай шешім қабылдайтынын немесе жақсылық пен әділдікті қалай жүзеге асыратынын көрсету.

Күнделік жүргізу: әр оқушыға өзінің өмірінде кездескен қиындықтарды немесе жақсы қасиеттерін көрсету үшін күнделік жүргізу немесе әр апта сайын «Мен толық адам болу үшін не істедім?» деген сұраққа жауап беру сияқты тапсырмалар беруге болады.

Абайдың цитаталарымен жұмыс: оқушыларға Абайдың өз шығармаларынан қызықты цитаталарды ұсыну және оларды талқылау. Мысалы: «Ақылмен ойлап, қайратпен іске асырып, жүрекпен ұқыпты болу – толық адамның белгісі» деген ойды түсіндіру.

Абайдың қара сөздерін талқылау: Абайдың қара сөздерінен үзінділер келтіріп, олардың бүгінгі өмірмен қалай байланысатыны туралы әңгімелеу.



Оқушылармен өткізген тренингтер, дөңгелек үстелдер, әңгімелер. Оқушыға өзінің қалауы мен даралығын, қабілеті мен мүмкіндігін ескеруге үйрету мақсатында өткіземін. Сонда ол өмірінде дұрыс шешім қабылдауға үйренеді. Көп жағдайда қазақ ұлтты оқушыларда шешімді өзі емес, іштегі үрей мен қорқынышы қабылдап жатады. Сенімсіздік, үрей, күмән, түрлі қиындықтар қорқынышқа негізделген. Алдына қойған мақсаты айқын оқушының санасына дұрыс ойлар мен батыл идеялар, шешімдер келіп тұрады.

Мысалы, 9-сыныптың оқушысы қай колледжге баратынын не 10-сыныпқа қалатынын шеше алмайды. 11-сынып түлегі оқу жылының ортасына дейін ҰБТ сынағындағы таңдау пәнін шеше алмай, мың құбылады.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні», Толық адам ілімі – Абайдың өзіне дейінгі адамгершілік іліміне сүйеніп тапқан, өзі жырлап, өзі негіздеп жасаған төл танымы. Бұл ілім бүгінгі қоғамдағы адамның рухани дамуы үшін аса маңызды. Толық адам ілімінде білімге, ақыл-ойдың дамуына ерекше назар аударылады. Абай білімі жоқ адамның толық адам бола алмайтынын айтады. Білім адамды ақылды әрі жан-жақты етеді, оның өмірге көзқарасын тереңдетеді. Әр адам өз білімін жетілдіріп, жаңа нәрселерді үйренуге ұмтылуы қажет.

Бүгінгі оқушының толық адам болуы үшін тек академиялық білім алуы жеткіліксіз, оның рухани жетілуі, жан-жақты дамуы да қажет. Оқушылардың жеке тұлғасын дамытуда Абайдың шығармаларын жүйелі түрде пайдалану қажет. Әрбір адам Абайдың философиясын өмірінде қолдана отырып, өз жолын табуы тиіс.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қойшығарина, А. Қ. (2023). Абай шығармаларындағы «Толық адам» ұғымы. Тіл мен әдебиет теориясы, стилистика, көркем мәтін (pp. 96-100).
2. Картаева, А., Искакулы, Д. (2023). Абайдың «Толық адам» тұжырымы. Кегуен, 80(3), 63-72.
3. Сыздыкова, Д. Т., Ташимова, А. Т. (2021). Жаһандану дәуіріндегі Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасы. Аль-Фараби, 74(2).
4. Косымова Г. (2022). Абайдың толық адам тұжырымының бастау көздері. Вестник университета Ясави, 3(125), 7-19.
5. Әліпхан М. (2022). Абайдағы Толық адам танымы. М.Мырзахметұлының ғылымдағы зор жаңалығы. turkology, 110(2), 9-30.



## МАЗМҰНЫ

### Құттықтаулар

|                   |   |
|-------------------|---|
| А.Балаева .....   | 5 |
| Ұ.Сағадиев .....  | 6 |
| Д.Орынбеков ..... | 7 |
| Ж.Әубәкір .....   | 8 |

### Баяндамалар

|                                                                                   |    |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----|
| А.Еспенбетов. Абай және Алаш .....                                                | 10 |
| Т.Жұртбай. Шынжүрек—біржүрек.....                                                 | 13 |
| N.Biray. Türkiye 'de abay künanbayuli üzerİne yapılan çalışmalara bİr bakış.....  | 21 |
| Е.Тілешов. Абайдың шығармашылық интуициясы.....                                   | 35 |
| Р.Эрмерс. Абайдың қара сөздерінің голланд тіліне аударма тәжірибесі туралы.....   | 48 |
| Е.Тоқтарбай. Абай поэзиясындағы «Оян» тақырыбы: мотив және индекск омпоненті..... | 49 |
| Қ.Қиықбай. Абайдың қуғындалған ұрпақтары .....                                    | 52 |
| Б.Уахметова. Абайдың музыкалық мұрасы .....                                       | 60 |
| Г.Бейсембинова. Абай оқыған кітаптар .....                                        | 65 |
| М.Булаткерев. Өлеңге арқау болған алып Абай.....                                  | 67 |
| А.Қадылбекұлы. Абай шығармашылығының ренессанстық сипаты.....                     | 71 |
| З.Курманғалиева. Абай шығармаларының тәрбиелік мәні .....                         | 77 |
| А.Сергазин. Абай Кунанбаев – мудрость, что соединяет времена .....                | 79 |
| Б.Курманғалиева. Абай шығармалары – тәрбиенің қайнар көзі .....                   | 82 |
| Р.Аққожина Абайдың «Толық адам» ілімі және бүгінгі оқушы.....                     | 84 |

# Абай музейінің хабаршысы

## №1-2 (33), 2025 жыл

### РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

**ЕСПЕНБЕТОВ Арап,**

ф.ғ.д., профессор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері.

**ЖАНБОЛАТОВ Молдабек,**

ҚР оқу-ағарту ісінің озаты, ҚР Журналистер одағының мүшесі, Абай және Ақсуат аудандарының Құрметті азаматы.

**КӨРІПЖАНОВ Отантай,**

«Абай Құнанбаев» қоғамдық қорының Президенті, Абай ауданының Құрметті азаматы.

**КАРИМОВ Мұхтарбек,**

т.ғ.к., профессор, «Shakarim University» КеАҚ-ның М.Қозыбаев атындағы тарихи зерттеулер ғылыми орталығының директоры.

**ЕРДЕМБЕКОВ Бауыржан,**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.

**СМАГУЛОВА Ақмарал,**

«Shakarim University» КеАҚ-ның «Абай және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты.

**КАСЫМОВА Асем,**

PhD доктор, Қауымдастырылған профессор, «Shakarim University» КеАҚ-ның Білім берудің жоғары мектебінің деканы

**МЕРЕЙ Қарт,**

Абай атындағы облыстық әмбебап кітапханасының директоры, ақын.

### ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОРЫ:

**ЕЛЕКЕНОВА Раушан**

### ТЕХНИКАЛЫҚ РЕДАКТОРЫ:

**ЖАҚЫПЖАНОВА Әсем,**

**АМАНТАЕВ Ержан**

### КОРРЕКТОР:

**БЕЙСЕМБИНОВА Гүлназ**

**ҒАЛЫМБЕК Дильназ**

---

«Абай музейінің Хабаршысы» журналы  
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрлігінде 2010 жылы 11 мамырда тіркелді.  
Қуәлік: №10934-Ж

---

Журналда жарияланған материалдарды көшіріп  
басқандар қайдан алғанына сілтеме жасауға міндетті.  
Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын  
білдірмейді. Авторлар қолжазбасы өңделеді және кері  
қайтарылмайды.

Басуға 15.08.2025 ж. қол қойылды.

Қалпы – 84x108<sup>1/16</sup>.

Таралымы – 300 дана

ЖК «Құдайбергенов»

Абай облысы, Семей қ., Гоголь көшесі, 89 үй